**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министірлігі**

**А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік универстеті**

**Психология және педагогика кафедрасы**

# ПСИХОЛОГИЯ ТАРИХЫ

**Пәннің оқу-әдістемелік кешені**
**5В050300 - Психология**

**Қостанай, 2012**

**Құрастырушы**
Айткужинова С.Н.

Психология және психология кафедрасының отырысында қарастырылып ұсынылған
11.06. 2012г. хаттама № 5

И.Пархоменко

Гуманитарлық-әлеуметтік институтінің әдістемелік кеңесімен қабылданды
26. 06. 2012г. хаттама № 6

Әдістемелік кеңесінің төраймы О.Ельчищева

# ПОӘК-нің мазмұны

| № п/п | Құжаттардың тізімі | Ескертулер |
|---|---|---|
| 1 | Типтік оқу бағдарламасы (көшірме) | * |
| 2 | Пәнні жұмыс оқу бағдарламасы | * |
| 3 | Студенттер үшін пән бойынша оқу бағдарламасы (Syllabus) | * |
| 4 | Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру графигі | * |
| 5 | Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етуінің картасы | * |
| 6 | Дәріс кешені (дәріс тезистері, ұсынылған әдебиеттер тізімі ) | - |
| 7 | Практикалық сабақтарының жоспарлары | * |
| 8 | Пәнде оқу үшін әдістемелік ұсыныстар | * |
| 9 | Типтік есептер, зертханалық жұмыстар, есеп-графикалық жұмыстар, курстік жұмыстар үшін әдістемелік ұсыныстар | Курстік жұмыс МБС-ті жәнежұмыс оқу жлспарымен бекітілмеді |
| 10 | Студенттердің өзіндік жұмыстар үшін мәліметтер Материалы для самостоятельной работы студентов | * |
| 11 | Оқушылардың оқу жетістіктерді бағалау және бақылау үшін мәліметтері | * |
| 12 | Оқу сабақтарының бағдарламалық және мультимедиялық қамтамасыз етуі | - |
| 13 | Арналған дәрісханаларды, кабинеттердің, зертханалардың тізімі | * |
| 14 | Студенттер үшін арналған ПОӘК | * |

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті» РМК

Гуманитарлық - әлеуметтік факультеті

**БЕКІТЕМІН**

Оқу және жаңа технология бойынша оқыту жұмыстарының проректоры

___________________Ф.Майер

_____._________2013 ж.

Психология және педагогика кафедрасы

# ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
**(Syllabus)**

| | |
|---|---|
| пән | Психология тарихы |
| мамандығы | 5В050500 – Психология |
| барлық кредит | 3 |

Қостанай, 2013

Оқу жұмыс бағдарламасын Айткужинова С.Н., аға оқытушы. құрастырған.

_____________________2013 ж.                                        _________________

Психология және педагогика кафедрасының отырысында қайта қаралған және ұсынылған
___________________2013 ж.     № ___ хаттама

Кафедра меңгерушісі _____________ Л.Урдабаева

Гуманитарлық- әлеуметтік факультеттің әдістемелік кеңесінде мақұлданған
_____________________2013 ж.   №___   хаттама

Әдістемелік кеңестің төрағасы/ төрайымы _____________ О.Ельчищева

**1 Пән бойынша мәлімет**
Пән атауы: «Психология тарихы».
«Психология тарихы» пәні кәсіптілік пәндер циклына жатып, таңдау компонент болып табылады.

**Пәннің сипаттамасы**

Бұл курс психология тарихының негізгі кезендерімен таныстырады, даму сатыларында болған өзгерістерге сипаттама беріп, психологиядағы негізгі теоретикалық бағыттарын ашып көрсетеді.

**Пәннің пререквизиттері**

1 Философия

**Пәннің постреквизиттері**

1 Жалпы психология
2 Тұлға психологиясы

**Пәннің мақсаты мен міндеттері:**

Пәннің мақсаты – психология тарихы бойынша білім жүйесін қалыптастыру.
Пән міндеттері:

- психология тарихын психологиялық ғылым ретінде зерттеуінің мәнін ашу;
- психологиының негізгі даму сатылары туралы білімдерін қалыптастыру;
- психология зерттеу пәннің өзгеруі туралы ілімдерді қалыптастыру;
- психологиядағы теоретикалық бағыттары туралы білімдерді қалыптастыру.

**2 Пәннің мазмұны**

**1. Психология ғылымнның даму кезеңдері**

1. 2500 жылға созылған көш басы Аристотельден басталған жандүниесі жайлы түрлі ой-пікірлердің тууы.
2. 1879 ж неміс ғалымы В.Вундт Лейпципте тұңғыш лабараторияның ашылуы.
3. 30-35 ж советтік жалпы өрбуі болды.

Психологияның ғылым ретінде пайда болуына физиологиялық зерттеулер тәжірибесінің маңызы зор. Яғни 19-шы ғ. басында сезуші және қозғаушы нервтерді ашуға әкелді. Жаратылыс танудың ғылымының, 19 ғ. одан әрі дамуында Ч.Дарвиннің жасаған эвалюциялық ілімі үлес қосты. Г.Спенсер (1820-1903)бұл ойды дамытты.1834 ж Э.Вебердің «сипап сезу туралы» еңбегі шықты.Онда,тері сезгіштігіне зерттеу жүргізіп,түйсіктің заңдылықтарының бірі-ажырату табалдырығын ашты.

Ал, Г.Гельмгольцтің зертеулері бойынша нервтік импульстерді өткізудің жылдамдығы психикалық процестердің кеңістікте өтетінін көрсетеді. Жалпы даму тарихы Герофия, Гипократ, Голлен, Гобсс, Сипнозе, Дидро, Вольф т.б. оқымыстылардың есімімен тығыз байланысты.

**2. Ресейде психологияның дамуы**

Ресейде отандық жалпы ғылыми негіздері 19ғ. ортасында ғана қолдана бастады. Яғни 19-шы ғ. 60-70-ші ж.материалистік философия мен идеялистік философияның арасында болған күрес жалпы белгілі әсер етті. И.М.Сеченов материалистік ағымды, ал К.Д.Кавелин идеалистік ағымды жақтады. И.М.Сеченовтың «бас миының рефлекстері»деген еңбегінде 1863 ж «өмірдің сапасы және сапасыз актілерінің барлығы шығу тегі жағынан рефлекстер»деген қорытынды берді.

Ұлы орыс педагогі К.Д.Ушинский «Адам-тәрбие пәні»1867ж. атты еңбегі шықты. Жалпы оқу тәрбие жұмысына мейлінше мол қолданып, педагогикалық психологияның негіз салды. Социалистік қазан төңкерісіне дейін Ресейде психологиялық ағымдардың ішінде көрнекі орын алған метофизикалық психология Франк, Лосский болғанымен,тәжірибелік психология дамуы өрлей түсті. (Челпанов, Ланге, Лазурский т.б.). Сонымен қатар И.П.Павловтың *шартты рефлекстер* туралы еңбегінің мәні зор. Сондай-ақ, А.И. Герцен, К.Г. Белинский, А.Н.Радищев т.б. орыс ойшылдары болды.

**3. Қазақстандағы психологияның дамуы.** Жан дүниесінің сыры жайлы дәйекті пікірлерді қазақ ойшылдары да айтқан. Яғни мақал-мәтелдер, фольклорда жиі кездеседі. Мәселен, жан «бар жерде қаза бар», «Тәні саудың жаны сау» осындай мақалдарда жан мен тәннің ара қатынасын байқау қиын емес. Көшпелі ата-бабаларымыздың жан дүниесінің сырларын Асанқайғы, Шалкиіз, Жиембет, Ақтамберді, Бұхар т.б. жырауларынан көреміз.

*С.Торайғыров*: «Жан мен тән ылғи да бірлікте байланысты болады»деді. Яғни материалистік қорытынды берді. Қазақстанда жалпы ой-пікірлер Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев есімдерімен тығыз байланысты.

*Ш.Уалиханов*: қазақ жұртының сана-сезімімен дүние танымдық көзқарасты зерделей отырып, осы халықтың рухани дүниесі жайында бағалы еңбектер жазды.

Ал, *Ы.Алтынсарин*: халықтың тіршілігі мен әралуан әдет-ғұрпы және салт-санасы жайлы этнографиялық еңбектер жазды.

*Ш.Құдайбердиев* те 1858-1931 ж «жан тәнге, ақыл жанға маталып тұр» деп айтқан.

*М.Жұмабаевтың* «Педагогтка» еңбегіндегі 2-ші тараудың өзекті мәселесі болып жан тәрбиесі атты еңбегі болды. Онда жан көріністерін топ-топқа бөлу, ішкі сезім яки көңіл көріністерін қарастырды.

Сондай-ақ *А.Құнанбаевтың* қара сөздерінен, өлеңдерінен адамның мінез-құлықтарын, іс-әрекетін,адамгершілік қасиетін және сана-сезімінің қалыптасуын бейнелеген.

Ал, Ж.Аймауытов 1924-1929ж психолог ғалым болып шашылды. Оның «Тәрбие жетекші», «психология», «жан жүйесі және өнер таңдау» т.б.еңбектері болды. «психология» атты кітабы 12 тарау,102 параграфтан тұрды. Оның психология ғылымында сөз еткен тақырыбы негізінен жеке адамның даралығы, мінезі, темпераменті.

**4. Қазіргі кездегі жалпы ғылымның дамуы.**

Батыстық психологияның бүгінгі дамуындағы бағыттарына сүйенсек: ашық дағдарыс кезеңдерінде пайда болып, кейін елеулді өзгерістері ұшырады. (необихевиоризм,нефрейдизм,гештальпихология) яғни, 60 жылдардың басында. Әрекет – қылық пен психиканы түсіндірудегі теориялық ішкі қайшылықтар олардың негізгі бастау позицияларын қайта қарастыруды ьалап етті. Бұл дағдарстың аса мәнді бір себебі – *экспериментальды зерттеулер мен теориялар* саласында жаңа өнімді көзқараас, бағыттардың туындауынан болды: танымдық іс-әрекет зерттеулері аймағында – *когнитивтік психология, гуманистік психология*, ми жөніндегі ғылымдар шеңберінде адам санасын зерттеуге орай-*нейрофизиология, нейроморфология, нейропсихология,* сонымен тағы бір бағыт- *адам психологиясы* еді. Мәселен: *Когнитивтік психология* – 60жылдардығ аяғында АҚШ-та бұл бағыт бихевиористердің әрекет-қылық талдауында психологиялық элементтерді елемеуі мен танымдық дамуды ескермеуіне қарсылық білдірумен ғылым саласына келген еді. Когнитивтік психология не бихевиористер зерттеулерінің нәтижесінде пайда болып, белсенді мағлұмат жинау мен ақпарат өңдеуші адам оргазимі жүйелі құрылым деген танымды әрі жалғасытырады, яғни адам әркилы ақпараттарға ықпалды әсер етуге қабілетті: бөтен таңбалар формасына келтіре алады, одан әрі өңдеу үшін өз қажетіне керек ақпаратты бөліп алады немее керексіз мәліметті жүйеден бүтіндей аластайды. Когнитивтік психологияның көрнекті өкілдері Дж.Брунер, Д.Норман, Л.Фестингер, Ф.Хайдер, У.Найсер, П.Лиднсей, Г.Саймон. Бұл бағытың бұл күнде бірнеше салалары бар. Солардың ең таңымалы –есептеу варианты, мұнда танымдық процестер шектен тыс механистік неізде түсіндіріледі: психика сигналдарды өзгеріске келтіруші тұрақты қабілетке ие тетік күйінде қарастырылады. Әсіресе таным процесіндегі ішкі когнитивтік құрылымдар мен ізденуші организм белсенділігіне аса мән беріледі. Когнитивтік психологияның негізгі зерттеу аймағы танымдық процестер –ес, тіл мен сөздің психологиялық қырлары, қабылдау, ойлау, зейін,қиял және танымдық даму. Бұл таным психологиясының әдістері жеке адамның көңіл - күйі мен себеп – түрткілері, сонымен әлеумет психологиясын зерттеуге де қолданылды.

**5. Психология ғылымының негізгі бағыттары**

Когнитивтік психологияда танымдық процестерді жете түсіндіре алған тұтас бір теория қалыптаса қоймады. Субъект проблемасынан алшақ тұрумен, когнитивтік психология психикалық әрекеттің иесі деп әсерленген бір дерексіз бастаушыны (гомункулюс) мойындауына мәжбүр болды.

Бихевиоризм мен психоанализ теорияларына тікелеі қарсылығымен танылған ірі бағыттардың бірі – *гуманистік психология.* Гуманистік психологияның негізін қалаушылардың алдына қойған мақсаты- бихевиоризм мен психоанализді дәріптеушілердің адам мәселесіндегі ауытқуларын орнына келтіріп, шындыққа жақындау, өміршен психологияны таңдап алу еді. Олардың тадауындағы жеке адам мақсаты- өзін-өзі кемелдендіру және мүмкіндіктерін өз күшімен ашып, жая білу. Көрнекі өкілінің бірі Абрахам Маслоу. Ол жеке адам психологиясын есі ауысқандарды зерттеумен білу мүмкін еместігін айтты. Маслоу адам іс-әрекетінің, адамның мінезі мен қылығының негізі сол адамның өзін-өзі таныту мен өз мүмкіншіліктерін ашуға деген ынта-ықласында деп есептеген. өз мүмкіншіліктерін ашуға қажеттілік бірнеше қызметпен байланысты. Біріншіден, мұндай гуманистік қажеттілік адамдарға, қоғамға тек жақсылық келтіруге ұмтылу ( адам табиғатынан қайырымды ). Екіншіден, адам өз болмысына орай кемелденуі тиіс, яғни адам өзінің барша мүмкіндіктері мен қабілеттерін орнымен пайдаланып, өзіне жүктелген жоғары адамгершілік борыштарды атқаруға міндетті. Ал

мұндай міндетті атқару қажеттілігі, Маслоуше, тек дені сау, салауатты адамдарға тән. Есі кеткендер мен жүйе сырқатына шалдық-қандар өз алдына мұндай талап қоя алмайды.

Маслоу бірінен біріне күрделене ауысып отыратын адам қажеттіліктерін жіктеп көрсеті: физиологиялық қажеттіліктері, қорғаныс қажеттіліктері,қоректағамдық қажеттіліктері, адамгершіл қажетсінулер, шындық, қарапайымдылық,әділдікті керек ету. Әрине, ол қажеттіктердің әлеуметтік қорына мән бермеді.

Маслоу теориясының кемшілігі: оның биологизаторлық пікірден аса алмағандығында. Адамгершілік, этикалық қасиеттерді тума құбылыс деп тану – биологизациялық дағдарысқа тірелудің басы.

Психология ғыдымының дамуына орыс психологтарының еңбектерінің тоқталсақ: А.Г.Коволевтің «жеке адамның кісілік ұғымы» 1970 ж А.А.Смирновтың «ес психологиясы» 1966 ж. Б.Г.Ананьев,Л.С.Выготский, Л.И.Гальперин, А.К.Запарожец, А.Р.Лурия т.б.үлес қосты. Психологияның проблемалары Мәскеуде, Киев, Тибилисидегі ғылыми зерттеу институттарында, университеттеріндегі арнаулы кафедраларында зерттелінуде.1957 ж бастап психологтардың Бүкілодақтық қорлары жұмыс істей бастады. 1946 ж Логика және психология пәндерін оқыту мәселесі қаралды. Яғни орта мектептерде.

Қазақстан жерінде 1986 ж С.Мұқановтың «ақыл-ой өріс Т.Тәжібаевтың субъектеріндегі» республикамыздағы кадрлар, психологтар дайындау жөнінде мәселе көтерілді. Осы салада, еңбек сіңірген ғалымдарымыз аз емес. Ә.Темірбеков; С.Балаубаев; Ә.Сыдықовтың; Ш.Әлжановтың педагогикамен араластыра жазған еңбектері болды. Сондай-ақ, Қ.Жарықбаев; Н.М.Итбаевтың т.б. еңбектерінің мәні зор.

Соңғы уақытта «Этнопсихология» мәселесін алға қойылуда.

Соңғы жылдары спорт, заң, әлеуметтік, медициналық жалпы салаларында да түрлі мәселелер зерттелуде. Мәселен, спорттағы сәтсіздіктің психологиялық себептертері т.б.

**3 Ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

**Негізгі:**

1. Выготский Л.С. Вопросы теории и истории.,1982
2. Гальперин История психологии 20 века., 2002
3. Ждан А.Н. История психологии от античности к современности. – М., 1997
4. Лихи Т. История современной психологии.- 2003
5. Лучинин А.Н. История психологии., 2005
6. Марцинковская Т.Д. История психологии., 2004
7. Морозов А.В. История психологии., 2003
8. Петровский А.В., Ярошевский М.Г. История и теория психологии. – Ростов-на-Дону, 1996
9. Петровский А.В. Вопросы истории и теории., 1984
10. Петровский А.В. История советской психологии. Формирование основ психологии.,1967
11. Ярошевский М.Г. История психологии, - 1998
12. Якунин В.А. История психологии., 1998
13. Шульц Д.Л. История современной психологии. – 2002

**Қосымша:**

14. Артемов В.А. Очерк психологии., 1954
15. Адлер А. Практика и теория индивидуальной психологии., 2003
16. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды., 1980
17. А.Н. Леонтьев и современная психология /Сборник статей памяти Леонтьева/, 1983
18. Бачинин В.А. Психология. Энциклопедический словарь., 2005
19. Будилова Е.А. Философские проблемы в советской психологии.-«Наука», 1972
20. Большой толковый психологический словарь, в 2т., 2003

21. Большой психологический словарь/ под ред. Зинченко В.П. – М., 2003
22. Вопросы философии и психологии./ Сборник работ аспирантов философских и психологических факультетов/,1968
23. Великие психологи: Фрейд З., Вундт В., Юнг К., Джеймс, Вертхеймер М., Келлер В., Пиаже Ж. их биографии., 2000
24. Выготский Л.С. Собрание сочинений., 1982
25. Джандильдин Н. Природа национальной психологии., 1971
26. Запорожец А.В. Психология действия: избранные психологические труды., 2000
27. Закова О.И. Особенности психологии крестьянства (прошлое и настоящее)., 1983
20. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – 1982
21. Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения., 1983
22. Лебедева Н.М. Путешествие в гештальт: теория и практика., 2004
23. Маклаков А.Г. Общая психология. –М.,2002
24. Марцинковская Т.Д. История детской психологии., 1998
25. Немов Р.С. Психология. Т.1,2 – М.,2004
26. Наэм Д. Психология и психиатрия в США., 1984
27. Петровский А.В. Психология. – М.,2000
28. Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Психология. – М.,2002
29. Психологический словарь / под ред. Петровского А.В., Ярошевского М.Г. – М.,2002
30. Психология. Словарь. / под ред. Петровского А.В. – М.,1980
31. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии., в 2т. – М., 1989
32. Рабочая программа по курсу «Методы и техника психоанализа» / сост. Кудиярова А.М., 2004
33. Смирнов А.А. Развитие психики и современное состояние психологической науки., 1975
34. Соколова М.В. Из истории русской психологии., 1961
35. Соколов М.В. Очерки истории психологических воззрений в России (16-18 в.в.),1963
36. Соколов Э.В. Введение в психоанализ.,2002
37. Узнадзе Д.Н. Психологические исследования.,1966
38. Фрейд З. По ту сторону принципа наслаждения.., 1999
39. Фрейд З. По ту сторону принципа удовольствия…, 1992
40. Ярошевский М.Г. Психология в 20 столетии, 1974

**4 Қосымша**

Білім алушылар үшін пән бойынша оқыту бағдарламалары (Syllabus)

**Оқу бағдарламасына қосымша**
**Білім алушы үшін пән бойынша оқыту бағдарламасы (Syllabus)**
**2013 - 2014 оқу жылына арналған**
**Психология тарихы**

**1. Негізгі мәліметтер**

| | |
|---|---|
| Факультет | Гуманитарлық-әлеуметтік факультет |
| Мамандық | Психология |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Курс | 1 | Семестр | 1 | Оқыту нысаны | күндізгі | Оқыту бағдарламасы | негізгі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Пән циклы | КП | Компонент | Таңдау |
| Кредит саны | 3 | Сағаттар саны | 135 |

| | |
|---|---|
| Сабақ өткізу орны | №1 ғимарат |
| Дәріскер | Айткужинова Сауле Нуртасовна |
| Оқытушы | Айткужинова Сауле Нуртасовна |

| Кеңес уақыты (БӨЖ жеке) | 1-нші апта | 2-нші апта | 3-нші апта |
|---|---|---|---|
| | Сенбі, 13.00 | Сенбі, 13.00 | Сенбі, 13.00 |

**2 Пререквизиттер және постреквизиттер**

| | |
|---|---|
| Пререквизиттер | Философия |
| Постреквизиттер | Жалпы психология |

**3 Пәннің мақсаты мен міндеттері**

| | |
|---|---|
| Мақсаты | Психология тарихы бойынша білім жүйесін қалыптастыру |
| Міндеттері | - психология тарихын психологиялық ғылым ретінде зерттеуінің мәнін ашу;<br>- психологиының негізгі даму сатылары туралы білімдерін қалыптастыру;<br>- психология зерттеу пәннің өзгеруі туралы ілімдерді қалыптастыру;<br>- психологиядағы теоретикалық бағыттары туралы білімдерді қалыптастыру. |

**4 Академиялық сағатардың бөлінуі**

| Барлығы | Дәріс | Тәж. | Зерт. | БОӨЖ | БӨЖ | Бақылау нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 кредит<br>135 сағат | 5 | 40 | - | 30 | 60 | Емтихан |

**5 Пәннің мазмұны**

Бұл курс психология тарихының негізгі кезендерімен таныстырады, даму сатыларында болған өзгерістерге сипаттама беріп, психологиядағы негізгі теоретикалық бағыттарын ашып көрсетеді.

**6 Курс саясаты**

1 Курстің зерттеуі белсенді болу қажет, сондықтан студент уақытында сабақтарға дайындалып СӨЖ тапсырмаларын орындау қажет. Студент тәжірибелік сабақтарға дайындалып келі қажет. Сабаққа дайыдылық ауызша немесе жазбаша бақылауы мүмкін.

2 Барлық бақылау түрлері жағымсыз бағаны алғанда тек қана бір рет қайта қабылданады. **Жағымды бағадан қайта қабылдау өткізілмейді. Тапсырмалардлы қайта қабылдауы өткізілген айда ғана өткізіледі.**

3 Студентке себепсіз сабақтарды қалдыруға болмайды! Практикалық сбақтарды белгілі бір себеппен қалдырып қалса **міндетті түрде** қойылған мерзімде қайта тапсыру қажет.

4 **Сырқы киіммен дәрісханаға кіруге тиым салынған!**

5 Сабақ үстінде стденттер қауыпсыздық техникасын сақтау қажет және ұйялы телефондарды пайдалануға болмайды!

6 Өзіндік жұмыстры бойынша тапсырмалары қойылған уақытта тапсырылуы қажет!

7 Студент басқа студенттер мен оқытушыларға тәртіпті, мейрімді, ашық ұқыпты болу қажет!

**7 Ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

| | |
|---|---|
| Негізгі | 28. Выготский Л.С. Вопросы теории и истории.,1982<br>29. Гальперин История психологии 20 века., 2002 |

| | |
|---|---|
| | 30. Ждан А.Н. История психологии от античности к современности. – 1997<br>31. Лихи Т. История современной психологии.- 2003<br>32. Лучинин А.Н. История психологии., 2005<br>33. Марцинковская Т.Д. История психологии., 2004<br>34. Морозов А.В. История психологии., 2003<br>35. Петровский А.В., Ярошевский М.Г. История и теория психологи Ростов-на-Дону, 1996<br>36. Петровский А.В. Вопросы истории и теории., 1984<br>37. Петровский А.В. История советской психологии. Формирование о психологии.,1967<br>38. Ярошевский М.Г. История психологии, - 1998<br>39. Якунин В.А. История психологии., 1998 |
| Қосымша | 40. Артемов В.А. Очерк психологии., 1954<br>41. Адлер А. Практика и теория индивидуальной психологии., 2003<br>42. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды., 1980<br>43. А.Н. Леонтьев и современная психология /Сборник статей пам Леонтьева/, 1983<br>44. Бачинин В.А. Психология. Энциклопедический словарь., 2005<br>45. Будилова Е.А. Философские проблемы в советской психолог «Наука», 1972<br>46. Большой толковый психологический словарь, в 2т., 2003<br>47. Большой психологический словарь/ под ред. Зинченко В.П. – М., 200<br>48. Вопросы философии и психологии./ Сборник работ аспира философских и психологических факультетов/,1968<br>49. Великие психологи: Фрейд З., Вундт В., Юнг К., Джеймс, Вертхей М., Келлер В., Пиаже Ж. их биографии., 2000<br>50. Выготский Л.С. Собрание сочинений., 1982<br>51. Джандильдин Н. Природа национальной психологии., 1971<br>52. Запорожец А.В. Психология действия: избранные психологиче труды., 2000 |

## 8 Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

| № апта | Дәріс сабқтарының тақырыптары | сағат | Тәжірибелік сабақтарының тақырыптары, бақылау нысаны | сағат | БОӨЖ тақырыптары, бақылау нысаны | сағат |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1 аттестациялық кезен** | | | | | | |
| 1 | Психология ғылымның даму кезеңдері | 1 | Психология тарихының пәні, мақсаттары мен міндеттері | 2 | Психология тарихының пәні, мақсаттары мен міндеттері | 2 |
| 2 | | | Психологиялық ойлардың туындауы | 3 | Психологиялық ойлардың туындауы | 2 |
| 3 | | | Антикалық психология. АС, реферат, баяндама, презентация | 3 | Антикалық психология | 2 |
| | **1 атт. бойынша барлық сағат** | **1** | | **8** | | **6** |
| **2 аттестациялық кезен** | | | | | | |
| 4 | Ресейде психологияның дамуы | 1 | Шығыс елдерде психологиялық ойлардың пайда болуы | 2 | Шығыс елдерде психологиялық ойлардың пайда болуы | 2 |
| 5 | | 1 | Орта ғасырлар дәуірдегі психологиялық көзқарастар | 3 | Орта ғасырлар дәуірдегі психологиялық көзқарастар | 2 |
| 6 | | | Өркендеу кезеніндегі психологияның мәселелері | 3 | Өркендеу кезеніндегі психологияның мәселелері | 2 |
| | **2 атт. бойынша барлық сағат** | **2** | | **8** | | **6** |
| **3 аттестациялық кезен** | | | | | | |
| 7 | Қазақстандағы психологияның дамуы | 1 | Сана туралы философиялық ілімдерінің шеңберінде психологияның дамуы. | 2 | Сана туралы философиялық ілімдерінің шеңберінде психологияның дамуы. | 2 |
| 8 | | | Ғылыми психологиясының туындауы | 3 | Ғылыми психологиясының туындауы | 2 |
| 9 | | | Эксперименталдық психология шығуы | 3 | Эксперименталдық психология шығуы | 2 |
| | **3 атт. бойынша барлық сағат** | **1** | | **8** | | **6** |
| **4 аттестациялық кезен** | | | | | | |
| 10 | Қазіргі кездегі жалпы ғылымның дамуы | 1 | Дифференциалдық психология қалыптасуы | 2 | Дифференциалдық психология қалыптасуы | 2 |
| | | | | | | |
| 11 | | | 19ғ. аяғы – 20 ғ. басын. психологияның дамуы | 3 | 19ғ. аяғы – 20 ғ. басын. психологияның дамуы | 2 |
| 12 | | | Кеңес уақытында психологияның дамуы | 3 | Кеңес уақытында психологияның дамуы | 2 |
| | **3 атт. бойынша барлық сағат** | **1** | | **8** | | **6** |
| **5 аттестациялық кезен** | | | | | | |
| | Психология ғылымының негізгі бағыттары | 1 | 20 ғ. екінші жартысында батыста психологияның дамуы | 2 | 20 ғ. екінші жартысында батыста психологияның дамуы | 2 |
| | | | 20 ғ. аяғы – 21 ғ. басында психологияның дамуы | 3 | 20 ғ. аяғы – 21 ғ. басында психологияның дамуы | 2 |
| | | | Қазақстандық психологияның дамуы | 3 | Қазақстандық психологияның дамуы | 2 |
| | **5 атт. бойынша барлық сағат** | **1** | | **8** | | **6** |
| | **Барлық сағат** | **5** | | **40** | | **30** |

## 9 Пән бойынша тапсырмалардың орындалуы және тапсырылуы кестесі

| Сабақ түрлері | Бақылау түрлері | Бақылау нысаны | Балдар | Рейтинг | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1 | 2 | 3 | **1 атт.** | 4 | 5 | 6 | **2 атт.** | 7 | 8 | 9 | **3атт.** | 10 | 11 | 12 | **3атт.** | 12 | 14 | 15 | **5 атт.** | семестр | қорытынды | жалпы |
| Аудиторлық | АБ | Ауызша жауап беру | 100 | * | * | | 100 | * | | * | 100 | * | | * | 100 | * | * | | 100 | * | * | | 100 | | | |
| | | Жазбаша сұрау | 100 | | * | | 100 | | * | | 100 | | * | | 100 | | * | | 100 | | | * | 100 | | | |
| БӨЖ | | Реферат қорғау | 100 | | | * | 100 | | | | 100 | | | | 100 | | | | 100 | | | | 100 | | | |
| | | Өзіндік жұмыс | 100 | | | | 100 | * | | | 100 | | | | 100 | | | | 100 | | * | | 100 | | | |
| | | Сөздік | 100 | | | | 100 | | | | 100 | | * | | 100 | | * | | 100 | * | | | 100 | | | |
| БӨЖ ауд. | ШБ | Коллоквиум | 100 | | | | 100 | | | | 100 | | | | 100 | | | | 100 | | | | 100 | | | |
| | | Бақылау жұмысы | | | | | 100 | | | | 100 | | | | 100 | | | | 100 | | | * | 100 | | | |
| | ҚБ | Емтихан | 40 | | | | | | | | | | | | | | | | | | * | | | | 40 | |
| | | Барлығы | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | 60 | 40 | 100 |

**Ескерту 1**. Семестр нәтижесі бойынша максималды семестрлік рейтингтен 50% төмен емес алған және барлық бақылау түрлерінен оң баға алған студент емтихан тапсыруға өткізіледі. Оң баға алу үшін емтиханда максималды қорытынды рейтингінің 50% төмен емес алу қажет

**Ескерту 2.** Зертханалық, тәжірибелік сабақтарына қатыспаған жағдайда, жіберілген сабақтар бойынша жұмыстарды орындау және қорғау жүйесі істейді

**Баға өлшемдері**

| Дәстүрлі баға | Өте жақсы | Жақсы | Қанағат | Қанағат емес |
|---|---|---|---|---|
| Балл (max = 100 балл) | 90-100 | 75-89 | 50-74 | 0-49 |

## 10 БӨЖ тапсырмалары

| Рет № | Тақырып, тапсырма, жұмыс түрлері | Сағат саны. | | Әдебиеттер | Есеп нысаны | Тапсыру мерзімі, апта |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Нег. | Қысқ. | | | |
| 1 | «Айгілі адамдардың өмірі мен шығармашылығы» тақырыбына реферат дайындау: Аристотель, Авиценна, Аль-Фараби, Гиппократ, Платон, Фома Аквинский, Эразм Роттердамский, Р. Декарт, Б. Спиноза, В. Вундт, И.М. Сеченов, И.П. Павлов, Л.С. Выготский, З.Фрейд, К. Юнг, К. Хорни. | 9 | | 3,4,5 | СОӨЖ дәптерінде жазбаша | 2, 6 |
| 2 | Психологияның дербес ғылым ретінде қалыптасуы. В. Вундт, И.М. Сеченовтің психологиялық бағдарламаларды зерттеу. Тұңғышқы психологиялық бағдарламалардың салыстырмалы талдауды өткізу. | 8 | | 1,2,3 | Жазбаша | 9 |
| | Қазақстандағы психологиялық ғылым. «19 ғ. қазақ ойшылардың іс-әрекеттері». | 8 | | 6,5,3 | Ауызша | 15 |
| БӨЖ бойынша өзге жұмыс түрлері | | | | | | |
| | Дәріс сабақтарына дайындалу | 3 | | | | |
| | Практикалық сабақтарға дайындалу | 20 | | | | |
| | Зертханалық сабақтарға дайындалу | | | | | |
| | Ағымдағы бақылау жұмыстарына дайындалу | 10 | | | | |
| | Кезеңдік бақылау жұмыстарына дайындалу | 2 | | | | |
| | **БӨЖ бойынша барлық сағат саны** | **60** | | | | |

Бағдарламаны құрастырған Айткужинова С.Н., аға оқытушы
____._____. 20_ж. _____________________

Педагогика және психология кафедрасында қаралған және ұсынылған
Хаттама_________.2013 ж. №5

Кафедра меңгерушісі Л.Урдабаева

**Лекция №1**

**1.Лекцияның тақырыбы:**
**Ежелгі Шығыстағы психологиялық пікірлер.**

**2.Қарастырылатын мәселелер.**

**1. Психологиялық ілімдердің даму тарихынан.**
**2. Психология тарихының кезеңге бөлінуі**

**3.Лекцияның мақсаты:**
Студенттерді Ертедегі Шығыс елдерінде, Ертедегі Қытай медицинасында, Ежелгі Үндістанда психологияның даму тарихымен таныстыру.

**4.Пайдаланатын әдебиеттер:**
1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История психология. М.1994ж.
2. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История и теория психология. М.1996ж.
3. В.А. Якунин. История психология. 1998ж.
4. Қ.Б.Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. А. 1996ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Развитие психологической мысли в Казахстане А. 1998ж.
6. А.Н.Ждан. История психология. 1997ж.
7. В.А. Якунин. История психология. 1996ж. 1-ое изд.
8. М.Г. Ярошевский. История психология. М.1995ж. 3-ое изд.

**5.Лекцияның мәтіні:**

Ерте замандардан бастап адам баласының назары, ақыл-ойы өзінің маңындағы дүниенің сырын танып білуімен бірге, өз денесінің ішкі дүниесінің, ақыл-ойы мен іс-әрекетінің тіршілік бейнесінің құпия сырларын ашып білуге ұмтылған. Біздің дәуірімізге дейінгі бірнеше мыңдаған жылдар бұрын Шығыс елдері Мысыр мен Үндістанда, Қытай мен өзге елдерде, адам баласының мәдениеті өсіп, дамып, осы заманғы ғылыми білімнің бастапқы іргетасы қалана бастаған. Қоғамның дамуына қарай өндіріс күштері өсті, әлеуметтік өмірде таптар пайда болды. Алғашқы құл иеленушілік мемлект құрылды. Қоғамда адамдардың әр-қилы наным сенімдерге негізделген көз-қарастары пайда болды. Мұндай көзқарастар тек діни нанымдарға негізделіп қана қойған жоқ, адамның жан дүниесі жайлы табиғи – ғылыми көз қарастардың тууына себепші болды.

Ертедегі Шығыс елдерінде, сонан соң Ежелгі Грецияда адамның тәні мен жанының сырын білуге ден қойылды. Адам тіршілігінің негізі – қан айналуына ерекше мән берілді. Тіршіліктің негізі – қан айналымындағы сұйықтық және ондағы құрам деген түсінік қалыптасты.

Ертедегі Қытай медицинасында б.з.д. XIII ғасырда денені басқарушы жүрек қызметі деп санап, ол ауа тектес нәрседен жаралған деді. Ондай нәрселер организмде тегі бөлек заттармен қосылып, адамның физиологиялық тіршілігімен бірге психикалық қызметінде реттеп отырады, мұндай тіршілік адамның сөйлеу қабілетін оятып, ойын дамытады деген тұжырым жасалды. Адамның ойын жүрегі билесе, ал оның сезімдік қызметін бауыры атқарады деп түсінілді.

Ежелгі Үндістан дәрігерлері, “адамның психологиялық әрекетінің негізгі органы – жүрек оның атқаратын қызметі біртіндеп миға ауысады”- деген тұжырым жасады. Темперамент жайындағы ілім іргесінің қалануы , әрбір адам өзінің даралық ерекшеліктерімен сипатталады деген ұғым ғылым тарихындағы алғашқы материалистік қарапайым түсініктерді тудырды. Ертедегі Қытай мен Үндістан дәрігерлері темперамент үш бөлшектен тұрады, олар: бастапқыда ауа тектес нәрселерден--өттен және қан мен шырыннан құралған, осы үш түрлі нәрсенің дене құрамындағы мөлшеріне орай адамдар бірнеше типке ажыратылады деп санаған. Осы негіздерге сүйене отырып, Қытай

дәрігерлері адамдарды мынандай типтерге жіктеген: 1) адамның бойында өттің не қан құрамының басым болуы. Мұндай адамдар күшті, батыр келеді. Олардың мінезі жолбарыс тәрізді өжет те шапшаң;
2) ауа тектес нәрселердің көптігі. Ондай адам ұстамсыз, қозғалғыш болады, маймылдың әрекеттеріндей әрекеттер жасайды;
3) шырынның басымдылығы – қимыл – қозғалыстың баяулығын, сабырлылықты білдіреді деп санайды. Адам организмі жайындағы мұндй пайымдаулар сол дәуірлерде, бір жағынан, табиғи – ғылыми түсініктерге жол ашқанымен, екінші жағынан, әр түрлі діни наным – сенімдер тарапынан қарсылық тудырған көзқарастарға душар болды. Дегенмен, психологиялық және физиологиялық құбылыстар жайындағы ақылға қонымды көзқарастар өзіне жол тауып, одан әрі дами берді.

Б.з.д.VI ғасырда Үндістанда адамның жан дүниесі жайындағы діни нанымдарға негізделген Джайнизм мен буддизм бағыттары кеңінен тарады. Бұдан кейінгі кездерде Үндістанға философиялық мектептер жан туралы түсініктерді метофизикалық- әдептік мақсаттарды дәріптеуге пайдаланды. Бұл бағыт келесі дәуірімізде түрлі жолға түсіп, жан дүниесінің сырын адамның даралық ерекшеліктеріне орай түрліше түсіндіреді. Ал иога бығытын ұстанушылар шындықты танып білу үшін адам бойындағы психикалық қасиеттердің жасырын сырларын жеңе білу керек деп уағыздады. Ертедегі Үндістан ғұламаларының пікірінше, адамның, өз ішкі дүниесінің сырын меңгеріп, оның даралық ерекшеліктерін әдептік( этикалық) жағынан іздестіріп білуге ұмтылғаны осыдан айқын байқалады.

Ерте дәуірдегі Қытай елдеріне кеңінен таралған философиялық - діни ой -пікір әйгілі ғұлама Конфуцийдің есімімен байланысты.

Онын іргесін өзі қалаған мектебі Конфуцияндық деп аталады. Конфуцийдің пікірінше “адамның білімі мен психологиялық сапалары – туа берілетін қасиет. Адам жаратылысынан қайрымды болып туады, бірақ оны жолдан тайдырып бұзатын- сыртқы орта. Сондықтан ол, адамның өз бойындағы сырттан әсер еткен зиянды қасиеттерден арылу үшін, адам өзі ішкі жан дүниесіне үңіліп ақыл-ойын дамыта түскені дұрыс” – дейді. Конфуцийдің бұл пікірін шәкірттері әрі қарай дамытып, ел арасына кеңінен жайды. Адамның тәнімен психикалық тіршілігінде қан айналу процесінің ерекше маңызды қызмет атқаратындығы туралы пайымдаулар келесі дәуірлерде Вавилон, Мысыр, Қытай мен Үндістанда, Ежелгі Шығыс елдерінде жалғасты. Мұндай жайттар организм құрылымындағы бөлшектер мен адам психикасының дамуы туралы жалпы заңдылықтардың бір арнаға келіп құятындығын көрсетеді. Осындай тарихи жағдайлар адамның жан дүниесіне қатысты мәселенің өте ерте кездерде – ақ адамзат мәдениетінің дүниетанымы мен білімінің философиялық жүйесін, табиғат жайындағы орынды мағлұматтары мен адам психикасының өзіндік сипаттарын білдіретін ізденіс нәтижесі болғандығын көрсетеді. Міне, осы орайда, психология тарихын зерттеген ғалымдар бұл пәннің практикалық маңызы мен ғылыми білімдер жүйесінде алатын орнын оның философия мен жаратылыстану ғылымдарының түйіскен торабынан өрбіп шыққандығымен түсіндіреді. Бұл – обьективтік шындық және ғылыми тұжырым.

Психологиялық ілімдердің тарихынан.

Қоғамдық өмірдің қажеттілігі ерте кезден бастап, адамдарды өздерінің іс-әрекетінде қоршаған ортаның психикалық келбетінің ерекшеліктерін айыра білуге және ескеруге мәжбүр етті. Алғашқы кезде бұл ерекшеліктер "жанның" іс-әрекетімен түсіндірілді "Жан" ұғымының пайда болуы алғашқы қауымдық құрылыстағы адамдардың анимистік көзқарастарымен байланысты.

Алғашқы қауымдық кезендегі адамдардың түсінігінде "жан" адам денесінен айқын бөлінбейді. Бұл көзқарастар тіршілік құбылыстары мен сананы ғылымға дейінгі қарапайым материалистік талдау нәтижесінде қалыптасты, оның ішінде ұйқы, өлім т.б.

Осындай құбылыстардың себебі мен сырын түсіндіре білмегендіктен, алғашқы адамдар оларды шындықтың мәні ретінде қабылдады.

Мәселен, түс көруді жанның ерекшеліктерімен түсіндіруге ұмтылды, түс кезінде жан адамның денесін тастап, әлемде сапар шегетінін түсінді. Алғашқы адамдарда өлім өмір үрдісінің ең соңғы кезеңі екені туралы түсінік болмады. Сондықтан да өлім түс көрудің түрі ретінде қабылданды. Бұл жанға тәуелділік туралы түсініктер алғашқы адамдардың табиғат алдындағы әлсіздіктеріне байланысты қалыптасты.

Одан әрі қоғамның дамуына, дене еңбегі мен өндірістің рухани күштерінің саралануына, таптық қоғамның пайда болуына байланысты жанның материалдық табиғаттан тыс екендігі туралы идеялары қалыптасты. Бұрынғы анимистік, мифологиалық түсініктің жанды натурфилософиялық дүние тұрғысынан түсіндіру көзқарасына жол бере бастады.

Бізге дейінгі ерте кезде, ғасырлар қойнауынан бізге жеткен жазба ескерткіштердің материалдары дәлелдегендей, психологйялық құбылыстарға қызығушылық адамдарда өте пайда болды. Ол біздің заманымызға дейінгі бірінші мыңжылдықтың орта кезінен бастап қалыптасты, оған ертедегі грек философтары Демокриттің, Платонның, Аристотелдің және басқаларының ғылыми трактаттары дәлел болып табылады.

Көптеген ертедегі ойшылдардың көзқарастарына ортақ болған "психология" сөзінің орнына «жан» ұғымын қолданады және ерекше мәнді құбылыс ретінде қарастырады.

"Жанды" түсіндіруде ертедегі ойшылдардың көзқарасы екі бағытта қалыптасты материалистік және идеалистік. Бірінші бағыт негізінен Демокриттің, Эпикурдың, Лукрецияның, ал екіншісі- Платонның, кей жағдайда, Аристотелдің еңбектерінде қарастырылды. Аристотель екі жақты көзқарасты ұсынады, бір жағынан, материалистік көзқараста болса, екінші жағынан идеаяистік бағытты ұстанды. Демокрит дүниенің атомистік сипатын ұсына отырып, "жанды" ұсақ жәңе қозғалғыш атомдардан тұратын материяның екінші түрі ретінде қарастырады. Адамдарда пайда болатын әртүрлі түйсіктер мен сезімдерді Демокрит әртүрлі атомдарды бір-бірімен біріктіру нәтижесінде алынатын субъективтік нәтижелер деп бағалады. Олар жан атомдары, денеге еніп, оны қозғалғыш етеді. Жан, сонымен, денені тастап кетеді де қайтіп оралады. Дененің әртүрлі бөліктерінде жанның атомдарының әртүрлі саны болады, оның шінде мида, жүректе, бауырда көп мөлшерде кездеседі.

Платонның шәкірті - Сократ "жанды" материалистік бағыттың өкілдерімен салыстырғанда басқаша түсіндіреді. Ол мәңгі бақи және өзгермейтін мәңгілік заттардан тәуеліз идеялардың өмір сүретінін ұсынды. Платон ойынша, жан идеялар мен материалдық дененің арасында өмір сүреді, оларды біріктіріп тұрады, жан-заттар дүниесінің туғызған жемісі емес, идеялар дүниесінің жемісі. Жанның барлық бөліктері, Платон бойынша, бір-бірімен тиімді арақатынаста болуы тиіс, ал егер оның арақатынасы бұзылатын болса, онда психика мен мінез-құлықта әртүрлі ауытқушылықтар пайда болады.

Аристотельдің көзқарасы алғашқы жан туралы ілімнің шыңы болып табылады. Ол — алғашқы "Жан туралы" ғылыми-психологиялық еңбектің -трактаттың авторы. Аристотель бойынша, жан — тірі материяға тән жанды бастама. Аристотель адамда болатын негізгі 5 сезім органдарын атап көрсетті: көру, есту, тері, дәм, иіс. Оларды алғаш рет ғылыми тұрғыдан түсіндірді. Адамзаттық іс-ерекеттерді және адамдардың мінез-құлқын этикалық-психологиялық тұрғыдан түсіндіруде сіңірген еңбегі ерекше. Егер де жан болмаған болса, Аристотелдің айтуынша, бүкіл тіршілік болмаған болар еді.

Адам жаны өлмейді, ол өмірден кеткенмен, жоқ болып кетпейді, дүниеге қайта оралады, барлық кеңістікке кеңінен тараған жан атомдары түрінде іске асады. Ертедегі дүниеде басталған "жанды" ғылыми зерттеу алғаш рет Аристотелдің психологиялық еңбектерінде бір жүйелі қолға алынды, орта ғасырда негізінен діни-мистикалық көзқараспен, схоластикамен және рух философиясымен ауысты.

Психологияның көп ғасырлық тарихы бар: алғашқы ғылыми ойлар б.ғ.д. VI ғасырда пайда болды. Сондықтанда психология тарихының кезеңденуі сияқты сұрақтар көтерілуде. Психология тарихының кезенденуінің міндеттері ретінде сол процестің бөлінуі, сатыларға ажырату, олардың әрқайсысының мазмұнын анықтау.

Психология тарихында 2 үлкен кезеңге бөлінеді: бірінші -философия, сонымен қатар өзге де ғылымдар негізінде, ең алдымен жаратылыстану негіздерінде психологиялық білімнің даму кезеңі; екінші - психология жекеленген ғылым ретінде дами бастаған уақыт. Олар уақыттары бойынша өлшелінбейді: бірінші кезең (б.ғ.д. VI ғасыр - XIX ғасыр ортасы) 2,5 мыңға жуық уақыт аралығын қамтиды; екінші кезең - жүз жылдан астам (XIX ғасыр ортасымен - қазіргі уақытқа дейін).

## Психология тарихының кезеңге бөлінуі

| **Философия шеңберінде психологияның дамуы** | | |
|---|---|---|
| **Уақыты** | **Зерттеу пәні** | **Маңызды қорытындылар** |
| **Б.з.д. VI ғ - б.з.д. V ғ.** | **Жан** | **Екі бағыттың қалыптасуы - материализм мен идеализм - пайда болуының түсіндірілуі мен жан дүниенің көрініс табуы. Психикалық процестер мен құбылыстар туралы алғашқы эмпирикалық білімдер -қабылдау, ес, қиял, ойлау, аффект, ерік, мінез, ерекше жағдайлар (түс көру, экстаз). Мәселені ажыратып көрсету: "Жан мен дене"; "Тумысынан пайда болған немесе жүре пайда болған", ішкі сезімге сүйену жанды танып-білу әдісі ретінде.** |
| **V - XIIIғ.** | **Философиялық зерттеулер мен медициналық білім аясында жан туралы** | **Томистік психологияның қалыптасуы. Зерттеудің тәжірибелік әдіснамасының басталуы.** |
| **XIУ-XУIғ.** | **XIУ-XУIғғ ұлы ғылыми жаңалықтар ашу мен анато-мофизиологиялық зерттеулер контекстінде жан туралы зерттеу-лердің одан әрі дамуы** | **Жан зерттеу пәні және көлеңкелі сондай-ақ психикалық құбылыстарын түсіндіру принциптерінің пәні деген ойдан бас тарту. "Психология" терминінің енуі.** |
| **XУИ-XIX ғ. ортасы** | **Сана құбылыс-тарын бақылау ретінде ішкі тәжірибе** | **Эмпирикалық интроспективті және ассоционистік психологияның қалыптасуы. Бейсаналық психология туралы түсінік.** |
| **Психологияның жекеленген ғылым ретінде дамуы** | | |

| | | |
|---|---|---|
| **XIXғ.басы мен XIX ғ. 60-жылдары** | **Жүйке жүйесінің және сезім органдарының іс-әрекеті. Физикалық және психикалықтың арасындағы арақатынас. Психикалық процестер ағымы, жылдамдығының өзгерісі.** | **Жекеленген ғылым ретінде психологияның табиғи-ғылыми алғышарттарының қалыптасуы. Эксперименттік әдіс. Қабылдау мен сезіну фактілері мен теориялары. Психофизиканың қалыптасуы. Психометрияның қалыптасуы. Рефлекс туралы зерттеулер.** |
| **XIX ғ. 60-жылдары және XIX ғ. аяғы** | **Тәжірибенің тікелей мазмұны. Психикалық актілер мен функциялар. Мінез-құлқындағы бейімделу функцияларына байланысты психика мен сана.** | **Эксперименттік әдістердің психологияға ене бастауы. Психологиялық теориялық бағдарларының қалыптасуы. Психологияның индивидуалды физиологиялық, табиғи және рухани-ғылыми мәдениет пен тарихқа бағыттала бөлінуі. Психологияда қолданбалы зерттеулердің пайда болуы. Психологияның жаңа салаларының туындауы.** |
| **XX ғ. 10-30 жылдар ортасы** | **Мінез-құлық бүтіндей психикалық құрылымдар. Бейсаналылық. Сана оның қоғамдық тарихи шартында. Тарихи пайда болған құн-дылықтармен сәйкестігіндегі жан дүниенің мағыналық құрылымы. Бағдарлар. Жоғары психикалық функцияның дамуы. Іс-әрекетті психологиялық зерттеу.** | **Психологиядағы ашық дағдарыс. Шетел ғылымында мектептердің пайда болуы: бихевиоризм, психоанализ, гештальтпсихология, француздық социологиялық мектеп, мағына психологиясы, индивидуадды психология, аналитикалық психология және т.б. Кеңес психологиясының туындауы: бағдар теориясы, мінез-құлықтық бағыттар, мәдени-тарихи теориялар, іс-әрекет теориясы. Кеңестік және шетел психологиясында психотехника мен педологияның дамуы. Психикалық іс-әрекет пен қозғалғыш актілердің физиологиялық механизмдері туралы табиғи-ғылыми түсініктердің дамуы.** |
| **XX ғ. 30-50 жылдар аяғы** | **Өткен кезеңнің базистік тәсілдердегі эволюциясы.** | **Ашық дағдарыс кезеңінде ғылыми мектептер эволюциясы. Необихевиоризм, неофрейдизм. Жаңа салалар мен бағыттарының пайда болуы: генетикалық психология, тұлғаның персоналистік тұжырымдамасы және т.б. Кеңестік психология туралы пікірта-ластар (Павлов зерттеулері мен бекітулер теориясы негізінде ғылымның қайта құрылуы). Кеңестік психологияда іс-әрекет теориясының дамуы.** |
| **XX ғ. 60 ж. аяғы.** | **Пәндік салалардың дамуы. Бағытбағдарлану процесі. Когнитивті құрылымдар және олардың мінез-құлықтағы рөл-дері. Тұлға.** | **Шетел психологиясында жаңа бағыт-тардың туындауы: гуманистік психология, логотерапия, когнитивті психология. Кеңес ғылымында ақыл-ой әрекеттері мен ұғымдардың сатылап қалыптасу теориясының туындауы. Психология пәні туралы және бейсана-лылық, қарым-қатынас мәселелері бойынша кеңестік психологиядағы пікір-таластар.** |

**Лекция №2**
**1.Лекцияның тақырыбы:**
**Антикалық психология.**

**2.Қарастырылатын мәселелер.**

**1. Ежелгі психология.**
**2. Антикалық кезеңдегі психология дамуының нәтижесі.**

**3.Лекцияның мақсаты:**
Студенттерді Ежелгі Грек жұртының ғұламалары. Гераклит (Б.з.д VI ғ ), Демокрит, Платон, Ежелгі Римнің көрнекті ойшылдары Лукреций (б.з.д. I ғ.), Гален (б.з.д. II ғ.) грек ойшылы Сократ (б.з.д. 470-399ж.ж)т.б. жан туралы ой-пікірлерімен таныстыру.

**4.Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История психология. М.1994ж.
2. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История и теория психология. М.1996ж.
3. В.А. Якунин. История психология. 1998ж.
4. Қ.Б.Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. А. 1996ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Развитие психологической мысли в Казахстане А. 1998ж.
6. А.Н.Ждан. История психология. 1997ж.
7. В.А. Якунин. История психология. 1996ж. 1-ое изд.
8. М.Г. Ярошевский. История психология. М.1995ж. 3-ое изд.


**5.Лекцияның мәтіні:**

Сонау ерте замандардан бері адамдардың әлеуметтік өмірі олардың күнделікті сан-алуан іс-әрекеттерінен, бір-бірімен қарым-қатынасынан, олардың жан дүниесінің сырын мінез –құлық сипаттарынан өзара белгілі болған. Осындай ұғым түсініктерде адамның жаны тәні мен бірге болды деп саналған. Өндіріс пен кәсіптің, өнер мен мәдениеттің, салт – сананың дамуы мен қатар әр алуан әдет – ғұрыптар да қалыптасып отырады. Адамдар өздері тіршілік ететін орта мен айналадағы әрқилы заттарда, құбылыстарда өзіндік жан болады деп ұғынған. Мұндай ұғым анимизм (латынша «анима» - жан деген сөзден шыққан) деп аталады. Ежелгі Грек жұртының ғұламалары. Гераклит (Б.з.д VI ғ ), Демокрит ол сол табиғат заңына ынғайланбауда деген пікірді қолдады. Демокрит психиканы (жанды) оттың атомдарындай қозғалмалы қасиет деп санады. Сонымен, жан туралы ілім- психологияны адам тәнінің қызыметі деген бірынғай материалистік түсінікті тудырды.

Сол заманның ғұлама ойшылы Платон (б.з.д.427-347ж.ж) жан мәңгілік нәрсе, ол өлмейді, өшпейді деген қорытынды жасады. Ол бұл пікірімен өз заманында үстемдік құрған билеуші топтың мүддесін қорғап, психиканы түсіндіруде идеалистік бағытты жақтады. Оның көзқарасы психологиядағы материалдық пен рухани дүние екеуі бірдей қатар өмір сүреді деген дуалистік көзқарастың негізін салды. Ол психиканы түсіндіруде идеалистік бағытты жақтады. Ежелгі дүние тарихында айрықша орын алатын энциклопедист ғалым Аристотель (б.з.д. 384-322 ж.ж) психологиялық ой-пікірді табиғи негізге сүйеніп, биология мен медицина саласына бағыттады. Ол психика туралы ілімді одан әрі зерттеп, “жан туралы” – деген еңбек жазды. Аристотель бұл шығармасында жан дүниесінің(психиканың) әрекетін шындық әдіс арқылы зерттеп, оны тәжірибеге негіздеп құруды мақсат етті. Психология Аристотель заманында – ақ дербес сипаттағы ғылым саласына айналғанды.Ол психиканы тән мен бірге өмір сүретінін айта келіп, психикалық әрекеттердің басым көпшілігін материалистік тұрғыдан шешті. Платонның психика жайындағы дуалистік көзқарасын обьективтік шындыққа, материалистік бағытқа қарай бұрды. Сонымен, Гераклит пен Демокриттің Платон мен Аристотельдің жан жайындағы

көз қарастары психологиялық ілімнің келешектегі дамуына ғылыми негіз болып қаланады. Жан жүйесі жайындағы ертедегі ілім көптеген ойшылдар мен ғұламалардың шығармаларында өзіндік орнын тапты.

Ежелгі Римнің көрнекті ойшылдары Лукреций (б.з.д. І ғ.), Гален (б.з.д. ІІ ғ.) психологияның жан дүниесінің сырымен байланысты табиғи негіздерін іздестірді. Ал грек ойшылы Сократ (б.з.д. 470-399ж.ж)"өзіңді өзің тани біл" деген ұлағатты пікірін адамның жан дүниесімен, сырымен ұштастырды. Сондай – ақ адамның жаны тәніне тән деп санап, ол ақыл-ой арқылы реттеліп отырады деді. Ежелгі дүние ғұламаларының жан дүниесі жайындағы ой-пікірлерінің философиялық және әлеуметтік негіздері сол заманның экономикалық-саяси құрылысына орай түрлі идеялық бағытта (материалистік не идеалистік) болуы таңданарлық жайт емес.

## Философия шеңберінде психологиялық білімнің дамуы.

Г. Эббингауздың сөздері бойынша психологияның ұзақ жылдар бойы жалғасқан өткен шағы бар, бірақта ол қысқаша тарихқа ие. Осы екі кезеңнің бөлінуі арнайы негіздемені қажет етпейді, өйткені оның критерийлері түсінікті-ақ. Олардың әрқайсысы жүз жылдап созылуда, ыңғайласқан кезеңге бөлінуі қажет. Оны формальды белгілер бойынша жүргізуге болады -хронологиялық (XVII ғасыр психология тарихының XVIII ғасыр психология тұрғысынан айырмашылығын білуге болады), элемдік жэне отандық психология кезеңдерінің де айырмашылығын анықтауға болады.

Психология антика дәуірінде (б.ғ.д. ІХ ғасыр - V ғасыр) философия шеңберінде дами бастады. Университеттердің алғашқы үлгісі ретінде Сократтың диалогтары болады. Сократ Афина қаласының орталығындағы мрамор алаңына келгенде, барлық жас қалалықтар дерлік жиналатын. Әңгімесін диалог түрінде жүргізіп ол жастарды құлдық саясатына қарсы бағыттап, азаматтық белсенділікке шақыратын. Сол үшін ол сотталып қаза табады. Сократты психологиялық әрекет ету әдісі арқылы өзге адамдарға әсер ете алған алғашқы психолог-практик ретінде есептеуімізге болады.

Платон әлемдік жан дүние, космостық жан дүниені материалдық емес субстанция ретінде қарастырған. Оның айтуынша жан дүние космостан көп энергия алады. Адам мінез-құлқын түсінціруді ұсынған алғашқы теориялар адам қатынасының факторларын қарастырған (мысалға, денедегі және ол дүние салғанда одан кететін "көлеңке" немесе құдайлар). Басқа да грек философтары, әсіресе Аристотель денемен етене болатын және ой мен сезімді қадағалап жүретін, сонымен қатар өмір сүру ағымында жиналатын тәжірибеге сүйенетін жанның бар деген идеясын ұсынған.

Жан психологияньщ пәні деген ойды XVIII ғасыр басталуына дейін, негізгі ойлардың, қазіргі заманғы типіндегі психологияның алғашқы жүйесі қалыптасуына дейін барлық зерттеушілер мойындаған болатын. Адам денесіндегі барлық процестердің, тіпті "жан дүниесінің қозғалысы" себептері ретінде жан деп есептелінген. Жан туралы ойлар идеалистік және материалистік тұрғыда болды.

Орта ғасырлар (Y-ХУП ғасыр ортасы) ерте ғасырдағы жанға қатысты айтылған ойларды толықтырады. Аристотельдің жан туралы көзқарастары дін маңыздылықта көрінеді. Оларды тұжырымдамалаған Фома Аквинский болды.

Орта ғасырдың аяғында жаңа бағыттар туындады. Жан деп аталатын психикалық құбылыс (феномен) психологияның пәні бола бастады. Жан адам дүниесінен кетуі мүмкін. XVII ғасырда жанды сана ретінде қарастыру бағыт қалыптасты. Сана ассоционизм зерттеуінің пәніне айналды (ассоциация - байланыс), ол сананың жекеленген жақтарын зерттей бастады (сезіну, қабылдау т.б.). Ұқсастық жағынан, контраст жағынан (қабылдау заңдары) ассоциация заңдары бар.

XVIII ғасырдан бастап жанның орнын сана құбылысы баса бастады, яғни ол бақылай алады, "өзінен" табады, өзінің "ішкі жан дүниесінен" осы сана құбылысы арқылы тауып отырады. Ол жеке тәжірибеміз бойынша әрқайсымызға белгілі еске алу, сезім, тілек, ойлар. Мұндай түсініктің негізін салушы деп Джон Локкты айтуға болады.

XVIII ғасырдың басында ең әуелі танымдық салада, сонан соң сезім және ерік саласында барлық жан дүниенің өмірі түрлі әрекеттермен күрделі үйлесімділігі мен үлгілерінің қалыптасуы мен алмасуы процесі деп қарастырылған.

**Лекция №3**
**1.Лекцияның тақырыбы:**
**Орта ғасыр мен Қайта өркендеу дәуіріндегі психология.**

**2. Қарастырылатын мәселелер.**
**1. Орта ғасырдағы психология.**
**2. Қайта өркендеу дәуіріндегі психология.**

**3.Лекцияның мақсаты:**
Студенттерді Әбу Насыр Әл – Фараби (870-950 ж.ж), Әбу Али Ибн Сина (980-1037), Ибн Рошид (1126-1198 ж.ж) сияқты орта ғасырлық ғұламалардың зерттеулері арқылы адамның жан дүниесі жайындағы іліммен Иранның медик ғалымы Закария Рази (865-925 ж.ж), өз еңбектерінде адам жан жүйесі жайлы ғылыми жетістіктеріне сүйеніп, түрлі зерттеулер жүргізгендігімен таныстыру.

**4.Пайдаланатын әдебиеттер:**
1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История психология. М.1994ж.
2. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История и теория психология. М.1996ж.
3. В.А. Якунин. История психология. 1998ж.
4. Қ.Б.Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. А. 1996ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Развитие психологической мысли в Казахстане А. 1998ж.
6. А.Н.Ждан. История психология. 1997ж.
7. В.А. Якунин. История психология. 1996ж. 1-ое изд.
8. М.Г. Ярошевский. История психология. М.1995ж. 3-ое изд.

**5.Лекцияның мәтіні:**
Ежелгі дүниенің, құл иеленушілік қоғамның іргесі қаусап, тарих сахнасынан кеткен соң оның орнына бірнеше ғасырларға созылған феодалдық қоғам орнады. Бұл дәуірдің тарихи даму сипаты ғылыми идеялар мен жеке адамның даралық өсу қасиеттерін тоқырауға ұшыратты. Ерте дүниеден бері қалыптасқан адам психикасы жайындағы ілім мистикалық және діни көзқарастар ықпалына көшті. ”Жан екі түрлі сипатта өмір сүреді” – деп уағыздалды. Жан жайындағы аристотельдік ілім өмірден шеттетілді. Алайда VII-XII ғасырларда араб тілді Шығыс елдерінде философиялық ой-пікірлер өркен жайып, ғылыми зерттеулер және адамның жан дүниесі жайындағы ілім жанданып жаңа сипатқа ие болды. Араб тілді Шығыс елдеріндегі мәдениетпен ғылымның орта ғасырда Европа мен басқа елдерге тарап, кең қанат жайып, жалпы адам баласы мәдениетінің өркендеуіне әсер етті.

VII-ғасырда Халифат мемлекеті құрылып, араб тілінің мемлекеттік тілге айналуы, ислам дінінің таралуы, Халифат астанасы Бағдат пен өзге шаһарлардың өсуі оны дүниежүзілік мәдениеттің орталығына айналдырды. Жаратылыстану, медицина, математика мен адамтану ғылымдары өркен жайып ежелгі дүние ғұламалары Платон мен Аристотель, Гален мен Архимедтің еңбектері араб тіліне аударылды. Сөйтіп бұл еңбектер Кіндік Азия елдеріне, Үндістаннан бастап сонау Пиреней түбегіне дейін таралды, сол елдерді мекендеген халықтардың төл мәдениетінің, философия мен өзге де ғылымдардың қарқынды дамуына өз шарапатын тигізді. Аристотельдің және басқа да ғалымдардың идеялары, ашқан жаңалықтары, ой-пікірлері жаңа сипат алып, біздің аты әлемге әйгілі ғұлама бабамыз Әбу Насыр Әл – Фараби (870-950 ж.ж), Әбу Али Ибн Сина (980-1037), Ибн Рошид (1126-1198 ж.ж) сияқты орта ғасырлық ғұламалардың зерттеулері арқылы адамның жан дүниесі жайындағы ілім өркендеді. Араб ғалымы Ибн әл-Хайсам (Әлгазен) (965-1039 жж.), Иранның медик ғалымы Закария Рази (865-925 ж.ж), өз еңбектерінде адам жан жүйесі жайлы ғылыми жетістіктеріне сүйеніп, түрлі зерттеулер жүргізді. Әбу Насыр Әл-Фараби –сан алуан еңбектер жазып, “Әлемнің екінші ұстазы”

атанған данышпан ғалым. Оның адам жан дүниесінің қыр-сырын ашып көрсететін бірнеше еңбектері бар.

1. Ізгі қала тұрғындары.
2. Азамазаттық саясат.
3. Мемлекеттік қайраткерлердің өнегелі сөздері т.б.

шығармаларында ол бүкіл философиялық жүйені метафизика мен психологиядан бастап, әдеп пен социологияға дейінгі ғылым жетістіктерін кеңінен талдайды, сонымен қатар әрбір мәселенің мән-жайына анықтама түсініктер береді. Әл – Фараби Аристотельдің еңбектерін, әсіресе, оның "Жан туралы» еңбектерін жете зерттеп, араб тіліне аударды. Жан жүйесінің сырын зерттеуде Әл – Фарабидің Аристотельдің ықпалында болғандығы шындық фактор. Ұлы ойшыл Әл-Фараби психология ғылымы туралы айтқан бір пікірінде "Дүние материядан құралады, ол жойылып кетпейді, бір түрден екінші бір түрге көшіп өзгере береді, жан тәннен бұрын өмір сүрмейді, бір денеден екінші бір денеге барып орналаса да алмайды" - деген ғылыми пайым жасайды. Сондай – ақ ол дүниеге келісімен адамның бойында түрліше күш-қуат пайда болады, сол күш-қуат қабілетінің негізгі түрлері мынандай деп көрсетті: адамды қуаттандыратын күш (арабша-«әл-қуат әл-газийа»); түйсіну қуаты; қиялдау қуаты; ақыл-ой не ойлану қуаты; қозғаушы күш; белгілі іс-әрекетке ұмтылу қуаты. Адам бойындағы күш – қуаттың
әл – Фараби атаған түрлері жеке психикалық процестердің атауы мен мәніне дәл келеді. Ал ол өзінің «Екінші ұстаздың сөз (ақыл-ой) мағынасы туралы ой толғамдары» дейтін еңбегінде психикалық процестердің барлығына жуығын адамның белгілі мүшелерінің қатысуымен жасалып отыратын материалдық құбылыстар деп анықтап, әсіресе, адам жанының ақыл-ойға байланысты болатындығының ерекше маңызы бар деп көрсетеді. Адам қиялы оның түс көруіне де әсер етіп, іс-әрекетінің ерекше бір жалғасы болып саналады. Түс көруді осы заманғы психология да дәл осы мағынада қарастырады. Әл – Фарабидің психология жайындағы мұндай ой жүйесін адам жанының шынайы болмысын және табиғат негізін ғылыми тұрғыдан шешкен көзқарас деуге болады.

Орта ғасырларда жан тураалы ілімді аристотельдік идеялар тұрғысынан іздестірген араб тілді елдердегі көрнекті ойшылдар шығыста – Ибн Сина, ал батыста – Ибн Рошд болды. Бұлар табиғи ғылымдарды зерттеумен шұғылданып, олардың нәтижелері еуропалық елдерде кеңінен таралды.Ибн Синаның «Медицина қағидасы» деп аталатын еңбегі бес жүз жыл бойы жұмыр дүниенің шартарабына таралып, барлық деңгейдегі медициналық мектептердегі бірден-бір құрал болды. Ал Ибн Рошдтың ақыл-ойдың дамуы жайындағы зерттеулері еуропалық схоластиканы діңкелетіп, дүние болмысы мен адам туралы жаңаша білімнің іргесін қалады. Сөйтіп, Ибн Сина мен Ибн Рошд көзқарастары табиғаттың мәңгілік өмір суретініне айқын көз жеткізіп, жанның тіршілігі тәнге байланысты, оның заңдылығын қалай болса, солай өзгерту мүмкін емес, әрбір адамның жаны мен даралығын мәңгілік деп санау шындыққа сай келмейді дейтін мистикалық ұғымның жалғандығын ашып көрсетті.

Ибн Синаның көзқарастарындағы тағы бір маңызды мәселе—оның жан туралы философиялық және медициналық тұрғыдан қарастырған бір – біріне қайшы пікірі. Оның анықтауынша, жан туралы түсінік ғылым мен дін арасындағы аралық қабат сияқты.

Алайда, ол бұл мәселенің психофизиологиялық мәнін ашып көрсету үшін тәжірибелік зерттеулерді барынша үдете түсу керек дейді. Медициналық психология саласында Ибн Сина пікірлерінің түйіні — өткен замандағы беделді ғалымдардың пікірлерін дәріптей бермей, шығыс медицинасының табыстарына иек артып, неғұрлым тәжірибеге, оның жетістіктеріне сүйену қажет дейді. Мұндай ой-тұжырымдарын ол өзінің «Медицина қағидаларында» кеңінен баяндайды. Адам психикасының ми қызметіне тәуелді болып отыратындығы бұл еңбекте материалистік тұрғыдан қа-растырылады. Ибн Сина зерттеулерінде жанның (психиканың) адамның көңіл-күйіне қатысты сезімі мен эмоциясының және аффекттің табиғи негізінің іздестірілуі сол замандағы психология

ілиміндегі жаңашылдық бағыт еді. Ибн Синаның психологиялық ой-пікірлері мен зерттеулері, негізінен, тәжірибелік бақылауға жүгінді.

Орта ғасырлық араб тілді ғұламалар Закария Разидің ғылымды бақылау нәтижелерімен тәжірибеге негіздеу жайындағы ой-пікірі, Ибн әл-Хайсамның психофизиологиялық идеялары Ибн Сина зерттеулерімен ұштасып, жан жүйесі жайындағы ғылымның қанат жаюына елеулі үлес қосты.

Орта ғасырлардағы еуропалық жанның мәңгі өлмейтіні, оның денеден бөлек өмір сүретіндігі жайлы психологиялық ой-пікірлер одан әрі қарай өрістеп, идеалистік көзқарастың дами түсуіне жол ашты. Осы бағытта Фома Аквинский (1225—1274 жж.) мен басқа да философтардың схоластикалық жүйедегі көзқарастары үдей түсті. Алайда, мұндай схоластикалық түсініктердің шындыққа сай еместігіне көз жеткізген ағылшын оқымыстылары Гроссетест (1175—1263 жж.), оның шәкірті Роджер Бэкон (1214—1292 жж.) барлық ғылымдар тәжірибеге және математика ғылымына сүйенуі керек деген тұжырым жасап, жан туралы және оны материямен бірлікте өмір сүреді дейтін аристотельдік қағиданы жаңғыртты, Пси-хологияның даму тарихында орта ғасырлық дәуір таластартысты оқиғаларға толы болды. Психология ғылымының тарихында XVII ғасырдың алатын орны ерекше. Бұл кезеңде Еуропа халықтары дамуында елеулі өзгерістер болып, психология ілімі жайында жаңаша көзқарастар қалыптаса бастады. Әйгілі ағылшын ғалымы Френсис Бэкон (1561—1626 жж.) ғылымды тәжірибелік зерттеулерге негіздеп, оның нәтижелерін адамның құралына айналдыру қажет деп санады. Оның пікірінше, адамның ақыл-ойын жетілдіру үшін оның табиғат жайындағы білімін өсіріп, күш-қуатын арттыру керек. Бұл орайда дүниенің сырын тәжірибелік зерттеу арқылы ашқан тиімді деп тапты: XVII ғасырдағы психологиялық ой-пікірді дамытуда: а) жанды дененің соның ішінде адамның да жан дүниесін зерттеп, олардын құпия сырларын ашу; ә) әрбір индивидке (жеке адамға) тән сананы, оның ішкі дүниесін бақылау арқылы өзіндік пихикалық күй-жайын; б) адамның құмарлығы, мен аффектті күйлерін, оның өз мінез-құлқын меңгеруін, жақсы, жаман істерге бой ұруын; в)денесінің күш-қуатын, жүйке жүйесінің қызметі мен психикалық жағдайлары ара қатынасының қандай күйде екендігін анықтауға ерекше мән берілді. Психологиялық ілімді өрістету жолындағы мұндай көзқарастарды қолдап, өздерінің еңбектерін жазған ойшылдар — Декарт (1596— 1650 жж), Т. Гоббас (1588—1679 жж.), Б. Спиноза (1632 — 1677 жж.), Г. Лейбниц (1646—1716 жж.), Дж. Локк (1632—1704 жж.) сияқты аттары әлемге әйгілі адамдар болды.

## Лекция №4

### 1.Лекцияның тақырыбы:

### XV11- ғасырдағы Европалық психология.

**2. Қарастырылатын мәселелер.**

**1. Р. Декарттың ілімі туралы.**

**2. Б. Спиноза. Таным мен қабілеттілік туралы ілімі.**

**3.Лекцияның мақсаты:**

Студенттерді **Қайта өрлеу дәуірінде қайтадан "жанның* ғылыми-жаратылыстану зерттеулеріне қызығушылық танытып, Р.Декарт, Т.Гоббас, Б.Спиноза, Д.Локк және тағы басқа да европа ғалымдарының еңбектерімен** таныстыру.

**4.Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История психология. М.1994ж.
2. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История и теория психология. М.1996ж.
3. В.А. Якунин. История психология. 1998ж.

4. Қ.Б.Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. А. 1996ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Развитие психологической мысли в Казахстане А. 1998ж.
6. А.Н.Ждан. История психология. 1997ж.
7. В.А. Якунин. История психология. 1996ж. 1-ое изд.
8. М.Г. Ярошевский. История психология. М.1995ж. 3-ое изд.

**5.Лекцияның мәтіні:**

**Қайта өрлеу дәуірінде қайтадан "жанның* ғылыми-жаратылыстану зерттеулеріне қызығушылық пайда болды, бұл кездегі қол жеткен табыстар Р.Декарт, Т.Гоббас, Б.Спиноза, Д.Локк және тағы басқа да европа ғалымдарының есімдерімен байланысты. Декарт алғашқылардың бірі болып, ғылыми тұрғыдан жанның адам миында болып жатқан органикалық үрдістермен байланыс проблемасын шешуге әрекет жасайды. Декарт сырттан әсер еткен ықпалға жауап берудің автоматтық, механикалық тәсілі ретінде рефлекс ұғымын енгізді. Рефлекстің көмегімен одан әрі жануарлар мен адамдардың іс-әрекетін түсіндіре бастады. Декарт өзіндік бақылауды психологиядағы негізгі әдіс ретінде пайдала отырып, ғалымдар ХУШ-ХIХғ. адамдардың ішкі дүниесін зерттей отырып, бұл бағытта біршама жетістіктерге жетті. Психологиялық білімді дамытуға ерекше үлес қосқан голландиялық философ Б.Спиноза болды. Ол белгілі дәрежеде Декарттың дуализмін (оның екі жақты көзқарасын) өзгертуге талпыныс жасады. Спиноза дуализмнің орнына жан денемен тығыз байланысты, онсыз өмір сүре алмайды деген көзқарасты ұсынады. Ағылшын ғалымы Т.Гоббас, мәселен, ғылыми-жаратылыстану жолымен адамдардың қабілеттерінің айырмашылығын түсіндіруге талпыныс жасады. Осы кезден бастап, психологиядағы негізгі перспективалық бағыт ретінде эмпирикалық немесе тәжірибелік психология қалыптасты, оның негізгі мақсаты — жан туралы философиялық түсінік емес, объективті ғылыми дәйектерді жинау және талдау.**

**Ағылшын ойшылы Джон Локк психологиялық құбылыстарда тәжірибелік түсіндіруді және сипаттауды бір жүйеге келтірді, сонымен қатар тәжірибелік психологияның негізін салушы болып есептелді.**

**XVIII ғасыр ғылыми психология тарихында ассоциативтік ілімнің дамуымен тығыз байланысты. Ассоциация — белгілі бір психикалық құбылыстар мен қозғалыстардың басқалармен заңды байланысын айтады. Ассоциациялар уақытқа, кеңістіктегі жақындығына, ұқсастығына және қарама-қарсылығына байланысты болады. Ассоциация идеясы XVIII ғасырда пайда болды және механика мен физикадан алынған түсініктерге негізделеді. Ағылшын ғалымы Д.Гартлидің еңбектерінде ассоциативтік психология аяқталған түрде берілді. Гартлидің айтуынша, адамның бүкіл жан дүниесі үш элементтің: түйсіктердің, идеялардың және сезімдердің бір-бірінен байланысы, біріктірілуі негізінде құрылған.**

**XIX ғасырда психология өз алдына дербес ғылым болып бөлінді. Психологияға эксперимент енгізілді және зерттеу әдістері жетілдірілді. Әсіресе, бұл кезеңде неміс ғалымдары психология ғылымының дамуына ерекше үлес қосты. Немістің эмпирикалық психологиясының негізін қалаған И.Ф.Гербарт болды. Ол ассоциативтік теорияның белсенді жақтаушыларының бірі әрі психологияға өлшеу әдістерін енгізуде көп жұмыс атқарды. Психологияны Гербарт елестетулер туралы ғылым, ол адамның барлық психикалық қызметі: сезімі, ерік-жігері, ойлауы, қиялы және т.б. - бұл түрлі өзгерген елестетулер ден қате түсіндірді. И.Ф.Гербарттың енгізген ассоциация және апперцепция ұғымдары қазіргі психологияда сақталған, өз мәнін жойған жоқ. Оның жұмысын Г.Эббингауз бен В.Вундт жалғастырды. Біріншісі ес үрдісін зерттеуде көп жұмыстар атқарды, екіншісі Лейпциг қаласында 1879 жылы эксперименталдік психологиялық зертхана негізін қалады, ол кейіннен эксперименталдік психология институтына айналды, ол тез араның ішінде ғылыми психологиялық ойдың және психолог кадрларды даярлауда әлемдік орталыққа айналды, онда бастапқы оқыту дәрісін алған кейбір ресейлік психолог-ғалымдар В.М.Бехтерев пен Н.Н.Ланге болды. Вундттың арқасында психологияның жаңа**

**саласы - эксперименталдік психология қалыптасты (оны Вундт физиологиялық деп атады).**

**Ресейде бұдан бірнеше жыл бұрын психологияны дамыту бағдарламасымен И.М.Сеченов айналысты. Оның "Бас ми рефлекстері" (1863) атты белгілі еңбегі рефлекс ұғымына негізделген жаңа эмпирикалық психологияның негізін қалады. И.М.Сеченовтың бағыты кейіннен И.П.Павловтың және В.М.Бехтеревтің еңбектерінде өз жалғасын тапты.**

И.П.Павлов үйретудің және бейімделудің тәжірибесінің қызметі ретінде шартты рефлексті ашты, ал В.М.Бехтерев Қазан қаласында бірінші отандық эксперименталдік психологиялық зертхананы негіздеді.

ХIХ ғасырдың аяқ кезі психология тарихында көптеген маңызды оқиғалармен ерекшеленеді Олардың ішінде ең негізгілері таным үрдістерін зерттеумен байланысты проблемаларды ғылыми эксперименталдық талдау: түйсіну, қабылдау, ес, ойлау және психология ғылымының жалпы тоқырауы. Бұл тоқыраудың мәні төмендегіше сипатталады: интроспекцияны пайдаланатын және организм физиологиясына бағыттайтын ғылым ретінде санамен, жеке тұлғамен, адамдардың тұлға аралық қатынастарымен байланысты көптеген проблемаларды шешуге дәрменсіздік танытты. Сонымен қатар психалогияның білімі жалпы алғанда төжірибе үшін жеткіліксіз болды, ол әдістер арқылы алынған нәтижелері сенімсіздік байқатты. Осындай ахуалдан шығудың жолын психологтар әртүрлі бағыттарда іздестіре бастады. Бір жағынан, күрделі ғылыми проблемаларды шешуде сәтсіздікке ұшыраған кейбір психологтар шешімін таппайтын проблемалар деп қарап, шешімі күрделі емес мәселелерге көңіл бөлді. Мәселен, америка ғалымдары психологиялық зерттеулер саласынан сана, ойлау, олармен байланысты терминологияны алып тастап, адам мен жануарлардың мінезінің қарапайым түрлерін зерттеумен айналысты.

**Лекция №5**

**1. Лекцияның тақырыбы:**

**XV111- ғасырдағы психологияның дамуы.**

**2. Қарастырылатын мәселелер.**

**1. Эмпиристік бағыт туралы.**
**2. Ассоциативтік бағыт туралы.**

**3.Лекцияның мақсаты:**

Студенттерді XVIII- ғасырда психология ғылымындағы физик И.Ньютон мен физиолог ғалым А. Галлердің зерттеулерімен және ағылшын дәрігері Гартлидің еңбектерімен таныстыру.

**4.Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История психология. М.1994ж.
2. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История и теория психология. М.1996ж.
3. В.А. Якунин. История психология. 1998ж.
4. Қ.Б.Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. А. 1996ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Развитие психологической мысли в Казахстане А. 1998ж.
6. А.Н.Ждан. История психология. 1997ж.
7. В.А. Якунин. История психология. 1996ж. 1-ое изд.
8. М.Г. Ярошевский. История психология. М.1995ж. 3-ое изд.

**5.Лекцияның мәтіні:**

XVIII- ғасырда психология ғылымында айтарлықтай өрлеу байқалып, физик И.Ньютон мен физиолог ғалым А. Галлердің зерттеулері оның негізі болып саналады. Жүйке жүйесі мен бұлшық ет қызметінің физиологиясы организм тіршілігінің негізі туралы ілімді жетілдіруге әсер етіп, оның мәнін арттырады.

Сөйтіп, ойлаудың дамуына ақыл-парасат шешуші рөл атқарады дейтін бұрынғы көзқарас енді тәжірибелік зерттеулерге сүйенетін болды. Психиканы осы тұрғыдан қарастыруда әрқилы бағыт ұстаушылар жіктеле бастады. Олардың бірі жан дүниесін зерттеу адамның ішкі сырын түсінуге бағытталуы қажет деп санаса, ал енді бірі психиканы тани білудегі тәжірибенің жаратылыстану ғылымдарын зерттейтін тәжірибеден ешқандай айырмашылығы болмауы тиіс деген пікірді қолдады. Сонымен, XVIII ғасырдағы психофизикалық құбылыстардың мәнісін ашу енді психофизиологиялық мәселелерге ойысып, түрлі психикалық процестердің сырын жүйке жүйесінің қызметін зерттеумен шектелетін болды. Осы бағытты қолданушылардың өздері бірнеше топқа бөлініп, түрлі көзқарасты ұстанды. Солардың ішінде Швейцария зерттеушісі А. Галлердің бағдары психиканың пайда болуында жүйкелік процестер бірінші, ал түрлі ой мен идеялардың өзара байланысты түрде туындауы екінші, кезектегі құбылыс дейтін көзқарасты қуаттай түсті.
Мұның бәрі психологиядағы **эмпиристік** бағыттың көріністері.

**<u>Ассоциативтік психология</u>**

Ньютон ашқан әлемдік тартылыс заңы XIX ғасырдың соңына дейін өзгермейтін заң деп саналып келді.Соған орай сол заманның ағартушылары Нютон мен Локк есімдерін қосарлай айтып дәріптеді. Өйткені, бұл екеуі де ассоциативтік, психологияны механикалық және сенсуалистік көзқарастарға негіздей отырып зерттеген болатын. Ассоциациалық (байланысты) қағидаларды қолданудың өрісін көне замандардағы Үндістан мен ертедегі грек ғұламалары да қарастырған болатын. ХУШ ғасырдағы ассоциация нағыз детерминистік сипат алып, дене процестерінің жиынтығы атқаратын қызмет машинамен істелетін әрекеттер сияқты болады деген ойға негізделді.

Психология тарихында ассоциацияны жалпы категориялық ұғым деңгейіне тұңғыш рет көтеріп, оны дәріптеуші ағылшын дәрігері Гартли (1705-1757 ж.ж). Ол психикалық процестердің бәрі ассоциацияға сүйенеді деп түсіндірді. Гартлидің "Адамды бақылау" деген кітабы ассоциацияның кеңінен тарап, өзекті ілім болып қалыптасуының бастамасы болды. Осы еңбегінде ол көптеген психикалық процестерді жүйке жүйесінің тербелісімен ұштастыра баяндап, адамның санасыз әрекеттерін материалистік тұрғыдан түсіндіруге күш салды.

Соның нәтижесінде Гартли адамның саналы әрекетінің жемісі болып табылатын ақыл-ой, ерік-жігер қасиеттерін де анықтайды. Бұл зерттеулер – санасыз әрекеттің сырын түсіндіретін алғашқы материалистік ілімнің шыңы деуге болады.

XIX ғасырдың бірінші жартысы — психологияның даму тарихындағы елеулі кезеңнің бірі. Бұл аралықта рефлекторлық теорияға негізделтен ассоциациялық бұрынғы концепция материалистік тұрғыдан нығая түсті, оның субстраты мен ішкі бейнесінің санаға айналуын Т. Браун (1778—1820), Джемс Милль (1778—1830), Дж. Ст. Милль (1806—1873) сияқты зерттеушілер қолдады. Мұндай көзқарас бойынша, біріншіден, психика түйсік пен қарапайым сезім түрлерінен тұрады; екіншіден, ассоциация бойынша — бөлшектер алғашқы да, ал күрделі психикалық құрылымдар — елес, ой, сезім екінші деп саналады; үшіншіден, ассоциациялар осы екі топ-тағы психикалық процестер арқылы құрылады; төртіншіден, ассоциациялар күнделікті тәжірибе арқылы санада жиі қайталанып отыру нәтижесінде бекиді.

Ассоциациялардың жасалу барысы биология мен жүйке физиологиясын зерттеу нәтижелерімен анықталады. Г. Гельмгольц (1821—-1894) ассоциацияның жасалуын сезім мүшелерінің қызметі деп санаса, ал Ч. Дарвин ассоциацияны эмоция арқылы түсіндірді. Орыс физиологы

И. М. Сеченев (1829—1905) ассоциацияның физиологиялық негізін бас миы рефлексінің қызметімен ғылыми тұрғыдан дәлелдесе, Г. Спенсер (1820—1903) оны психиканың филогенездік дамуымен ұштастырып, жалпы, психика дамуы мінез-құлықтың өзгеруіне бейімделеді деді.

XIX ғасырдың 80 - 90 жылдарында Ғ. Эббингауз (1850—19О9), Г. Мюллер (1850—1934) тәрізді басқа да психологтардың енбектерінде ассоциацияның жасалу жолдары түрліше түсіндіріліп, бұл концепция одан әрі қамтылды: Психологияның XIX ғасырдың орта кезіне дейінгі дамуында бұл ғылымның дербестік сипаты айқындалып, оны зерттеушілер табиғи-ғылыми негізге жүгінеді, физиологиялык зерттеу әдістерін қолданып, биологиялық үлгіге иек артты.

## Лекция №6

### 1. Лекцияның тақырыбы:

### Х1Х – ғасырдағы психологияның дамуы.

### 2. Қарастырылатын мәселелер.

**1. Х1Х – ғасырдағы психологияның дамуы туралы.**

**2. Қазақстанда психология ғылымының қалыптасуы мен дамуы**

**3.Лекцияның мақсаты:**

Студенттерді Қазақстанда психологиялық ой-пікірдің қалыптасуымен, Қазаќстанда психология ѓылымының даму жолдарымен, ғылыми психологиянњ принциптерімен таныстыру.

**4.Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История психология. М.1994ж.
2. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История и теория психология. М.1996ж.
3. В.А. Якунин. История психология. 1998ж.
4. Қ.Б.Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. А. 1996ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Развитие психологической мысли в Казахстане А. 1998ж.
6. А.Н.Ждан. История психология. 1997ж.
7. В.А. Якунин. История психология. 1996ж. 1-ое изд.
8. М.Г. Ярошевский. История психология. М.1995ж. 3-ое изд.

**5.Лекцияның мәтіні:**

Психологиялық ғылымға деген қызығушылық ерте кезден бастап пайда болды. Кейбір мәселелер күні бүгінге дейін психологтарды ойландырып, қазақ психологиясының тарихында әлі де шешуін таппаған –«ақтаңдақ» болып келген мәселелер баршылық, бұл мәселелер өзіне көңіл аударуды қажет етіп отыр.

Қазақстанда психологиялық ой-пікірдің қалыптасуы туралы айтқанда, ең алдымен оның тарихының өте ертеде жатқандығы туралы еске ала кеткен жөн.

Қазақ психология тарихын зерттеумен көптен айналысып жүрген көрнекті психолог-ғалым Жарықбаев Құбығұл Бозайұлы Қазақстанда психология ғылымының қалыптасуы мен даму тарихын үш кезеңге бөліп қарастырады. **Бірінші кезеңі** - кеңес үкіметі орнағанға дейінгі қазақ психологиясы — бұл кезең психология ғылымының ілкі бастауы (XV-XX ғ) болса**,**

**екінші кезеңі** марксистік кеңестік психология деп аталады (1920-1990), **үшінші кезең** - егемен, тәуелсіз Қазақстан жағдайында қалыптасқан ғылыми психология дамуының жаңа кезеңі (1991-2006).

Қазақстанда психология ғылымының қалыптасу және даму тарихын қарастырғанда әдіснамалық тұрғыдан ғылыми-зерттеу жұмыстарында профессор Қ.Б.Жарықбаев ұсынғаң кезеңдерді негізінен басшылыққа аламыз.

Алғашқы психологиялық ой-пікір қазақ топырағында дүниеге келген шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби ғылыми еңбектері мен философиялық трактаттарынан бастау алады. Әл-Фараби ілкі ортағасырлық білім-ғылымның барлық салаларының негізін қамтитын орасан мол мұра қалдырды. Сондай ғылым салаларының бірі — исихология. Әл-Фараби психология ғылымының әртүрлі мәселелеріне «Ақыл-ой туралы», «Темперамент туралы», «Түс көру туралы сөз», «Жанның мәні туралы», «Ақыл-ой және ұғым», «Жас өспірімнің ақыл ойы туралы кітап», «Ересектердің ақыл-ойы туралы кітап» және т.б. еңбектерін арнады. Ол өзінің осы психологиялық еңбектерінде таным үрдістері оның психологаялық және физиологиялық табиғатына мән бере келіп, түйсіну туралы, оның түрлері, көру, есту, дәм түйсіктері, сезімнің пайда болуы, ойлау, қиял сияқты жан үрдістеріне сипаттама береді.

Қазақ топырағында дүниеге келген, ортағасырлық Жүсіп Баласағүнидің "Құдадғу білік" (Құт негізі - білік) еңбегі көне түркі тілінде жазылған дастан, ол психологиялық ой-толғаныстарға өте бай. Отбасы тәрбиесі — бала мінез-құлқы мен психологиялық бейнесін қалыптастырудағы негіздерінің негізі. Жүсіп Баласағұнның айтуынша, үлгілі тәрбиенің негізі - білім, әдет-дағдыларға машықтандыру. Бұл еңбегінде адамдардың бір-бірімен қатынас жасауы, сөз өнері, адамның әртүрлі жаман-жақсы қасиеттері туралы кең көлемде әңгімеледі.

Жүсіп Баласағұнидің "Құдадғу білік" дастанында "Тіл туралы" айтқан қағидаларының тәлімдік-тағылымдық, ғибраттық мәні ерекше. Жүсіп Баласағұнидің "Тіл адамның даңқын асырады", "Адам ол арқылы бақыт табады", "Тіл адамға жапа шектіреді", "Абайламаса, басынан да айырады", "Жақсы болғың келсе, жаман сөз айтпа" деген мәтелдердің психологиялық мәнін ашып көрсетті.

Моралдік-психологиялық сипаттағы ой-пікірлер ортағасырлық ғұлама-ойшылдар Махмұд Қашқари, Ахмет Жүгінеки, Ахмет Яссауи, Саиф Сараи, Мұхаммет Хайдар Дулати, Қ.Жалаири еңбектерінде жан-жақты баяндалады.

Сонымен қатар қазақтың ақын-жыраулары Асанқайғы, қазтуған, Шалкиіз жырау, Доспанбет жырау, Жиембет жырау, Бұқар жырау, Ақтамберді жырау, Шал ақын, Дулат Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы еңбектерінде адамгершілік-ұлтжандылық қасиеттерді насихаттайтын психологаялық ойлар басым келеді.

Тәлімдік тұрғыдан ақын-жыраулардың еңбектерінде қолбасының біртуар тұлғасы, батыл, ержүрек, батыр адамдардың психологиясы, ішкі жан дүниесі суреттеледі. Ақын-жыраулардың толғаулары жастарды ерлікке, батылдыққа, өз отанын сүюге шақырады. Мәселен, Махамбет Өтемісұлы өзінің ұлттық насихаттық мазмұнға толы өлеңдерінде дауылпаз ақын жастардың тәні мен жаны бірдей шынығуына, олардың күшін ерік-жігері мен қайсар мінез-құлқын тәрбиелеу ісіне зор маңыз берді. Махамбет өлеңі жастарды ерлікке, батылдыққа шақырды. Махамбет ерлік пен елдіктің үлгісін көрсете отырып, елжандылық сезім мәселесін халықтың абройы жолындағы күреспен ұштастыруға, өскелең ұрпақтың мұрат-мүддесінің әлеуметтік мәнін ашуға тырысты.

Жауынгерлік рухтағы өршіл жырлардың інжу маржанын ұрпағына мұра еткен Махамбет - ерлік пен намыстың ақыны. Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Ақтамберді жыраулардың жалғасы Махамбет - сан ғасырлар бойғы тәуелсіздікке ұмтылған бабалар рухының нақты көрінісі. Махамбеттің жырлары - ерліктің гимні, қайсарлықтың символы.

Адамның жан дүниесі жөніндегі пайымдаулар мен ой-пікірлер Қазақстанда өте ерте кезден бастау альп XV-XIX ғ.ғ. Қазақ халқы ғұламаларының ағартушы демократтардың туындыларында айтарлықтай көрініс берді. Ал одан бұрынғы дәуірлерде ақын жыраулардың өлең толғауларында, билердің шешендік сөздерімен халықтық нықылдары ел намысын найзаның ұшымен білектің күшімен қорғаған батырлардың отаншылдық істерінде адам жан дүниесіне жұмбақтарына терең үңіліп болашақ ұрпаққа тағлым

берерлік мол  рухани қазына жатқандығы қазіргі кезде зерттеліп бір жүйеге келтірілді. Аса көрнекті ғалым Ш. Уалихановтың шығармаларында халықтың рухы оның таным түсініктерімен тығыз ұштастырылады. И. Алтынсарин еңбектері этникалық және балалар психологиясының  қыр-сырына толы деуге болады. Сонымен қатар А. Құнанбаев, С. Торайғыров, Ш.Құдайбердиев еңбектерінде, шығармаларында психологиялық ой-толғаулар менен пайымдаулар көптеп кездеседі.Ж. Аймауытовтың “Психология” оқулығы мен” Жан жүйесі және өнер таңдауы” – деген туындысы психология пәні бойынша таза ана тілінде жазылған бірден-бір алғашқы еңбек. 1920-1930 жылдары А.Байтұрсынов , Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, А. Темірбеков, Ә.Сытдықов т.б. психолог мамандардың ғылыми зерттеулер жүргізген мәселелері белгілі.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда ағартушылық қозғалыстың туын биік ұстаған ағартушы-демократтар Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың рухани мұрасының психологиялық ой-пікірдің даму тарихында алатын орны өз алдына бір төбе.

Қазақ ағартушыларының психологиялық көзқарасын қазақ психологтарының ішінен бірінші болып зерделеген көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, психолог-ғалым, академик Төлегеи Тәжібаев болды. Ол Қазақстанда психология ғылымы саласында тұңғыш рет 1939 жылы Ленинград қаласында "К.Д.Ушинский - Рееейдегі педагогикалық психологияның негізін салушы" тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

Төлеген Тәжібаев көп жылдар қазақ ағартушылары Шоқан Уөлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсариннің психологаялық және педагогакалық көзқарастарын зерттеуге арналған бірнеше монографиялық еңбектер жазды. Ол 1962 жылы тұңғыш рет Қазақстанда педагогика тарихынан докторлық диссертация қорғады.

Академик Т.Тәжібаевтан кейін бұл бағытта ғылыми-зерттеу жұмысын ілгері дамытқан, Қазақстанда психологиялық және педагогикалық ой-пікірдің қалыптасуы мен даму тарихын зерделеген, "Қазақстанда төңкеріске дейінгі педагогикалық ой-пікірдің қалыптасуы және дамуы", "Қазақстанда психологиялық ой-пікірдің қалыптасуы мен дамуы" және т.б. бірнеше моңографиялық еңбектердің авторы, көрнекті психолог-ғалым, педагогика және психология , ғылымдарының докторы, профессор Қ.Б.Жарықбаевтың алатың орны ерекше.

Ол қазақ психологаясының тарихын зерделеуде сонау орта ғасырлық ғұлама ойшылдар - Әбу Насыр әл-Фарабиден, Жүсіп Баласағұнидан, Махмұд Қашғари, Ахмет Жүгінеки, Ахмет Иассауи, Мұхаммет Дулати, Қадырғали Жалаири еңбектерінен бастау алады.

Қ.Б.Жарықбаев XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ ағартушылары Шоқаңның, Абайдың, Ыбырайдың, Шәкәрім Құдайбердиевтің, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, Ғұмар Қараштың, Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Халел Досмұхамедовтың, Міржақып Дулатовтың, Нәзипа Құлжанованың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың психологиялық көзқарастарына жан-жақты талдау жасады.

Кеңестік дәуірде республикада психологиялық ой-пікірдің қалыптасуы мен дамуын архив құжаттарына сүйене отырып, зерттеді. Профессор Қ.Б.Жарықбаевтың қазақ психодогиялық терминологаясының мәселелері туралы тұжырымдары және зерттеу еңбектері өз алдына бір төбе.

Қазақстанда психология ғылымы дамуы басқа қоғамдық ғылымдар сияқты кеңестік дәуірде жан-жақты дами бастады. Оның кең құлаш жайып дамуына белгілі алғышшарттар жасалынды. Атап айтқанда, сонау орта ғасырдан бастау алатын, қазақ топырағында дүниеге келген ғұлама-ойшылдар әл-Фарайи, Жүсіп Баласағұнидің және т.б, психологиялық мұраларында, төңкеріске дейінгі кезеңдегі қазақ ағартушылары Абай, Шоқан, Ыбырай, Шәкәрімнің психологиялық ілімдерінде, 20-ғасырдың бас кезіндегі Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов еңбектерінде негізі қаланды. Сонымен, кеңестік дәуірде қазақ психология ғылымы бос орынға келген жоқ, оған дейін Республикада

кеңестік психологияның дамуына белгілі алғышарттар жасалып, ғылыми негіз қаланған болатын.

Қазақ топырағында алғаш рет 1922 жылы "Педагогика" атты (Ташкент, Орынбор) Мағжан Жұмабаевтың (1993-1938) оқулығының жарық көруі өмірде өте сирек кездесетін құбылыс ретінде бағалауға болады. Бірақ оқулықтың аты "Педагогика" деп аталғанмен, оның бүкіл мазмұны психология оқушының мәселелеріне арналған. 15 тарау 106 беттен тұратын "Педагогика" оқулығының төрт-ақ тарауы, 13 беті ғана педагогика мәселелеріне арналғанда, 11 тарауы түгелге дерлік психологиялық құбылыстарға, оның ішінде таным үрдістеріне, оны жіктеу, ақыл-көріністері, ес, зейін, қиял, тіл мен сөйлеу, сезім, көңіл-күй, ерік-жігер сияқты психологиялық үрдістерге арналады. Бұл еңбекте қазақ терминологиясының мәселелері де назардан тыс қалмаған. Оқулықта Мағжан Жұмабаев алғаш рет психологиялық терминдердің қазақша баламаларын жасауға талпынған, мәселен, түйсінуді - әсерлену, зейінді — абай, есті — зейін, пікірді — хұкім және т.б. қазақша баламаларды қолданады. Дейтұрғанмен, бұл баламалар қазіргі психологияда қолданылып жүрген ұғымдарға сәйкес келмейді.

Кезінде қуғын-сүргінге ұшыраған, жеке адамға табынудың, заңсыздықтың құрбаны болған, біртуар қазақ зиялыларының бірі - Жүсіпбек Аймауытов (1989-1931) қазақ топырағында тұңғыш рет "Психология" (Қызылорда — Ташкент) оқулығын 1926 жылы жазды. Оқулықтың кезінде жіберілген кейбір әдіснамалық кемшіліктеріне қарамастан, бұл еңбек қазақ тілінде жазылған біршама уақыт өтсе де, өзінің құндылығын жоймаған тұңғыш оқулық екендігіне ешқандай күмән келтіруге болмайды. Бұл оқулық — мектеп мұғалімдері мен педагогикалық оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына арналған оқу құралы. Еңбекте Жүсіпбек Аймауытов қарапайым адамға жұмбақ сияқты көрінетін психикалық құбылыстардың себептерімен, сырларымен таныстыра отырып, соған қарапайым тілмен жауап беруге ұмтылады. Еңбекте психология ғылымы, оның тарихынан хабардар етеді.

Жүсіпбек Аймауытовтың "Психология" оқулығының екінші, үшінші тараулары жеке тұлғаның психикалық ерекшеліктері мен мінез-құлқын зерттеу әдістері туралы, жүйке жүйесінің құрылымы, оның заңдылықтарына сипаттама береді. Сол сияқты шартты рефлекстер, организмнің тітіркенгіштік, сезгіштік қасиеттері туралы айтылады.

"Денедегі кейбір мүшелер, оның қызметтері" және "Эмоция және сезім" атты төртінші және бесінші тарауларында психикалық үрдістердің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері мен эмоция, сезім, көңіл-күйге талдау жасалады. Сонымен қатар оқулықта таным үрдістеріне сипаттама беріледі, олардың зандылықтары мен қасиеттеріне тоқталады.

Психология және педагогика ғылымдары саласында психолог және педагог ғалым ретінде Василий Яковлевич Струминскийдің (1880-1963) Республикада психология ғылымын дамытуда сіңірген еңбегі ерекше. Ол Орынбор практикалық институтында педагогика, жалпы және педагогикалық психология пәндерінен студенттерге дәріс берді.

1923 жылы В.Я.Струминскийдің Орынбор қаласында "Психология" оқулығы орыс тілінде жарық көрді. Еңбегінде диалектикалық материализм тұрғысынан ғылыми психологияның негізгі мәселелерін бір жүйелі баяндау тәжірибесіне тоқталады. Кейбір әдіснамалық кемшіліктеріне қарамастан, бұл еңбектің мәні орасан зор болды.

1935 жылдан бастап, өмірінің соңғы кезіне дейін психология ғылымышың көрнекті қайраткері, профессор Александр Петрович Нечаев (1870-1948) Семей қаласында тұрды. Психология ғьшымы саласында 50 жылдан астам уақыт жемісті еңбек еткен, есімі әлемге белгілі психолог-ғалым. Ол психология ғылымының әртүрлі саласында, әсіресе, психологияның жас, педагогикалық, медициналық және т.б. салаларын дамытуға ерекше еңбек сіңірді. Өмірінің соңғы жылдары Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтында студенттерге педагогикадан және психологиядан дәріс оқыды. А.П.Нечаев көп жылдар "Психофизиологиялық синхромдар жүйесі"

тақырыбында Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, Жоғары аттестацйялық комиссия 1944 жылы диссертация қорғамай-ақ, психология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін берді.

Сонымен, қазақстанда психология ғылымының дамуында А.П.Нечаевтың сіңірген еңбегін ерекше бағалауға болады.

Қазақстан педагогикалық институттарыщда педология 1936 жылғы 4 шілдедегі партияның қаулысы қабылданғанға дейін пән ретінде оқытылып келді. Жоғары педагогикалық оқу орындарында педагогика және психология пәндерімен қатар педологиядан белгілі ғалымдар, мәселен, қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында педагогика және педология кафедрасының меңгерушісі Шарапи Әлжановтың, дарынды әмбебап ғалым, қазақстанда жоғары педагогикалық мектепті белсенді ұйымдастырушылардың бірі, профессор Халел Досмұхамедовтың, Орал педагогикалық институтында психология және педологиядан дәріс берген, Орта Азия мемлекеттік университетінің түлегі, кейіннен Қазақстанда жоғары педагогикалық білім беруді дамытуға ат салысқан, белгілі психолог-ғалымдардың бірі Абдолла Темірбековтың, Республикада психология ғылымын дамытуда ерекше еңбек сіңірген көрнекті психолог ғалым Салкен Балаубаевтың есімдерін ерекше атауға болады. С.Балаубаев пен Ш.Әлжановтың басшылығымен 1934 жылы Залкиндтің " Педология" оқулығы қазақ тіліне аударылды.

30-жылдары А.Темірбеков Орал педагогака инетитутыңда педология мен психологиядан қазақ тілінде етуденттерге дәріс оқыды, қазақ тілінде психология және педологая курстарынан оқулықтар мен оқу құралдары болмады. Студенттер А.Х.Темірбековтың басшылығымен психологиядан К.Н.Корниловтың, педологиядан П.П.Блонскийдің орыс тілінде шыққан оқулықтарын пайдалануына тура келді.

30-жылдары педагогикалық институттарға арналған психология бағдарламасы профессорлар СЛ.Рубинштейн мен К.Н.Корниловтың жетекшілігімен жасалды. Республика жоғары оқу орындарында профессор С.Л.Рубинштейннің "Жалпы психология негіздері" оқулығы мен профессор К.Н.Корниловтың "Психология" оқулығы қолданылған болатын.

"Психологияның қазақ бөлімдері педагогикалық институттардың жанынан кейінірек ашылды, білімді маман кадрлардың, ана тілінде психология оқулықтарының болмауы, ғылыми терминологияның әлі де жеткіліксіз жасалуы көп уақытқа дейін бұл маңызды шараны іске асыруды тежеген болатын", — деп жазды белгілі психолог-ғалым, профессор Қ.Б.Жарықбаев.

1938-1939 оқу жылынан бастап, жалпы психология курсы студенттерге ана тілінде оқытыла бастады. Педагогикалық жоғары оқу орындарыңда психология курсын оқытуды дұрыс жолға қоюда қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының педагогика және психология кафедрасы, меңгерушісі Төлеген Тәжібаевтың еңбегінің мәні зор болды.

1947 жылы 13 мамырда КСРО Жоғары білім министрінің жоғары және арнаулы орта оқу орындары үшін логика және психология оқытушыларын даярлау туралы бұйрығы жарияланды. Жоғары және арнаулы оқу орындары үшін логика және психология оқытушыларын даярлау мақсатыңда 1947-1948 оқу жылында Одақтағы басқа да 16 мемлекеттік университеттердің бірі болып, Қазақтың С.М.Киров атындағы университетінің филологая факультетінің жанынан логика және психология бөлімі ашылды. Сол жылы Қазақтың мемлекеттік университеті жанынан логика және психология мамандығы бойынша аспирантура ашылды. Алғашқы кезде бөлім ұйымдасқанда логика және психология мамандықтары бойынша ғылыми кадрлар жетіспеді. Психология кафедрасы ашылып, белгілі маман кадрлармен бірте-бірте толықты.

Психология бөлімін ашуда және психологиядан ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, қазақ психология ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан белгілі ғалым, көрнекті қоғам жөне мемлекет қайраткері, дипломат Т.Тәжібаевтың (1910-1964) ұйымдастырушылық жұмысын ерекше атаған жөн. Ол Шымкенттің педагогикалық техникумын үздік тамамдағаннан кейін (Ж.Аймауытов Шымкент педтехникумының

директоры, педагогика және психологиядан дәріс берді) Мәскеудің Н.К.Крупская атындағы коммунистік тәрбие академиясын 1935 жылы ойдағыдай бітірді. Т.Төжібаевты Академия ұжымы аспирантураға қалдырады. Аспирантурада оқыған кезінде Т.Тәжібаев әлемдік психологаяньщ көрнекті өкілдерімен жете таныcады.

1939 жылы Ленинград қаласында "К.Д.Ушинский — Ресейдегі педагогакалық психологияның негізін салушы" тақырыбында бұрынғы Одақта бірінші рет орыс педагогикасының классигі К.Д,Ушинскийдің психологиялық мұрасын зерттеген тұңғыш ғалым-психолог. Ол Алмахыда Абай атындағы Қазақ педагогакалық институтында, Қазақ университетінде психологиядан қазақ тілінде дәріс берді, психологая кафедрасын басқарды.

Соңғы жылдары Т.Тәжібаевтың әр жылдарда республикалық педагогикалық басылымдарда жарияланған мақалалары жарық көрді. Бұл ғылыми мақалалар мен дәрістердің студенттер мен мұғалімдердің психологиядан бір жүйелі білім алуына септігі тиді.

Осы еңбектерінде белгілі жүйеге түспей жүрген ұлттық психология терминдерін жан-жақты зерттеп, бір жүйеге келтіруде біршама еңбектенді.

Т.Тәжібаевтың "Жалпы психология" оқулығы "Қазақ университеті" баспасьшан 1992 жылы жарық көрді. Еңбекте психология ғылымының теориялық негіздері жан-жақты баяндалады.

Еліміздің белгілі психолог-ғалымы, бірнеше ғылыми еңбектердің авторы, Саратов университеті медицина кафедрасының меңгерушісі Иосиф Лазаревич Стычинский (1896-1969) 1946 жылы Алматыға келіп, Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында психология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды, соңғы жылдары оның профессоры болып жұмыс істеді. Ол Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында психолог-аспиранттарға ғылыми жетекшілік етті. И.Л.Стычинскийдің ғылыми жетекшілігімен психологиядан бірнеше ғылым кандидаттары даярланды. Бірінші рет Республикада жоғары жүйке қызметі зертханасы жұмыс істеді. И.Л.Стычинский И.П.Павловтың іліміне байланысты бірнеше ғылыми еңбектер жариялады.

Қазақ психология ғылымының қалыптасуында өзіндік орны бар көрнекті психологтарымыздың қатарына Сәлкен Балаубаевты (1902-1972) жатқызуға болады. Ол Орта Азия мемлекеттік университетінің түлегі, кейіннен Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында оқытушы, Қазақ ССР Халық ағарту комиссариаты жанындағы әдістемелік кеңесте жұмыс істеді.

С.Балаубаев еңбектері қазақ психологиясы тарихында елеулі орын алады. С.Балаубаев біраз жыл қуғын-сүргінге ұшырады. 1937-1938 ж.ж. заңсыздық пен жеке адамға табынудың салдарынан көп жылдар үзілістен соң Қарағандыда ұзақ жылдар студенттерге психологиядан дәріс оқыды, ғылыми жұмыспен айналысты. 1966 жылы Абдолла Темірбековпен бірлесіп, университетгер мен педагогикалық институттарға арналған "Психология" (Алматы, 1966 ж.) оқулығын жазды.

Республикада психологиядан алғаш рет кандидаттық диссертациялар қорғала бастады. Олар: Е.Суфиев, А.Темірбеков, М.Мұқанов, А.Асылбеков, Қ.Жарықбаев және т.б.

Қазақстан психологтарының ғылыми тұрғыдан өсуіне Ресей ғалымдарының көмегі орасан зор болды. Москва мен Ленинградтың жоғары оқу орындарының психология кафедрасында психологиядан бірнеше кандидаттық диссертациялар қорғалды (Н.Айғабылов, А.Көсеубаев, Г.Айманов және т.б.)

Қазақстанда психология ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан психолог ғалымдардың ішінен Абдолла Темірбековты (1904-1972), Елеш Суфиевті (1919-1980), Мажит Мұқановты (1920-1985) атауға болады. АТемірбеков 30-40 жылдары Орал, Қызылорда techинституттарында директордың орынбасары, Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында факулыет деканы, Өскемен педагогикалық институтының ректоры, кейінгі жылдары Алматы шет ел тілдері институтының педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Е.Суфиев (1919-1980) Оралдың А.С.Пушкин атындағы педагогакалық институтының химия-биологая факультетінің түлегі. Оралдың А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтын

бітіргеннен кейін мектептерде ұстаздық қызмет атқарды. Соғыстан кейінгі жылдардан 80-жылдарға дейін Ақтөбе, Алматы, Шымкент қалаларындағы оқу орындарында психологиядан дәріс оқыды.

Е.Суфиев көп жылдар бойы қазақ шәкірттерінің орыс тілін меңгеруінің психологиялық негіздерін зерттеді.

Қазақ психология ғылымының дамуына ерекше үлес қосқан психолог-ғалымдарымыздың қатарына Мажит Мұқановты (1920-1985) жатқызуға болады. Ол Ленинградтың Н.И.Герцен атындағы педагогикалық институтын 1949 жылы тамамдағаннан кейін, Қазақ университетінің аспирантурасын бітіреді, 1950 жылы профессор Т.Тәжібаевтың ғылыми жетекшілігімен психологиядан кандидаттық диссертация қорғайды. 1953-1960 жылдардың аралығында Алматының шет тілдер педагогикалық институтының, 1960-1985 жылдары Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының психология кафедрасының меңгерушісі болды.

М.Мұқанов 1980 жылы психологиядан тұңғыш рет Қазақстанда докторлық диссертация қорғап, кейін профессор ғылыми атағын алды.

Ол - жалпы психология, жас және педагогикалық, психалогия, этнопсихологиядан оннан астам еңбектің авторы. Мәселен, «Бақылау және ойлау» Алматы, 1959; "Педагогакалық психология очерктері", Алматы, 1950; "Ми және сана", Алматы, 1956; "Жан дүниесінің сыры", Алматы, 1964; "Ақыл-ой өрісі", Алматы, Қазақстан, 1980; "Жас және педагогикалық психология", Алматы, 1982.

Республикада бұл жылдары психологиядан бірнеше кандидаттық диссертадаялар қорғала бастады. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында психологиядан дәріс оқыған ғалымдардың бірі — Әбдірахман Асылбеков (1907-1970). Ол — бірнеше ғылыми еңбектер мен мақалалардың авторы, әсіресе, оның «Оқушылардың ынтасын тәрбиелеу» (1958), "Қоғамдық пайдалы еңбек арқылы оқушыларға коммунистік тәрбие беру" (1959), "Бала тәрбиесінде семьяның рөлі" (1969). "Мектеп оқушыларында ынтаның қалыптасуы" атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Кәрім Қойбағаров (1928-1985) - Қазақ мемлекеттік университетінің логика және психология бөлімін 1951 жылы алғашқы бітірген түлектерінің бірі. 1951-1954 жылдарға дейін психология кафедрасының аспирантурасын оқып бітіреді. "Сұлтанмахмұт Торайғыровтың психологиялық көзқарастары" деген тақырыпта бірнеше ғылыми мақалалардың авторы, қазақ тіліне аударылған "Жалпы психология" (Алматы, 1980), "Жас педагогикалық психология" (Алматы, 1987), "Семья өміріндегі адеп және психология" оқулықтарын аударушыларының бірі болды. Ата-аналар мен мұғалімдер үшін жазған оның "Балаларды мектепке әзірлеу" (1961), "Балаларды адамгершілік сезімге тәрбиелеу" сияқты еңбектері дүниеге келді.

60-жылдардың бас кезіне дейін Республикада қазақ тілінде психологиядан оқу құралдары болмады. Қазақ тілінде алғаш "Мектеп" баспасынан Қ.Б.Жарықбаевтың "Психология" оқу құралы 1962 жылы жарық көрді. Бұл оқу құралы кейіннен бірнеше рет өңделіп, қайтадан басылып шықты. Мәселен, профессор Қ.Б.Жарықбаевтың "Психрлогия" оқулығы 1972, 1982, 1993, 2002, 2004, 2005 жылдары жарыққа шықты.

2005 жылы профессор Қ.Б.Жарықбаевтың жоғары оқу орындарына арналған "Психология негіздері" оқулығы қазақ бөлімі студенттерінің қолдан-қолға түспейтін кітабы болды.

Қ.Б.Жарықбаев әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, Т.Тәжібаев атындағы этнопедагогака және этнопсихология орталығының директоры. Ол — психология ғылымының әртүрлі саласынан 50-ден астам жеке кітаптың (оқулықтар мен оқу құралдары, монографиялар, әдістемелік басылымдар, терминологиялық сөздіктер т.б.) және 800-дей мақаланың авторы. Оның ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыты - қазақ халқының психологиялық ой-пікірлерінің тарихы мен этнопсихологиясы мәселелері.

XX ғасырдың 70-80-жылдарында Республикада психология ғылымының әртүрлі салалары бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді, әсіресе, жалпы, педагогикалық, заң, әлеуметтік, спорт және т.б. салалар бойынша зерттеу жұмыстары орындалып, бірнеше еңбектер дүниеге келді. Бұл жерде Қ.Шерниязованың, Ж.Түрікпенұлының, С.Сүлейменованың, Р.Жаңабекованың, Ж.Дүйсенбековтың, Б.Орманбаеваның зерттеулерін атаған жөн.

Психологияның басқа да жекелеген салаларынаң бірнеше сүбелі еңбектер жарық көрді. Атап айтқанда, Ө.Жөкебаев "Қылмыскер мінез-құлқының әлеуметтік-психологиялық аспектілері", Ғ.Досполов "Алдын ала тергеудің психологиясы", С.Жақыпов "Таным әрекетінің психологиясы" Ә.Алдамұратов, Қ.Рахымбеков "Жалпы психология", "Қызықты психология", Ғ.Илешев "Медициналық психология", К.Оразбекова "Иман және инабат" т.б.

Соңғы жылдары жеке тұлғалар М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтың психологиялық көзқарастары туралы диссертациялар қорғала бастады (А.Мералиева, Ж.Сабирова). Сонымен қатар Қазақстанда жүргізілген іргелі зерттеулердің қатарына қорғалған докторлық диссертацияларды жатқызуға болады. В.К.Шабельниковтың "Әрекеттің жоспарлы қалыптасу жағдайындағы функционалдық құрылысы генезисінің психологиялық механизмдері" (1990), Ж.Намазбаеваның "Арнайы мектептердегі шәкірт тұлғасының қалыптасуы" (1986), Б.Хамзиннің "Шәкірттердің конструктивті-техникалық әрекетінің қалыптасуындағы операциялық пен тұлғалардың бір-біріне әсері" (1989), Н.А.Логинованың "Бектерев пен Ананьевтің ленинградтық ғылыми мектебінің сабақтастығы" (1990), В.Е.Клочконың "Ақыл-ой әрекетінің инициациясы" (1983), С.М.Жақыповтың "Оқыту үрдісінің психологиялық құрылымы" (1998), А.М.Кимнің "Қазіргі түсіну психологиясы" (2001), Қ.Б.Жарықбаевтың "Қазақстандагы психология ғылымы (XX ғ. тарихы мен даму кезеңдері)" (2003), С.Бердібаеваның докторлық диссертацияларын ерекше атап өткен жөн.

70-90-жылдарда түрлі баспалардан профессор Н.Жаңділдиннің "Ұлттық психологияның табиғаты" (Алматы, 1971), профессор М.Мұқановтың "Ақыл-ой өрісі" (Алматы, 1980), профессор Н.Елікбаевтың "Қазақ ұлтының психологиясы" (Алматы, 1992), К.Жукештің "Ұлттық психологияның табиғаты" (Алматы, 1993) монографиялары жарық көрді.

Соңғы жылдары этнопсихологияның әртүрлі мәселелері төңірегінде профессор Қ.Жарықбаев, профессор В.К.Шабельников, доценттер С.Бердібаева, Р.Рахымбеков т.б. бірнеше еңбектер жазды.

Мәселен, Қ.Жарықбаевтың "Этнопсихология — тіл тәрбиесінің өзегі" (Алматы, "Білім", 2005), "Ортағасырлық қазақ психологиясының тарихы" (Алматы, "Қазақ университеті", 2004), "Психология негіздері" атты 2005 жылы шыққан оқулығында "Қазақ психологиясының тарихына" арнайы жеке тарау берілген.

2002 жылы "Мектеп" баспасынан психология мен педагогиканың түсіндірме сөздігі жарық көрді. Оның жарыққа шығуына авторлар ұжымына психология және педагогика ғылымдары саласында белгілі ғалым, педагогика және психология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Б.Жарықбаев ғылыми жетекшілік етті.

Қазақ тілінде шығарылып отырған бұл сөздікте психология ғылымының теориясында да, практикасыңца да қолданылатын негізгі ұғымдар мен атаулар толық жүйеленген ақпарат берілген. Сөздіктің ұлттық сипатының айқын болуына айырықша мән берілген,

Еліміздегі жоғары оқу орындарының көшбасшысы болып есептелетін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бүгінгі күндері кең-байтақ қазақ жеріндегі психологиялық ой-пікірдің бірден-бір орталығы болып отыр. Кезінде осы кафедраға қазақтың тұңғыш психологі, академик Төлеген Тәжібаев басшылық етті. Этнопсихологая проблемалары төңірегінде бірнеше кандидаттық, докторлық диссертация қорғалды.

Сонымен қатар Республикада этнопсихология мамандығы бойынша психолог кадрлар даярлауда және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университеті мен қазақтың Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті, сондай-ақ облыс орталықтарындағы университеттер мен педагогикалық институттардың психология кафедралары әртүрлі бағыттарда психология ғылымын дамытуда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Қазақстан психологтарының ұлттық ассоциациясы (2003), 1992 ж. этностар психологаясын зерттейтін " Ұлттық тәлім-тәрбие ассоциациясы" ұйымдасты.

Қазақтың мемлекетгік ұлттық университетінде көрнекті психолог-ғалым Қ.Б.Жарықбаевтың ғылыми жетекшілігімен 1998 ж. академик Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығы құрылды.

1988 жылдан бастап, Республикадағы жоғары оқу орындарында психолог мамандар даярлау ісі қолға алынды. қазіргі кезде әл-Фараби атындағы Қазақ университетінде, Қарағанды, Алматы, Шығыс Қазақстан, Атырау, Қостанай, Тараз университеттері мен Петропавл, Ақтөбе педагогакалық институттарында психолог кадрлар даярлануда. Республика мектептеріне "психология" мамандығының штаты енгізілді.

Дейтұрғанмен, Республика мектептерінде психология өз алдына дербес пән ретінде оқытылмай келеді, оны оқытудың қажеттігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Сонымен, академик Т.Тәжібаев атындағы "Этнопсихология және этнопедагогика орталығы" Қазақстанда психология ғылымын дамытуда біршама іс-тәжірибе жинақтады. Соңғы жылдары орталықтың ұйымдастыруымен бірнеше республикалық және халықаралық ғылыми-теориялық, тәжірибелік конференциялар өткізіліп, этнопсихология және этнопедагогика мәселелері бойынша ғылыми жинақтар мен конференция материалдары жарық көрді.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда психология ғылымы сан-салаға тарамдалып, кең жайылып өркендеп келе жатқан ғылыми пәндер қатарына жатады.

## Лекция №7

### 1. Лекцияның тақырыбы:

### Қазақ психологиясының тарихы.

### 2. Қарастырылатын мәселелер.

**1. Жүсіпбек Аймауытовтың психологиялық көзқарастары.**
**2. Мағжан Жұмабаевтың психологиялық көзқарастары.**
**3. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың психологиялық көзқарастары.**

**3.Лекцияның мақсаты:**

Студенттерді қазақ психологиясының тарихымен оның ішінде Жүсіпбек Аймауытовтың , Мағжан Жұмабаевтың, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың және т.б.зиялылардың психологиялық көзқарастарымен таныстыру.

**4.Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История психология. М.1994ж.
2. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История и теория психология. М.1996ж.
3. В.А. Якунин. История психология. 1998ж.
4. Қ.Б.Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. А. 1996ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Развитие психологической мысли в Казахстане А. 1998ж.
6. А.Н.Ждан. История психология. 1997ж.
7. В.А. Якунин. История психология. 1996ж. 1-ое изд.
8. М.Г. Ярошевский. История психология. М.1995ж. 3-ое изд.

**5.Лекцияның мәтіні:**

Еліміздегі психология ғылымының қалыптасуы мен даму жолы негізінен үш кезеңнен тұратындығы қазір де дәлелденіп отыр. Олар кеңес үкіметі орнағанға дейінгі қазақ психологиясы - бұл осы ғылымның ілкі бастауы (XV-XX ғғ.) болса, оның екінші кезеңі кеңестік марксистік психология деп аталады (1920-1990), ал үшінші кезең — егемен, тәуелсіз Қазақстан жағдайында қалыптасып жатқан ғылыми психология дамуының жаңа кезеңі (1991-2001) болып есептеледі.

Жан (психика) құбылыстары туралы әр кезде өмір сүрген қазақ ойшылдары, ақын-жыраулар мен ғұлама-ойшылдардың шығармаларында көшпенді ата-бабаларымыздың жан дүниесі әр қырынан сөз болғанын жоғарыда жол-жөнекей айтып кеттік.

Мәселен, ортағасырлық ғұлама ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының (1388-1483) жан туралы пайымдаулары ерекше назар аудартады. Оның басты еңбегі "Шипагерлік баянда" көптеген психологиялық ұғымдар (түйсік ойлау, сөйлеу, қиял, дағды т.б.) туралы қызықты мағлұматтар бар. Ол өзінен бұрын өмір сүрген ұлы ғұламалардың (әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни т.б.) жан туралы түсініктеріне сүйене келіп, бүткіл тіршіліктің басқарушы, реттеушісі жүрек дейді. Сөйте тұра жан құбылыстарын басқаруда мидың атқаратын рөлін де жоққа шығармайды. Оның адам есіне, ойлауына байланысты айтқандары ғылыми тұрғыдан дәйекті де нанымды. Ғұлама есті — көрген, естіген нәрсені жадта сақтау үшін аса қажет дейді. Адам тез аңғарғыш, байқағыш және есте қалдырғыш болуы тиіс ("...тез, шапшаң, жеткілікті аңғарып, ойға қонымды, көңілге толымды, өте нанымды, бүгешүгесіне дейін ойда сақтау"). Автор есті дамыту үшін көптеген тау-тас, жер-су және жан-жануарлардың аттарын жаттап алудың қажеттілігіне үлкен мән береді. Адамның есте сақтау қабілетінің ойдағыдай дамуына негіз болатын қасиеттің бірі — зерделілік пен зейінділік. Оның пікірінше, саналы іс-әрекет зейінсіз іске аспайды. Осы еңбекте зейін көбінесе "мәнділік аңғарым" деген ұғым мағынасында беріліп, оның адамның мақсатты қызығуына байланысты қалыптасатыны біраз сөз болады.

Ойлау процесінде сезім мүшелері арқылы затты, іс-әрекетті жан-жағынан қара, қолыңмен ұстап көр, бір-бірімен салыстыр, одан соң барып толған, өйткені толғану сараланбаса, ойлау дараланбайды дей келе, ойлаудың сөйлеу қызметіне байланысты екендігін баса айтады. Ойдың сөз арқылы бейнеленуінің арқасында адам өзінен бұрынғылардың ілім-білімдерін есіне сақтап қалады, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Айтар ойымызды шижамалап ("жазбаша" деген ұғым Қ.Ж.) қағазға түсіргенде ғана оны түгелдей есте сақтай аламыз. Ойды басқа адамға жеткізу үшін оны сараптап, толғана талдау қажет. Айтар ойыңды алдымен өзің түсініп ал, алдамшы сезімге беріліп, үстірт ойлау — үлкен қателік, жақсылап түсіну үшін көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстай білу қажет.

Ғұлама-ғалым сөз саптау, сөйлеу мәнеріне де ерекше мән берген. Оның пайымдауынша, жұмсақ, байыпты, сыпайылықпен сөйлеу кімге де болса жарасымды қасиет ("Жақсы сөйлемелік (сөйлеу) жанға шырай бермек"). Сөйлеу әдебі дегеніміз ойды бүкпей ашық айту, яғни ой жинақтылығы, оның мазмұнды болуымен байланысты.

Бала түйсігінің дұрыс қалыптасуы үшін сезім мүшелерін таза ұстап, оның түрлі сырқаттарын дер кезінде емдеп отырған абзал.

Баланың өң мен түсті, тәтті мен ащыны дұрыс ажырата алуын, алыс-жақыннан келетін дыбыстарды дәл естуін ата-аналар мұқият қадағалауы тиіс, мүның өзі әр затты жан-жақты түйсініп, оның сыр-сипатын түсіне білуге жәрдем етеді.

Ғалым мінезге батырлық пен батылдықты, қайсарлық пен әділдікті жатқызады. Ешнәрсеге қызықпайтын енжар адамның ешкімге шапағаты болмайтындығын айта отырып, ондайларды барынша шенеп-мінейді. Адам өмірге келген соң, белсенді өмір сүруге, "сегіз қырлы, бір сырлы" болуға ұмтылуы тиіс дейтін тұжырым аталмыш еңбекте кеңінен орын алған. Ұлттық психологияға катысты көптеген ғылыми түйіндерді ортағасыр ғалымдары Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайри да аз айтпаған.

Жан құбылыстары туралы сындарлы тың пікірлерді Асан Қайғы, Бұхар жырау, Ақтамберді, Шал ақын, Дулат, Махамбет т.б. шығармаларынан да көптеп кездестіруге болатыны хақ.

Өзінің түп-төркіні мен ілкі бастауын сонау Орхон-Енисей жазбаларынан алатын ұлтгық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер Қазан төңкерісіне дейін әлі де болса ғылыми-теориялық дәрежеге көтеріле қоймаған еді. Оның бірнеше себептері болды: **біріншіден,** Қазақстанда қоғамдық, гуманитарлық ғылымдардың сан-салалы тараулары бір-бірінен дараланып бөліне, олардың ғылыми атаулары қалыптаса қоймаған болатын. **Екіншіден,** әр ғылымның жекелеген ерекшеліктерін мұқият зерттейтін маман ғалымдардың тапшылығы, **үшіншіден,** ғылым салаларын оріегетерлік ғылыми-техникалық, материалдық базаның (зерттеу мекемелері, баспа орындары т.б.) жұпынылығы себеп болды.

Әйтсе де осы кезеңде туған халқының жарқын болашағы, оның тәуелсіздігі мен бостандығы және рухани өрлеуі жолында қалтқысыз қызмет етіп, осы жолға шыбын жандарын пида еткен аса көрнекті ғұламалар мен қоғам қайраткерлері қазақ аспанында шоқжұлдыздай жарқырап, жазира кең далада рухани-мәдени дамудың жаңа кезеңі қазиқ Рессансының (Қайта ерлеу) іргесін кдлаған еді. Бұлардың аэдыңғы шебінде Ш.Құдайбердіұлы, О.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Н.Құлжанова, т.б. жүрді. Осынау біртуар жандар педагогика және психология ғылымдары саласында ғылыми еңбектер жазып, оқу-құралдарыш шығарып, тәлім-тәрбиелік ғылымдардың ұлттық терминдерін қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосты. Сөйтіп, кезінде ғұлама бабамыз әл-Фараби ілімінен бастау алған психология ғылымы шын мәнісінде XX ғасырдың 20-30 жылдарында басқа қоғамдық ғылым-білім салаларынан бөлініп, дербес ғылым болып қалыптаса бастады.

**Жүсіпбек Аймауытов (1889-1931)**

Туған халқымен 60 жылдан кейін қайтадан көрісіп, біртуар қазақ зиялыларының ішінде тәлім-тәрбие, оқу-ағарту мәселелері саласында сындарлы, терең мағыналы ғылыми еңбектерді өндіре жазған адамдардың бірі — Жүсіпбек Аймауытов. Бас-аяғы 5-6 жылдың ішінде оның осы салада 6 кітап жазуы — бұл айтқанымыздың жақсы айғағы. 1924 жылы мектеп мұғалімдері мен педагогикалық оқу орындарында оқитындарға арнап "Тәрбиеге жетекші" (Орынбор, госиздат, 186-бет), 1926 жылы екі кітап, бірі — "Психология" (Кызылорда — Ташкент), екіншісі - "Жан жүйесі және өнер таңдау" (М.Центриздат, 81-бет), 1929 жылы "Комплекспен оқыту жолдары" (Қызылорда, Казгосиздат, 129-бет), мектеп окушыларына арналған "Жаңа ауыл" (екінші сыныпқа арналған оку кітабы, Алматы, 1929-30 жж.), "Сауатсыздықты қалай жою керек?", т.б. жариялады.

Мәселен, оның "Тәрбиеге жетекшісінде" дидактика мен педагогикалық психологияның ғылыми астарлары, ұлт тіліндегі тәлім-тәрбиелік терминдер жүйесі сөз болады. Еңбек төрт бөлімнен, 29 параграфтан тұрады. Осы кітаптың "Дидактика" бөлімінде оның психологиялық негіздері (ынталы оқыту, үйрету әдістері, машықтану жолдары, оқытудағы көрнекілік, оқыту түрлері, т.б.) жиырмасыншы жылдардағы қазақ мектептерінің өмірінен алынған нақтылы мысалдармен терең талданады. Еңбектің төртінші бөлімінде де педагогикалық психологияның кейбір мәселелері сөз болады. Олар: ұстазбен шәкірт ынтымақтастығының басты белгілері, қазақ мектебінде сабақ өткізудің өзіндік ерекшеліктері сөз болады.

Әрине, кітаптың кұрылымы жағынан жекелеген олқылықтар да жоқ емес. Мәселен, мұнда кейбір тәлім-тәрбиелік ұғымдар әр бөлімде белгілі жүйеге түспей қайталанып отырады. Нақтылап айтсақ, кітаптың екінші бөліміндегі "Ынталы оқыту", "Сабақтың жүрісі" дейтін параграфтар төртінші бөлімінде тағы да қайталанады. ("Сабақтгы баланың ынтасына сүйеніп беру", "Белсенді сабақ жүзеге қалай шығады?", т.б.). Әйтсе де, осы еңбектің қазақ топырағында педагогикалық психологиядан жазылған алғашқы төл туынды екендігінде дау жоқ. Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» атты еңбегі бар.

**Мағжан Жұмабаев (1893-1938)**

Мағжан поэзиясы адамның жан-дүниесінің қыры мен сырына терең бойлайтыны, оның адам жанын дөп басып жататыны көпшілікке мәлім. Ал осынау жыр дүлділінің тәлім-тәрбие ғылымының теориялық жағына үңілуі таң қаларлық жәйт. Өйткені, бұл салада ғылыми еңбек жазған ғұлама, зиялылар некен-саяқ. Осы тұрғыдан алғанда Мағжанның 1922 жылы "Педагогика" атты (Ташкент, Орынбор) кітап жазуы өмірде өте сирек кездесетін, тек аса талантты, данышпан адамдарға ғана тән қасиет.

М.Жұмабаевтың оқу-тәрбие ісіне тікелей қатысты педагогикалық психологияға ден қоюы да ерекше құптарлық. Оның жан қуаттары жайлы пікірлерінде дала өмірі мен өзінен бұрынғы және замандас қазақ зиялыларының туындыларын ұлттық психологиялық нақышты шеберлікпен пайдалана білу тәсілі - қазіргілерге өнеге. Жан көріністерін ол білу яки ақыл, сезім яки көңіл, һәм қайрат көріністері дейтін үш тармаққа бөле келіп, олардың өзара табиғи үйлесімін Абай тұжырымдарымен байланыстырып, ежелгі Шығыс ғұламаларының гуманизмімен үндестіре, тарих тереңінен сөз қозғайды. Шытырман мәселенің арқауын осылайша түйіндеп, Шығыс кәусарынан мейірі қана сусындау, есейе келе Еуропа мәдениетіне құлаш ұрған Мағжанға етене жақын да, түсінікті нәрсе.
Ол сыртқы сезімдерді (қазір де түйсік деп аталады — Қ.Ж.) көру, есту, иіскеу, тату, сипау, ет сезімі деп алты айырыммен анықтап алып, оларды дұрыс жетілдіру тәрбиесіне арнайы назар аударады. М.Жұмабаевтың пікірінше бұл сезімдердің сау һәм берік болуына, олардың өткір, терең, дұрыс қалыптасуына ыждахат қылу керек. Бұлардың біреулері жақсы, біреулері нашар тәрбие қылынса, жан тұрмысы да тегіс, бүтін болмақ емес. Әр сезімді (көру, есту, т.б.) психологиялық тұрғыдан қарастыра келіп, ақын олардың әр қайсына өзінше анықтама беріп, бұларды тәрбиелеуде ұлттық дәстүрлерге сүйену қажеттілігін айтады. Мәселен, жарық дүниеге келген күннен бастап нәрестенің есту сезімін дамыту үшін түрлі дыбыстардың мән-мәнісіне көңіл бөліп, әсіресе бесік жыры үнінің тәрбиелік мәні зор екенін атап өтеді. "Адамның әдемілікті сүю сезімін тереңдететін де осы есту сезімі",— дей келе, өзінің осы пікірін гректің Орфей жайлы, қазақтың Қорқыт туралы айтылған терең де тұнық ойларымен тиянақтайды.

## Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920)

ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың аса талантты демократ ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың психологиялық пікірлерінің негізгі желісі Қазан төңкерісі алдындағы дала өміріндегі дүрбелеңмен сабақтасып отыратындығы белгілі. Сондықтан да оның пәлсапасынан қоғамдағы өзгеріс, жаңа заманның лебі жақсы байқалады. Мәселен, оның таным жайлы пікірінің негізгі түйіні: бізді қоршап тұрған сыртқы дүниенің ұшы-қиыры жоқ, ол сансыз атомдардан тұрады, жан тәннің өзіндік зандылықтарына орай көрініп отырады деуі — ғылыми тұжырымның жақсы айғағы.

"Ойласам дүниеде қанша жан бар,
Адам бар, ағаш бар, мал мен аң бар.
Жаңды, жансыз нәрсенің бәрі дағы,
Әр себептің жемісі байқасаңдар.
Қасқыр болмақ, құс болып, ұшып қонбақ.
Сол болғандар, болмаған өздігінен,
Болғызған еріксіз бір себеп қолдап".

С.Торайғыровтың пікірінше, адам табиғаттың туындысы. Ондағы себептіліктің жемісі. Ол дүниенің сырларын біртіндеп ашып, оны шама-шарқынша өзгертіп отыратын белсенді тұлға. Адам сыртқа дүниемен байланыса отыра, оны біртіндеп тани береді, сөйтіп өзінің ақыл-ойын дамытады, оның ешбір рухани қасиеті тумысынан пайда болмаған. Ақын бізді қоршап тұрған дүние сыры мол, бірақ оны тануға әбден болады дей келіп, мұнда ғылымның алатын орны ерекше екендігін былайша түйеді:

"Зерттесе де адамға білмейтін ғып,
Дүние ешбір сырын жасырмаған...

Әлемдегі терең сыр,

Ғылыммен ғана ашылмақ...

Дүние, табиғат, тіршілік жөнінде осындай ғылыми жаратылыстық пікір айтқан ойшыл ақын айналада болып жатқан дүбірлі өзгерістер мен оқиғалардың шығу себебін, олардың түпкі негізінің неде жатқандығын, қозғаушы күштері кімдер екенін ажырата алмай, бұлардың басты себебін адамның ақылы мен ой-санасынан іздейді.

С.Торайғыров қазақтың ұлы ойшылдары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев шығармаларындағы сан тарапты озық та өнегелі идеяларды әрмен қарай дамыта түсіп, қазақтың қоғамдық ой-пікірінің дамуына елеулі үлес қосты. Ол, әсіресе, қазақ зиялыларының педагогика және психология мәселелері жайлы айтқан салиқалы пікірлерін ғылыми жағынан ширата түсті. Мәселен, ол кезінде Абай қолданған психологиялық ұғымдарды (арман, көңіл, ой, ерік, жігер, қайрат, т.б.) онан сайын саралай түсіп, мәнін айқындап түсіндіріп береді. Әрине, Сұлтанмахмұт шығармаларында жан қуаттары ғылыми атаулармен аталмайды және олардың әрқайсысына жеке талдау да жасамайды. Сұлтанмахмұт мұндай мақсатты алдына қойған да жоқ, өйткені ол да абай сияқты ғалым-психолог емес еді.

С.Торайғыров қазақ тарихында бірінші болып жан мен тәннің, яғни психика мен мидың (дененің) ара қатынасы туралы мәселе көтеріп, бұл екеуінің өзара байланысын ғылыми тұрғыдан дұрыс түсіндіреді.

**Лекция №8**

**1. Лекцияның тақырыбы:**

**Кеңестік Қазақстандағы психология ғылымы.**

**2. Қарастырылатын мәселелер.**

**1.Қазақстандағы психологияның ғылым ретінде қалыптасуының алғашқы кезеңі.**

**2.Психологияның Ұлы Отан соғысынан кейінгі дамуы,қазіргі жағдайы,даму перспективалары.**

**3.Лекцияның мақсаты:**

Студенттерді Қазақстандағы психологияның ғылым ретінде қалыптасуының алғашқы кезеңі мен психологияның Ұлы Отан соғысынан кейінгі дамуы, қазіргі жағдайы, даму перспективаларымен таныстыру.

**4.Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История психология. М.1994ж.
2. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История и теория психология. М.1996ж.
3. В.А. Якунин. История психология. 1998ж.
4. Қ.Б.Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. А. 1996ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Развитие психологической мысли в Казахстане А. 1998ж.
6. А.Н.Ждан. История психология. 1997ж.
7. В.А. Якунин. История психология. 1996ж. 1-ое изд.
8. М.Г. Ярошевский. История психология. М.1995ж. 3-ое изд.

**5.Лекцияның мәтіні:**

**Психологияның ғылым ретінде қалыптасуының алғашқы кезеңі (1920-1945)**

Казақстанда іргелі ғылыми зерттеулердің дені соңғы жетпіс жыл көлемінде ғана өркен жайып, дами бастағаны белгілі. Бұл жағдай, әрине, психология ғылымына да ортақ. Әрине, осы ғылымның алдағы жерде гүлдеп шешек атуына, біртіндеп канатының

қатаюына бірсыпыра алғы шарттар сонау ерте замандардан (Әл-Фараби, Абай, Шәкәрім психологиялық ілімдері) Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдерде, сондай-ақ 20 жылдарда (М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов еңбектері) біршама жасалған болатын. Мәселен, Бөкей ордасында шыққан "Мұғалім" журналында (1919) Ғ.Карашевтің бірнеше тәлімдік-пәлсапалық, психологиялық сипаттағы туындылары, Н.Құлжанованың "Мектепке дейінгі тәрбие" (1923), "Ана мен бала" (1927) дейтін кітаптарында да адамның жан-дүниесі жөнінде біраз сөз қозғалған еді. 20-жылдары өлкедегі тәлім-тәрбие ғылымының ірге тасының қалануына орыс ғалымдары да шама-шарқынша үлес қосты. Мәселен, сол кездері Орынбордағы Қазақ ағарту институтында ұстаздық етіп, сол оқу орнын біраз жыл басқарған, сөйтіп жаңа типті қазақ мұғалімдерінің қалыптасуына жәрдем еткендердің бірі — профессор В.Я.Струминский (1880-1967) еді. 1923 жылы оның қаламынан "Психология" атты еңбек (диалектикалық материализм тұрғысынан баяндалған ғылыми психологияның негізгі мәселелері) жарық көрді. Сонымен қатар, ол мұғалімдерге арнап "Еңбек мектебінің қызметкерлері үшін үстелдік кітап" (1,3 басылымдар), "Орынбор 1-басқыш мектебі шәкірттерінің сөйлеу ерекшеліктері" деген еңбек жазды. Осы кездері Ташкентте Н.Сухангельскийдің "Психологиялық зерттеулер" атты еңбегі қысқартылып, казақ тіліне аударылды. Осы аталған кітаптар казақ психологиясының қаз тұрып кетуіне себеп болғаны хақ.

Қазақстан отызыншы жылдары қызмет еткен, аты бүкіл әлемге әйгілі, Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін салушылардың бірі — А.П.Нечаев (1870-1948) елу жылдан астам психология саласында белсенді қызмет еткен, аты айдай әлемге белгілі ғалым еді. Ол араласпаған психология саласы кемде-кем. Ғалым көп жылдар бойына адамның еске сақтау ерекшеліктерін тәжірибе (эксперимент) жүзінде тексеріп, оны мектеп практикасына ендіруді көздеді. Яғни психологияның қолданбалы салаларын (жас, педагогакалық, медициналық т.б.)
дамытуға зор еңбек сіңірді. Ол елуден астам кітаптың, жүздеген ғылыми мақалалардың авторы. Олардың кейбірі: "Қазіргі эксперименттік психология және оның мектеп ісіне қатысы" (1908), "Кітапхана ісінің психологиялық мәселелері" (1922), "Дене тәрбиесінің психологиясы" (1927), "Шахмат ойынының психологиясы" (1928), "Техникалық өнер тапқыштардың психологиясы" (1928), "Ес және оны тәрбиелеу" (1930), т.б. Ол өмірінің соңғы жылдарында Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтында педагогика пәнінен сабақ берді, сырттан оқитын студенттерге арнап, "Психология" оқулығының қолжазбасын даярлады. Оның 1940 жылы жазып бітірген "Психофизиологиялық синдромдар жүйесі" атты еңбегін (бұл автордың психология саласындағы қырық жылдық зерттеуінің қорытындысы) еліміздің көрнекгі психолог ғалымдары, академиктер Д.Н.Узнадзе мен К.Н.Корнилов өте жоғары бағалады. Синдром түсінігі арқылы А.П.Нечаев адам бітім-болмысының, қасиет саналарының заңды байланыстарын, жеке-дара бөліп алып (сенсорлық, аффектілік, эмоциялық) тұлғалардың психофизикалық мінез-құлқының сарынын, бағыт-бағдарының белгілерін жіктеген, кісінің өзін-өзі бағыттауы мен ішкі ниетін келесі бір адамға сездіруі тек қарым-қатынас қызметі арқылы белгілі боларынан анықтаған. Оған осы еңбегі үшін диссертация қорғатпай-ақ педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. Қазақстан психология ғылымының өркен жаюына осынау ғалымның да біраз шапағаты тигені даусыз.

Отызыншы жылдары психологияға қатысты зерттеулерді қазақ ғалымдары да Ш.Әлжанов, М.Әуезов, С.Балаубаев, Ә.Садықов, Т.Тәжібаев, А.Темірбеков, С.Қожахметов, т.б. жүргізіп келді.

## Психологияның Ұлы Отан соғысынан кейінгі даму жолдары, қазіргі жағдайы мен даму перспективалары.

Республикадағы психология ғылымы, әсіресе, соғыстан кейінгі жылдарда елеулі қарқынмен дами бастады. Оған да бірнеше сәтті жағдайлар себеп болды. Мәселен, 1946

жылы КазПИ-де республика бойынша тұңғыш психология кафедрасы құрылды. 1946 жылғы БК(б)П Орталық Комитетінің орта мектептерде логика мен психологияны оқыту жөніндегі қаулысына сәйкес Қазақ университетінде логика және психология мұғалімдерін даярлайтын бөлім ашылды. 1951-1953 жылдар арасында осы бөлімді жүзге жуық адам бітіріп шықты. Бұлардың көпшілігі психологиядан мамандық алып, республиканың жоғары және орта арнаулы оқу орындарында мұғалімдік қызметке жолдама алды. 50-ші жылдары республика үшін психолог кадрларын даярлауда профессор Т.Тәжібаевпен бірге соғыс жылдары Саратовтан Алматыға келген профессор И.Л.Стычинский (1896-1969) зор үлес қосты. 1919 жылы сондағы университеттің медицина факультетін бітірген ол жүйке аурулары кафедрасының әуелі ординаторы, кейіннен доценті қызметін атқарады. 1921-26 жж. халық ағарту институтында, университетте психологиядан сабақ береді. 1931 жылдан Саратов медициналық институтының кафедра меңгерушісі, ал 1935 жылдан профессоры. 1944-1949 жж. Алматыдағы "Ана мен баланы қорғау" ғылыми-зерттеу институтының директоры, 1947-1969 жж. Абай атындағы Қазақ пединститутының профессоры, психология кафедрасының меңгерушісі, 1958-62 жж. Қазақстан психологтар қоғамының төрағасы болды. Ол көптеген жеке еңбектер мен мақалалардың авторы. Олардың кейбірі: "Бөбектердің психологиясын зерттеу"(Саратов, 1921), "Психика және жүйке саласын зерттеу" (Саратов, 1925), "Сөйлеу кемістігін топтастыру туралы" (Харьков, 1939), "Ойлау мен сөйлеу" (Халық мұғалімі, 1951, N4), "Педагогикалық психологияның бүгінгі таңдағы міндеттері" (Қазақстан мектебі, 1967, N3), т.б.

Өткен ғасырдың 40-жылдар аяғында Абай атындағы КазПИ мен Қазақ университетінде психология кафедралары ашылып, ғылыми мамандар дайындауға нақты мүмкіндік туғандығын жоғарыда айттық, Республикада сол кездері психология ғылымы саласында тұңғыш диссертация қорғағандар: Е.Суфиев, А.Темірбеков, М.Мұқановтар еді.

Қазақстандағы психология ғылымының өркен жаюына шама-шарқынша үлес қосқан ғалымдардың алғашқы тобына Абдолла Темірбеков (1904-1972) пен Елеш Суфиевті (1919-1980) жатқызуға болады. Темірбеков 30-40-жылдары Орал, Қызылорда пединституттарында директордың орынбасары, Абай атындағы КазПИ-де факультет деканы, Өскемен пединститутының ректоры қызметін атқарады, 1962-72 жылдары, Алматы шет ел тілдері институтының педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болып істейді. Студенттерге қазақ, орыс тілдерінде психологиядан сабақ береді. Ол 1968-70 жж. Қазақстан психологтар қоғамының төрағасы болды, пединституттар мен университтер үшін С.Балаубаевпен бірлесіп "Психология" оқулығын (Алматы, 1966), сондай-ақ мектеп оқушыларының отаншылдық сезімін қалыптастыру туралы бірнеше еңбектер ("Советтік патриотизм және оны оқушыларда тәрбиелеудің кейбір мәселелері", Алматы, 1953) жазып, осы тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Е.Суфиев Оралдың А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтының химия-биология факультетін бітірген (1937). Ол біраз жыл мектептерде мұғалімдік қызметте болады. 1946-80 жылдар арасында Ақтөбе, Алматы, Шымкент қалаларындағы жоғары оқу орындарында психологиядан сабақ береді. Өмірінің соңғы жылдары Қазақ қыздар педагогикалық институтында психология кафедрасының меңгерушісі болды. Е.Суфиев психология саласында жазылған біраз еңбектердің авторы. Ол көп жылдар бойы қазақ шәкірттерінің орыс тілін меңгеруінің психологиялық негіздерін зерттеп келді. Оның 1952 жылы КазМУ-дің ғылыми кеңесінде қорғаған "Қазақ мектептерінің бастауыш кластарындағы оқушылардың орыс тілін меңгеруінің психологиясы" атты диссертациясында қазақ балаларының орыс тілі сабағында ақыл-ойы мен ауыз екі сөйлеуінің даму ерекшелікгері психологиялық тұрғыдан талдауға алынды. Автор оқушылардың ұғынуына қиындық келтіретін кейбір орыс тіліндегі атауларға тоқталып, мұның табиғи-ғылыми жағын И.П.Павловтың жоғары жүйке жүйесі қызметі туралы іліміне негіздей отырып түсіндіреді, оқушылардың кейбір психикалық функцияларын (қабылдау, зейін, ойлау, т.б.) дамыта түсу, орыс тілін оқыту әдістерін жетілдіру жөнінде біраз ұсыныс-кеңестер береді. Оның қаламынан психологияның әртүрлі тақырыптарында жазылған бірнеше еңбектер туындады. Солардың кейбірі: "Баланың дамуы және оны

мектепке әзірлеу" (1965), "Психология оқулығының қазақша аудармасы туралы" ("Халық мұғалімі", 1950, N2), "Қазақ мектебінде орыс тілін оқытудың кейбір психологиялық мәселелері" (1967), т.б. Осы еңбектердің қай-қайсысы да қазақ мектептеріндегі оқу-тәрбие процесін жандандыру үшін қажетті дүниелер еді.

Қазақстандағы ғылыми психологияның дамуына елеулі үлес қосқандардың бірі — Мәжит Мұқанов (1920-1985). Ол Ұлы Отан соғысынан оралғаннан кейін Ленинградтың Н.И.Герцен атындағы педагогикалық институтын бітіріп (1949), кейіннен Қазақ университетінде психология мамандығы бойынша аспирантураны тәмамдайды, 1950 жылы профессор Т.Тәжібаевтың жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғайды. Мұнда ол қазақ жауынгерлерінің ұлттық психологиясына, халқымыздың Отан соғысы майданында көрсеткен ерлік, батырлық қимылдарына талдау жасайды. Ол 1953-60 жылдар арасында Алматының шет ел тілдері педагогикалық институтының, 1960-85 жылдары Қазақтың Абай атындағы пединститутының психология кафедрасының меңгерушісі болды. М.Мұқанов 1980 жылы докторлық диссертация қорғап, кешікпей профессор атағын алды. Ол жалпы психология, жас, педагогикалық, этнос психологиясынан жазылған оннан аса жеке еңбектердің авторы.

Ғалымның көп жылдар бойы зерттеуі ақыл-ой, интеллект мәселесін бұлардың адамның жан дүниесіндегі алатын орнын анықтауға, ойлау әрекетінің мән-жайын ашуға бағытталған. Автор ақыл-ойдың өрістеп отыруын тарихи-этникалық тұрғыдан зерттеп, әр қилы дәуірдегі адам интеллектісінің дамуы оның өмір сүрген ортасына, тіршілік жағдайы мен әлеуметтік қарым-қатынасына байланысты болып отыратындығын қазақ елі өмірінен алынған нақтылы деректермен дәлелдейді. Мәселен, ол қазақ халқының Қазан төңкерісіне дейінгі өмір тіршілігі мен экономикалық жағдайына, әлеуметтік ортаға байланысты ақыл-ойы мен интеллектісінің дамуындағы бірсыпыра өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасу жолын арнайы жүргізілген тәжірибелер арқылы сипаттайды. Ол халқымыздың ақыл-ойы мен өмір тәжірибесінің жиынтығын ғылымда продуктивті және рефлексия (ой жүйелілігі) деп аталатын ғылыми атаулар төңірегінен іздестіреді. Осы айтылған жан қуатының көріністерінің айтыс өнері мен мақал-мәтелдерде орын алатынын айта келіп, ғалым өзге кісінің жағдайына көңіл аударып, оның ішкі ойын өзіне айтқызбай-ақ алдын ала білу, яғни ғылыми тілде когнитивтік эмпатия деп аталатын жан қасиетін Сырым Батыр мен жас келіншектің арасындағы өткір сөзге құрылған диалог арқылы жақсы көрсетеді. М.Мұқанов сауатсыз адамдардың (тәжірибе Қытайдан келген қазақтарға жасалынған. — К,Ж.) ойлау қызметінде де рефлексия бар екендігін дәлелдеп, әр халықтың тарихи дамуында айналысқан кәсібі (қазақтар үшін мал шаруашылығы) оның өзіндік ақыл-ой ерекшеліктерінің қалыптасуына елеулі әсер ететіндігін байқаған. Мәселен, тәжірибе жасауға қажет болған жағдайда олардың май шамның орнына тезек отын пайдалануы. Автор оқымаған адамдарда теориялық пікір айту кездеспейді деу қате, өйткені, теорияның төркіні тәжірибеден өрбіп отырады деп түйіндейді. Зерттеуде әр халықтың өмір сүру барысында, тұрмыс-тіршілігінде кездесетін түрлі ырым-жорамалдар әртүрлі заттар мен құбылыстардың түр-түсін, жеке қасиеттерін айыра білудегі кейбір өзіндік ерекшеліктері (бұған жағрапиялық орта, сондай-ақ табиғаттың экологиялық жағдайлары мысқалдап әсер ететіндігі), адамның өсіп-жетілуіндегі ауыз екі сөз бен жазба сөздің ес процесінде тигізетін түрлі ықпалы туралы сөз болады.

М.Мұқанов жүргізген ендігі бір экспериментте оқымаған сауатсыз адамдардың есте сақтау қабілеті күшті болатындығы анықталған. Мәселен, көшпенді ата-бабаларымыздың тыныс-тіршілігінде жазба-деректердің болмауы, түрлі ақпарат хабары мөлшерінің аздығы, сезім мүшелерін қосарлай пайдалануы олардың суырып салма, шешендік қабілетінің күшті болуы М.Мұқановтың пікірінше ауыз екі сөз әлдеқайда көп сақталады, өйткені ол жиі пайдаланылады. Және жұрт бұған бар ықылас-ынтасын салады, ал жазба сөздің есті онша өсірмейтіндігі — оқыған адамның білгендерін қағазға (қойын дәптеріне) жазып алуға әдеттенгеніне байланысты болса керек.

Автор кейбір ғалымдардың "халықтардың жағрапиялық орналасуына, ұлтына, т.б. қасиеттеріне қарап тілдері бай, кедей деп бөлетіні, мәселен, "түркі тілдес халықтардың тілі кедей, күрделі ойды жеткізуге икемділігі аз, өйткені бұл тілдер тек кейінгі кезде ғана қалыптасты",- дейтін ұшқары пікірлерін әшкерелеп, оны нақтылы фактілер келтіріп дәлелдейді. Шындығына келсек қазақ халқының сөз байлығы кейбіреулер айтатындай, әсте кедей емес, қайта тілдік қоры орасан бай өркениетті халықтардың қай-қайсымен болса да жарысқа түсе аларлық, дариядай мол дүние.

## Лекция №9

**1. Лекцияның тақырыбы:**
**Психологияның дербес ғылым ретінде дамуы.**

**2. Қарастырылатын мәселелер.**

1. **Психологияның дамуындағы әртүрлі бағыт-бағдарлар мен түрлі ағымдағы мектептер туралы.**
2. **Психологияның салалары туралы.**

**3.Лекцияның мақсаты:**
Студенттерді иррационализм мен волюнтаризм, вульгарлық волюнтаризм бағыттары тұтынған қағидалардың теріс мақсатымен таныстырып, мұндай бағыттардың В.Вундт, Джемс, Бергсон, 3. Фрейд сияқты психолог ғалымдардың болашақтағы көзқарастарының қалыптасуына теріс ықпал еткендігін де айтып өту.

**4.Пайдаланатын әдебиеттер:**
1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История психология. М.1994ж.
2. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История и теория психология. М.1996ж.
3. В.А. Якунин. История психология. 1998ж.
4. Қ.Б.Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. А. 1996ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Развитие психологической мысли в Казахстане А. 1998ж.
6. А.Н.Ждан. История психология. 1997ж.
7. В.А. Якунин. История психология. 1996ж. 1-ое изд.
8. М.Г. Ярошевский. История психология. М.1995ж. 3-ое изд.

**5.Лекцияның мәтіні:**
XIX – ғасырдың бірінші жартысы – психиканың даму тарихындағы елеулі кезең болды. Бұл кезеңде ассоциациялық бұрынғы тұжырым материалистік тұрғыдан нығая түсті. Т..Браун, Джеймс Милль, Дж.Ст.Милль сияқты зерттеушілер қолдады.

XIX ғасырдың ортасындағы психикалық іс-әрекет философиялық ілім жүйелеріне негізделіп психологияның өзіндік сипаты, зерттеу объектілері мен оның әдіс тәсілдері айқындалды. Сол кезеңге тән философиядағы позитивизм (Огюст. Конт—1798—1857), иррационализм (А. Шопенгауэр — 1788—1860), волюнтаризм, вульгарлық волюнтаризм бағыттары тұтынған қағидалардың мақсаты, түптеп келгенде, психикалық құбылыстарды идеалистік және кертартпа жолға салу еді. Мұндай бағыттар В.Вундт, Джемс, Бергсон, 3. Фрейд сияқты психолог ғалымдардың болашақтағы көзқарастарының қалыптасуына теріс ықпал етті. Вульгарлық материализм ағымы (Мелешотт, Бюхнер, Чольбе т. б.) деректі материализмді дәріптеп, адамның мидың қызметі түріндегі ойлауы бауырдың өтті бөліп шығаратыны сияқты қатынаста болады деген қате пікірді қолдады. Бұл зерттеушілердің психология саласына қатысты іргелі құбылыстарды қарастыруы сыңаржақты сипатта болып, адамның жан дүниесі жайындағы түбегейлі мәселелердің шындығын аша алмады. Адамның санасы мен жеке басына тән мінез-құлкының

тарихи тұрғыда әлеуметтік өмірімен, қоғамның жағдайымен ұштаса қалыптасатындығын XIX ғасырда орыс-
тың революцияшыл демократтары В.Г.Белинскйй(1811—1848), А. И. Герцен {1812-1870), Н.А.Добролюбов (1836—1861), Н. Г. Чернышевский (1827-1889) бірыңғай материалистік негізде гуманистік жолмен зерттейді. Сөйтіп, адам психикасының қыр-сырын табиғи тұрғыдан
іздестірді.Осы дәуірде психика мен сананың дамуы туралы диалектакалық және материалистік ілім өріс алып, ол өткен дәуірлердегі саяси экономикамен социолизм жайындағы болжамдармен ұштасты, Г.Гегель (1770-1831) өз еңбектерінде сананың тарихи дамуы даралық ерекшеліктерімен байланысты түрде қарастырды.

Психиканың дамуы, адамның табиғи мәні, оның қоғамдық рөлі және тарихи дамудың негізгі субъектісі екендігі К, Маркс, Ф. Энгельс, Л. Фейербах шығармаларында материалистік тұрғыдан баяндалды, адам қоғам мен табиғат жағдайына бейімделіп, өзінің белсенді іс-әрекеті арқылы барлық қажеттіліктерін өтейтін ақылды- ой иесі ретінде анықталды. Сөйтіп, XIX ғасырда адамның жан жүйесін зерттейтін ғылым сапалық жаңа мәнге ие болды, адамның табиғатпен, қоғаммен тығыз қатынаста болып, оған үнемі бейімделіп отыратындығы нақтылы іс-әрекеттер арқылы жүзеге асып, оның шынайы мәні айқындалды. Ғылымның мұндай жетістіктері психологияны дербес ғылыми пәнге айналдырды, оның өзіндік мақсат-міндеттері мен зерттеу әдістерін анықтады.

XIX ғасырдың ортасында психологияның дербес және тәжірибелік пән болып қалыптасуы нәтижесінде адамның жан дүниесінің сырын әр тарапты зерттеу қызу жүргізіле бастады. Психологияның мұндай талаптары жаңа салалары мен тармақтарының өркен жайып дамуына қолайлы жағдай тудырды. Осы жағдайлар адамтану ғылымдары арасында психологияның жетекші орын алатындығын айқын аңғартты және сол кезеңде бұл пәннің мынандай салалары өрбіді: **эксперименталъдік психология,** бұл сала қазіргі кезде жалпы психология деп аталады; **дифференциалды психология,** оның негізгі зерттеу обьектісі - адамның даралық ерекшеліктері; **балалар мен тәлім-тәрбие (педагогикалық) психологиясы; жануарлар психологиясы; әлеуметтік және мәдени-тарихи даму психологиясы; психотехника.** Психологияның дамуындағы осы кезеңде әртүрлі бағыт-бағдар мен түрлі ағымдағы мектептерде тарих сақынасына келіп бұл пәннің әртүрлі мәселелерін әрқили көз-қарастар тұрғысынан қарастырды. Олардың негізгілері мыналар:

1. **Құрылым психологиясы.** Негізін қалаған Э.Титченер, көрнекті өкілі В. Вундт**. Мақсаты** сананың құрылымын тәжірибелік тұрғыдан іздестіру.

**2. Вюрцбург мектебі** Батыс Европада АҚШ-та кеңінен тарады. Бұл мектептің негізі Германияда қаланды. Мақсаты психикалық процестерді тәжірибелік зерттеу арқылы талдау. Көрнекті өкілдері К.Марбе, А.Майер, Г. Уотт, А. Мессер, К. Бюлер.

**3.Американдық психологиядағы функционализм ағымы.**

Негізгі мақсаты-психолгия ғылымының жетістіктерін тәжірибеде қолдана отырып адамның мінез-құлқын зерттеу.

Көрнекті өкілі Р. Вудвортс.( 1869-1949).

**4.Бихевиоризм** - XX ғасырдағы психология ғылымын сипаттайтын американдық бағыт. Ол адамдардың құлқын жете қарастырды да сананы негізгі зерттеу объектісі деп санамайды. Бихевиоризмнің іргесін қалаушы Эдвар Терндайк (1874-1949).

**5. Гештальт психологиясы** – Германиядағы психологиялық мектеп. Оның негізін қалаған Макс Вертгеймер (1880-1943ж.ж). "Гештальт" немісше – түр, тұрпат, форма, құрылым – деген мағына береді. Бұл мектептің мақсаты-жеке психикалық процестердің құрылымын тәжірибе жүзінде зерттеу.

**6.Фрейдизм**- Бұл –Австрия ғалымы З.Фрейд (1856-1939 ж.ж) есімімен аталатын бағыт. Зерттеу ілімі **психоанализ** деп аталады. Бұл ілім адам өмірінің көп жақтарын

қарастырып, бірсыпыра ғылымдармен байланыста болады. Фрейд “Жеке адам құрылымындағы санасыз әрекеттерге назар аударды және оны зерттеу объектісіне айналдырады ол адам өз мінез құлықтарының туу себебін түсіндіре алмайды. Оларды санамен аңғаруға болмайды. Бұлардың нақты себептері ғана түс көру, сандырақтау, ырықсыз қозғалыс сияқты құбылыстарды зерттеу арқылы анықтауға болады”-деді. Фрейдистер теориясының мәні мынада: ол жеке адамды оның қалыптасуының әлеуметтік жағдайларынан толық бөліп алу, санасыздықты биологиялық негізді алға қою. Фрейдизм жеке адам психологиясындағы ең реакцияшыл бағыттардың бірі. Санадағы әлеуметтік фактордың ролін жоққа шығара отырып, ол мұнысымен буржуазиялық қоғамдағы билеуші таптардың былығымен қылмысын ақтайды. XIX-ғасырдың ортасынан бастау альп XX ғасырдың басында өрістеген психология пәнінің ілгері дамуына неміс психологтары көп үлес қосты.

XX ғасырдың 30-40 жылдарында капиталистік елдерде бихевиоризмнің психология ғылымының даму тарихында өзіндік бағыт-бағдары және ғылыми маңызы бар *когнитивтік бихевиоризм* (адамның ішкі дүниесін зерттеп, танып білу), *гипотезалық-дедукциялық бихевиоризм* (психологияның даму қисынын зерттеу), *операнттік бихевиоризм* және *неофрейдизм* тәрізді жаңа бағыттары пайда болды. Неофрейдизм (көрнекті өкілі -Х. Корни, 1885—1953) — биологиялық еліктеудің әлеуметтік факторлармен байланысын психологиялық тұрғыдан зерттесе, ал американ психологі Курт Левин (1890—1974) адамдардың белгілі бір топтарының қозғаушы күштерін, ондағы адамдардың өзара қарым-қатынасын қарастырып, «өріс» теориясын жасады. Бала ақыл-ойының дамуын, оның ойлауы мен сөйлеуін т. б мәселелерді бір жүйемен қарастырған біздің заманымыздағы көрнекті психолог маман-швейцариялық Жан Пиаже (I896—1980).

Бүгінгі таңда психология пәнінің өрістеп, дамуы адамды зерттеп, оның жан дүниесіне терең бойлау қажеттігінің артып отырғандығын көрсетеді.

**Лекция №10**

**1. Лекцияның тақырыбы:**

**Психологиядағы X1X – XX ғасыр шеңберіндегі теориялық тұжырымдамалар.**

**2. Қарастырылатын мәселелер.**

**1. Психологияның жеке ғылым ретінде дамуы.**

**2. Оның негізгі бағыттарының сипаттамасы.**

**3.Лекцияның мақсаты:**

Студенттерді психологияның даму тарихымен, психологияның жеке ғылым ретінде дамуымен және оның негізгі бағыттарымен таныстыру.

**4.Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История психология. М.1994ж.
2. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История и теория психология. М.1996ж.
3. В.А. Якунин. История психология. 1998ж.
4. Қ.Б.Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. А. 1996ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Развитие психологической мысли в Казахстане А. 1998ж.
6. А.Н.Ждан. История психология. 1997ж.
7. В.А. Якунин. История психология. 1996ж. 1-ое изд.
8. М.Г. Ярошевский. История психология. М.1995ж. 3-ое изд.

**5. Лекцияның мәтіні:**

Психологияның XIX ғасыр ортасында дербес ғылыми пәнге айналуының табиғи-ғылыми негізі-физика мен химия, физиология мен биология, дарвинизм мен рефлекс туралы ілім, сезім мүшелерінің психофизиологиясы мен психифизикалық зерттеулердің нәтижелері.

Психология пәнін өзге ғылыми пәндермен салыстыра келе, бұл пәннің тәжірибелік (эксперименттік) ғылым екендігін айқын сезіне аламыз. Бұл анықтаманың мәнісін әрбір психикалық құбылыстар мен психологиялық сипаттардың сырын, мән-жайын арнайы тәжірибелер қолданып анықтауға болатындығымен түсіндірген жөн. Осы орайда, біз бұл пәннің тәжірибелік ғылым ретінде бой көрсетуі бірқатар зерттеулерге және теориялық көз-қарастарға сүйене отырып баяндаймыз.

Мәселен, 1) В. Вундт және Ф. Брентано(1838—1917)көзқарастарындағы психикалық құбылыстардың әуел бастан«өзінше пайда болуы» деген пікірлердің дәрменсіздігі;

2).И. М. Сеченев зерттеулерінде организм мен оның тіршілік ортасы өзара қатынасы — алғашқы, ал психикалық құбылыстардың сол қатынастардан туындайтыны - нәтиже деп саналуы.

Сөйтіп, Сеченевтың материалистік бағыт ұстап, оның сол кездегі қоғамдық тарихи жағдайға тәуелді деп қарастырылуы;

3) Психологияның дербес тәжірибелік ғылым болып қалыптасуына тірек болған көзқарастардың философиялық және биологиялық негіздері;

4.) Әр кезеңде тарихи жағынан қалыптасқан, психологиялық бейнелеудің мәнін білдіретін организмнің биологиялық құрылымы;

5) Организмнің бейнелеу қасиеті жайындағы аристотельдік, декарттық және дарвиндік зерттеу нәтижелері.

## Психологияның жеке ғылым ретінде дамуы. Оның негізгі бағыттарының сипаттамасы

XVIII ғасыр ортасында ғылыми психология қалыптасты. Білімнің ғылыми формасы болу үшін зерттеу пәнін анықтап алған жөн. Қандай да бір психологиялық бағытта немесе ғылыми мектепте болмасын психологияда оның зерттеу пәні түсіндірілген және оның мәнін түсінуге болады.

XVIII ғасыр ғылыми психологияның құрылуы ағылшын эмпирикалық ассоциативті психологиясының өкілі Д.Гартлидің атымен байланысты. Біракта оның ерекше гүлденуі XIX ғасыр ортасында болды. Бұл уақытқа Дж.Ст. Мильдің, А.Бэннің, Г.Спенсердің еңбектері сәйкес келеді.

Дж.Ст. Миль сананы ассоцианистік кесте арқылы қарастырады, бірақ оның логикадан нақты психологиялық қызмет етуіне тәуелділігін көрсетеді. Дж.Ст. Мильдің көзқарасы бойынша ақыл заңдары бар, ол материя заңдарынан басқа, бірақ бір құбылыстан екіншісінің жалғасуындағы қажеттілікте, қайталануында, бірегейлігінде ұқсас болып келеді. Бұл құбылыстар бақылау және тәжірибе сияқты эмпирикалық мәліметтерді жинау әдістері арқылы ашылуы мүмкін. Сондықтан да "психикалық бір ізділікті" (сана феномендері) өз алдына бөлек зерттеу керек. Негізгі әдіс ретінде интроспекция болып табылады.

Александр Бэн өзінің назарын сананың ішкі жағдайынан қозғаушы, яғни ағза белсенділігін объективті бақылаушы мүмкіндікке қарай аударады. Қозғаушы жауаптар А. Бэн бойынша барлық психикалық құбылыстардың түсіндірмелі принципі болады. Қателіктер негізінде "конструктивті ассоциация" механизмі көмегімен адекватты жауаптардың қалыптасуы жүреді, осы арқылы сана іс-әрекеті ағза іс-әрекетімен жақындайды.

Г. Спенсер үшін психология пәні ретінде ағзаның қоршаған ортамен байланысы болып табылады. Біракта объективті психология өзінің мәліметтерін субъективті психологияда пайдалануы тиіс, яғни қаруы - «сананың өзінің ішке үңілуі» субъективтілігін жоғалтпауы керек. Басым әдіс ретінде интроспекция қалады.

Ассоционистік концепцияның өзегі ретінде жиілік заңдылықтары анықталынып, бұл заңдылық бойынша байланыстардың нығаюы оның қайталану функциясын білдіреді. Бұл

көбінде И.П. Павловтың, И.М. Сеченовтың, Э. Торндайктың, У. Джеймстің көзқарастарын анықтап берді.

**Тікелей тәжірибе психология пәні ретінде.** Психологияның жекеленген тәжірибелік ғылым ретінде құрылуында В. Вундтың бағдарламасы ерекше орын алады. Вундт бойынша психология пәні ретінде бақылау, интроспекция жолымен жеткен субъектінің тікелей тәжірибесі болып табылады. Вундт интроспекция процесін реттеуге ұмтылды. Ол физиологиялық тәжірибе, яғни объективті тікелей тәжірибені, яғни субъективтіні бөліп қарастыра алады, осылайша ғылыми түсініктерде индивид санасының архитектоникасын қайта құра алады. Тәжірибелік (физиологиялық) психологияны қалыптастырамын деген бұл идея оның ойында болған. Вундттың идеясы психологияда құрылымдық мектеп фундаментін қалап берді.

**Сананың интенционалды актілері психология пәні ретінде.**

Ф. Брентано өзінің зерттеу негізіне сананың белсенділік және объективтілік сияқты сапаларын жатқызады. Психология түйсік пен елестерді ғана емес, субъект жасайтын "әрекет" актілерінде (ойлау, талқылау және эмоционалды бағалау актілері) зерттеуі тиіс. Актсіз объект өмір сүрмейді. Өз кезегінде акт интенция деп аталатын бағытқа жүгінеді. Кейінірек функционализм деп аталған бағытта Брентано жұмыс жасаған.

**Психикалық іс-әрекеттің пайда болуы психологияның пәні ретінде.** И.М. Сеченов психикалық және физиологиялық пайда болулардың ұқсастығы туралы постулатты қабылдады. Сеченов үшін психикалық актінің нақты бастамасы бар, жалғасы және аяқталу уақыты бар процесс немесе қозғалыс деп түсіну негізгі ой болып саналды. Психологиялық зерттеудің пәні ретінде санада емес (немесе бейсана саласында) қатынастың объективті жүйелерінде таралатын процестер, мінез-құлық процестері болуы керек.

**Бейсаналық психологияның пәні ретінде.** XX ғасыр басында фрейдизм бағыты пайда болды. Зигмунд Фрейд психология пәні ретінде бейсаналықты сананың жасырын бөлігі деп есептеді. Қажеттіліктер мен мотивтер сирек ұғынылады, қажеттілік - бұл құштарлық, біз өзіміздің мінез-құлқымызды, бір нәрсені орындау тілегімізді, құштарлықты, бейсаналықты зерттеуді түсіндіре алмаймыз. Әрбір адам нені көргісі келсе, тек соны ғана көре алады. Ойлау да, ес те құштарлықпен бейсаналылық жетегіне еріп кетеді, адам әрекеттері терең ниеттенумен басқарылып отырады. Дәл осы терең ниеттену психологиялық ғылымның пәні болуы тиіс. Фрейд психоанализ әдісін ойлап тапты, бұл әдіс көмегімен адамның терең ниеттенуін зерттеуге және оларды басқаруға болады. Психоталдау әдісінің негізі ретінде еркін ассоциация, жаңылуды, түс көруді талдау болып табылады.

3. Фрейд бойынша адам мінез-құлқының тамыры - оның балалық шағында жатыр. Адам қалыптасуы мен дамуы процесіндегі негізгі рөлді сексуалдық инстинктер мен құштарлықтар алады.

Фрейд оқушысы А. Адлер әрбір тұлға мінез-құлқының негізінде сексуалды құштарлық емес, балалық шағында, яғни баланың ата-аналарынан, қоршаған ортаға тәуелділігі жоғары болған уақытта пайда болған өзін-өзі қанағаттанбаушылық сезімі жатыр деп есептеген.

К. Хорнидің неофрейдизмдік тұжырымдамасында ішкі тұлғалық жанжалдар негізінде байқалатын әрбір адамға тән "негізгі мазалануда" мінез-құлық анықталады. Хорни әрбір адамның қажеттіліктері мен олардың қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылықтарға мән береді.

К.Г. Юнг психика тек ерте балалық шақтың шиеленістерінің әсерінен ғана қалыптаспайды, ол сонымен бірге сонау ғасырлардан келген үлгілерден мұра болып келуі мүмкін. Сондықтан да психиканы зерттеу кезінде "ұжымдық бейсаналық" ұғымын ескерген жөн.

**Ақпаратты өңдеу процестері және осы процестердің нәтижесі психология пәні ретінде.** Когнитивті бағыт теориясы адам білімі мидың сыртқы ортадан алған ақпараттарымен немесе тумысынан ондағы біліміне ұқсас келмейді деген ойға мән береді.

Когнитивті психология ойлау процестері мен ақпараттың өңделуі процестерінің жүзеге асу жолдарын түсіндіруге тырысады.

**Адамның жеке тәжірибесі психология пәні ретінде.** Гуманистік психология ғылыми психологиядан алшақтап, басты рөлді адамның жеке тәжірибесіне бұрады. Гуманистік психолог-тардың пікірінше, адам өзін-өзі бағалай алады және өзінің тұлға ретінде дамуына жол таба алады (өзін-өзі таныту). Бұндай тұрғыдан келудегі

субъективтілік адамның өзі туралы ойы мен оның шын мәніндегі жағдайы арасында айырмашылықты орнатуды қиындатады. Осы тұрғыдан келу идеясы психологиялық тәжірибе үшін пайдалы болады, бірақ психология теориясына ешқандай үлес қоспады. Оған қоса, осы бағыт аясында зерттеу пәні тіпті жоғалып та кеткен.

**Мінез-құлық психологияның пәні ретінде.** Фрейдизммен қатар XX ғасыр басында бихевиоризм "Физиологиялық психологияның" сәтсіз тәжірибелік зерттеулеріне реакция ретінде пайда болды. Бихевиорюм немесе "мінез-құлықтың психологиясы" пәні - мінез-құлық болып табылады. Бихевиористердің (Уотсон, Торндайк) пікірінше, адамның өткен тәжірибесін ескере отырып және қоздырғыш күштерді біле отырып, адамдардың физиологиялық механизмдеріне мән бермей-ақ мінез-құлықтың жаңа формаларының қалыптасуы мен оны игеру процестерін зерттеуге болады.

Мінез-құлық ретінде сыртқы әрекеттер қарастырылған. Мінез-құлық - реакция соммасы. 8 - стимул (итермеші себеп), R. - реакция. Стимулдар жиынтығы сәйкесінше реакциялар жиынтығын туындатады: негативті стимул - негативті реакцияны, позитивті стимул - позитивті реакцияны оятады. Емтиханнан "өте жақсы" деген баға алғанда реакция басқа да, "қанағаттандырылмаған" бағасын алғандағы реакция басқаша болады. Егер жануарлар баласын жаттықтыратын болсақ, онда олардың мінез — құлықтарында айтарлықтай өзгешеліктер байқалады. Мінез-құлықтың ішкі себептерін зерттеу мақсатында тышқандарға тәжірибелер жүргізілді.

Американ психологы Дж. Уотсон И.П. Павловтың зерттеулері негізінде игеруде сана ешқандай рөл атқармайды деген қорытындыға келді. Оған психологияда орын жоқ дейді ол. Мінез-құлықтың жаңа формаларын шартты рефлекстер ретінде қарастырған жөн. Олардың негізінде бірнеше тумысынан болатын немесе шартсыз рефлекстер жатыр. Уотсон және олардың қызметкерлері сынау және қателер арқылы игеріп-үйрену теориясын ұсынды. Одан кейін стимул әрекеті мен мінез-құлықтың реакциялар арасында келіп түсетін ақпараттардың белсенді қайта өңдеу процестері өтетіндігі белгілі болып, ол процестерсіз жануарлардың немесе адамдардың жеке стимул-дарына беретін реакцияларын түсіндіру мүмкін емес болды. Осылайша, необихевиоризм (Толмен және т.б.) мен оның ең басты түсінігі "аралық өзгермелілігі" пайда болды. Оның негізін кестелі түрде келесідей етіп көрсетуге болады:

8 —► O — R аралық өзгермелілік ендіріледі

O — аралық өзгермелілігі (қара жәшік)

**Іс-әрекет психологияның пәні ретінде.** Кеңес психологиясының негізінде іс-әрекеттік бағыт жатыр. Бұл бағыт іс-әрекеттің ерекше формасы ретінде және сыртқы тәжірибелік формаларынан туындайтын іс-әрекет сияқты психика мен сананы қарастырады. 1940 жылдары психологиялық мектептің зерттеушілері С.Л. Рубинштейн мен А.Н. Леонтьев ұсынған іс-әрекеттік бағыт қалыптасты. Қазіргі уақытта бұл екі нұсқаларда олардың ізбасарларының арқасында дамып отыр. С.Л. Рубинштейн іс-әрекеттік бағыттың теориялық принципінің негізі немесе сана мен іс-әрекеттің бірлік принципін қалыптастырды. Психологияда іс-әрекеттік бағыт барлық саланы да қамтитын бағыт болып табылады. Мінез-құлықтан іс-әрекетке көшуге америкалық зерттеушілерде қосылды (Тулминнің 1987 жылғы "Вопросы философии" журналындағы "Психологиядағы Моцарт" мақаласын қара).

Іс-әрекеттік бағыт тәжірибеге қандай үлес береді? Мәселен, А.Н. Леонтьевтің зертханасында қабылдау психологиясы зерттелген болатын. Осы зерттеудің негізінде қабылдау формуласы пайда болды. Қабылдау пассивті емес, ол белсенді процесс екендігі анықталды. Осылайша, қабылдаудың жаңа концепциясы пайда болды. Оның негізінде қорғаныс министрлігінің тапсырмасы бойынша жаңа оптикалық қолданыс құрылды, енді танкистің көздеп атуы танк қозғалсада іске асатыны мүмкін болды. Бұл зерттеулер іс-әрекеттік тұрғы теориясына негізделген.

Тағы бір мысал, Е.Н. Соколовтың зертханасында 5 курс студенті Чингиз Измайлов түсті көрудің психологиялық теориясын ойлап тапты. Осы теорияның негізінде түсті кинескоппен құру мүмкін болды. Кейінірек осы зерттеудің негізінде жапондықтар жаңа кинескоптарды жасау технологиясын құрастырды. Осындай ғылыми-техникалық творчестволық табыстардың негізінде қабылдаудың іс-әрекеттік концепциясы жатыр. Ол ракетаны басқару мәселесін шеше алады (инженерлік психологтардың жұмысы). Осылайша, психология ғылым ретінде прогреске тікелей әсер ете алады.

**Лекция №11**
**1. Лекцияның тақырыбы:**
**Х1Х – ғасырдың екінші жартысы мен ХХ – ғасырдың басындағы эксперименттік психологияның дамуы.**

**2. Қарастырылатын мәселелер.**
**1.И.М.Сеченовтың тарихи ролі.**
**2. Кеңестік дәуірде психология ғылымын қалыптастыруда ерекше еңбек сіңірген психолог ғалымдарымыз туралы.**

**3.Лекцияның мақсаты:**
Студенттерді ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында отандық ғалымдардың психологиялық көзқарастарымен материализм мен идеализмнің, ғылым мен діннің шиленіскен күресі жағдайымен таныстыру.

**4.Пайдаланатын әдебиеттер:**
1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История психология. М.1994ж.
2. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История и теория психология. М.1996ж.
3. В.А. Якунин. История психология. 1998ж.
4. Қ.Б.Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. А. 1996ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Развитие психологической мысли в Казахстане А. 1998ж.
6. А.Н.Ждан. История психология. 1997ж.
7. В.А. Якунин. История психология. 1996ж. 1-ое изд.
8. М.Г. Ярошевский. История психология. М.1995ж. 3-ое изд.

**5.Лекцияның мәтіні:**

Отандық ғылыми-педагогикалық ой-пікірдің ертеден қалыптасқан тарихы мен дәстүрі бар. Оның тарихи тамырлары өз бастауын ХІХ ғасырдан алады. Біздің елімізде психологияға деген қызығушылық тарихи тұрғыдан қоғамдық ғылыми білімнің дамуымен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік үрдістерді дұрыс түсінуде қоғамдық ұмтылыспен, адамгершілік, педагогикалық, діни, құқықтық сипаттағы проблемаларды қою және шешумен байланысты.

ХІХ ғасырдың екінші жарғысы мен ХХ ғасырдың басында отандық ғалымдардың психологиялық көзқарастары материализм мен идеализмнің, ғылым мен діннің шиленіскен күресі жағдайында қалыптасты. Біздің елімізде психология ғылымының жаңа бағытын талдауға алғашқылардың бірі болып сұраныс берген, сол кездегі әлемде үстемдік еткен бағыттардан өзгеше, аса көрнекті орыс физиологі И.М.Сеченовтың еңбектері болып табылады. Ол материалистік бағытты ұстана отырып, психикалық құбылыстар ағзаның рефлекторлық қызметінің құрамына кіретіндігін көрсетті, рефлекстің бөлінбейтін бөлігін құрайды, сонымен қатар органикалық үрдістер ретінде мінез-құлықты басқарады.

ХІХ ғасырда кең тараған, үстемдік еткен ескі интроспективтік психологияны жақтаушылар психикалық құбылыстардың мәні мен рөлін осылайша түсіндіріп, түпкілікті жоққа шығарған болатын.

Өткен ғасырдың аяқ кезінде Ресейде И.М.Сеченовты жақтаушылар мен ескі психологиялық мектептің арасында өткен ғылыми пікірталас өте қызу түрде жүргізілді.
И.М.Сеченов интроспекция әдісін психикалық құбылыстарды тану әдісі ретінде жоққа шығарды, ал оның қарсыластары ол әдісті психикалық құбылыстардың мәнін түсінудің негізгі тәсілі ретінде қарастырды. Біздің елімізде психологиялық білімді одан әрі дамытуда, оның ішінде іс-әрекеттің психологаялық теориясын талдауда Сеченовтың идеялары В.М.Бехтерев және И.П.Павлов сияқты белгілі отандық ғалымдардың еңбектеріне ықпал етті. Сеченовтың ықпалымен ағзаның рефлекторлық қызметі туралы

ілімді В.М.Бехтерев, И.П.Павлов сияқты талантты ғалымдар негіздеді. Олар орталық жүйке жүйесі жұмысының қызметін әртүрлі атаған болатын: Бехтерев "біріккен рефлекс", ал Павлов - "шартты рефлекс" деп атады. Олар алғаш рет психологияға мінез-құлықты (реакцияны) зерттеу пәні ретінде енгізді. Бірақ бихевиоризмді жақтаушылармен сол кезде жұмыс істеген Бехтерев пен Павлов және мінез-құлықты зерттеген отандық физиолоттордың арасында ерекше қағидалық айырмашылықтар болды.

Бихевиористер сананы, психиканы жоққа шығарды. "Бехтерев пен Павловтың бихевиористерден айырмашылығы, - деп жазды М.Г.Ярошевский, - олар сананың да рөлін, субстракттылықтың да рөлін жоққа шығарған емес". Олар жаңа материалистік психологаяның қалыптасуы үшін ғылыми - жаратылыстану негіздерін қалады, оның қалыптасуы мен дамуы қазан төңкерісінен кейін іске асты.

Қазан төңкерісінен кейін психология ғылымының дамыған ақуалы қарама-қайшылықты және күрделі болды. Біріншіден, отаңдық физиологияда қалыптасқан жетістіктер мен дәстүрлер болды, оның негізінде жаңа психологиялық ілімді талдауды бастауға болар еді. Екіншіден, кәсіби психологтардың арасында субъективтік идеалистік психологая өз ықпалын күшті, әрі толық сақтаған. Үшіншіден, әлемдік психологияда бұл кезеңде басталған тоқырау өзін көрсете бастады. Төртіншіден, елімізде жаңа қалыптасып келе жатқан бағыттар ене бастады, (бихевиоризм, гештальтпсихология, фрейдизм). Тоқырау жылдарында қалыптасқан өлемдік психологияның үш бағыты отандық психология ғылымына әсерін тигізді. Бихевиоризмнің ықпалы, мәселен, К.Н.Корниловтың реактологиясында, М.Я.Басовтың ғылымдағы мінез-құлық туралы ілімдерінде айқын аңғарылды. Гештальтпсихология идеялары Л.С.Выготский бастаған бір топ психологтардың еңбектеріне ықпал етті. Олардың ішінде кейбіреулері, мәселен, А.Р.Лурия психоталдау идеясын зерттеуге әрекет жасады.

Бірақ әлемдік ғылымдағы жаңа бағыттарға еліктеу ұзаққа барған жоқ. Тез араның ішінде кеңестік психология ғылымы дамудың өзіндік жолына түсті, 20-жылдардың аяғына дейін жан-жақты толық ашылды, әсіресе, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ерекше дами түсті.

XX ғасырдың екінші онжылдығының аяғына таман қалыптасқан бұл тенденцияларды практикалық іске асыру отандық ғылымға тән психологияның негізгі проблемаларын талдау ғылыми мектептер мен бағыттардың қалыптасуына себепші болды: Д.Н.Узнадзе ұстаным теориясы және мен соған ғылыми мектепті басқарды, психикалық үрдістердің қалыптасуы мен дамудың мәдени - тарихи теориясының негізін салушы Л.С.Выготский болды, ойлау теориясы СЛ.Рубинштейннің және оның ізбасарларының еңбектерінде одан әрі дамыды.

Кеңес психология ғылымының теориялық және әдіснамалық негіздерін қалаған бұл кеңес ғалымдарының аға буыны болып табылады, ал практикалық -эксперименталдық түрде оны талдау кеңес психологтарының келесі буынының еншісіне тиді, оның ішінде аты әлемге танымал Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьеэ, А.В.Запорожец, А.Р.Лурия, П.Я.Гальперин, Д.Б.Эльконин, Е.Н.Соколов, АА.Смирнов және т.б. есімдерін атауға болады. Олардың негізгі еңбектері 30-60 жылдардың арасында дүниеге келді. Кеңес психологиясы тарихының екінші кезеңін құрайды. Екінші кезеңге тән ерекшелік жекелеген мектептер мен бағыттардың төңірегіне ғалымдардың шоғырлануы тән, олар ұзақ мерзім салыстырмалы түрде бір-біріне бағынышты болмады, сонымен қатар зерттеушілік күш-жігер негізінен таным үрдістерін зерттеуге арналды: зейінді, қабылдауды, есті, ойлау мен сөйлеуді талдады.

Б.Г.Ананьев қабылдау, педагогикалық бағалау психологиясы, адамтанудың жалпы мәселелерін зерттеуге ерекше үлес қосты. Оның ерекше сіңірген еңбегі Ленинград университетінде психология факультетін құру және "Ленинград психологтарының мектебі" атымен біріккен белгілі ғалымдардың үлкен тобын даярлаумен байланысты.
С.Л.Рубинштейн мен А.Н Леонтьев Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінде психология бөлімі мен факультетін құруда ерекше ұйымдастырушылық

рөл атқарғандығын айтпай кетуге болмайды, сонымен қатар А.Н.Леонтьев қабылдау, ес, сана, жеке тұлға және психикалық даму проблемаларын теориялық және эксперименталдік тұрғыдан зерттеуге, елімізде психология ғылымын дамыпуға орасан зор үлес қосты. Ол психологаялық "іс-әрекет теориясы" деп аталатын жаңа психологиялык теорияның негізін салды, соның нәтижесінде қабылдау, ес, ойлау, сана мен жеке тұлға үрдістері бұрын соңды болмаған ерекше шешімін тапты. Бұл теория өз төңірегіне психолог ғалымдардың аға буын өкілдерін топтастырды. А.Н.Леонтьевтің жетекшілігімен 40-50 -жылдары мен 60-70 жылдары өз беттерімен зерттеу жолына түсті.

Елімізде кеңестік дәуірде психология ғылымын қалыптасгыруда ерекше еңбек сіңірген қарымды да майталман психолог ғалымдарымыз Б.Г.Ананьев, П.П.Блонский, Л.С.Выготский, А.В.Запорожец, А.Р.Лурия, Г.С.Костюк, А.Н.Леонтьев, СЛ.Рубинштейн, АА.Соколов, ААСмирнов, Б.М.Теплов, Д.Н.Узнадзе және т.б. ерекше айта аламыз. Москва, Киев және Тбилиси қалаларының психология ғылыми-зерттеу институттары және Москва, Ленинград Тбилиси, Перьм, Рязань, Владимир және басқа қалалардың университеттері мен педагогикалық институттары ғылыми-психологиялық ой-пікірдің орталығына айналды.

30-жылдардың орта кезінің өзінде кеңестік психология ғылымының негізгі қағидалары қалыптасты: детерминизм қағидасы, сана мен іс-әрекеттің бірлігі қағидасы, психиканың іс-әрекетте даму қағидасы.

Алдыңғы қатарлы кеңес психологтары психология ғылымының алдында тұрған міндеттерді айқындап берді, осы міндеттерді шешу негізгі педагогакалық проблемаларды іске асырудың нәтижесіне тікелей байланысты. Кеңес психологтары педагогикалық психология саласында біршама іс тындырды (Л.В.Занков, В.В.Давыдов, П.Я.Гальперин, НА.Менчинская, Д.Б.Эльконин, Ш.А.Амонашвили және т.б). А.В.Запорожец Д.В.Элькониимен бірге балалар психологиясының негізін қалады. АВ.Запорожецтің ғылыми зерттеу саласына қабылдау, қозғалыс және эмоция проблемалары кірді. А.В.Запорожец КСРО Педагогикалық ғылым академиясының мектепке дейінгі тәрбие институтының ұйымдастырушысы және жетекшісі болды. Д.В.Эльконин ойын теориясы мен бала психикасы дамуының авторы ретінде белгілі ғалым, сонымен қатар В.В.Давыдовпен бірге мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларды оқытудың жаңа тұжырымдамасының авторы болды. Д.В.Эльконин — жұртшылыққа танымал балалар психологиясы оқулығының авторы, ол оқулық бойынша педагогтардың бірнеше буыны оқып-білім алды.

## Лекция №12

**1. Лекцияның тақырыбы:**
**Психологиядағы әлемдік мектептер.**

**2. Қарастырылатын мәселелер.**
**1. ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы психология дағдарысы.**
**2. Батыстық психологияның бүгінгі даму бағыты.**

**3.Лекцияның мақсаты:**
Студенттерді психологияның даму тарихымен, ХХ ѓасырдыњ 20-30 жылдарындағы психология даѓдарысымен және Батыстық психологияның бүгінгі даму бағытымен таныстыру.

**4.Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История психология. М.1994ж.
2. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История и теория психология. М.1996ж.
3. В.А. Якунин. История психология. 1998ж.

4. Қ.Б.Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. А. 1996ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Развитие психологической мысли в Казахстане А. 1998ж.
6. А.Н.Ждан. История психология. 1997ж.
7. В.А. Якунин. История психология. 1996ж. 1-ое изд.
8. М.Г. Ярошевский. История психология. М.1995ж. 3-ое изд.

**5.Лекцияның мәтіні:**

**XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы психология дағдарысы.**

XX ѓ. басында µркендей бастаѓан ѓылым мен µндіріс-экономикалыќ талаптарына орай сана (интроспекттік) психологиясынышь даѓдарысы ќылањ берді. Интроспекттік психология практикалыќ ќолданба енгізулерді ќажет еткен капиталистік µндіріс проблемалары алдында µз дєрменсіздігін байќатты. Онышь субъектив єдістері ќоѓамнышь объектив ќажеттіліктеріне сай келетін ±сыныстарѓа шамасы жетпеді. Осыдан психология зерттеулерін жањa, объектив єдістер т±ѓырына орныќтыру жолдары іздестіріле бастады.

Сана психологиясын дағдарысы, сонымен бірге, ғасыр аяғында Францияда кең өріс алған невропатология және психиатрия саласындағы зерттеулердің нәтижесімен де байланысты еді. Бұл зерттеулер адам психикасын кейде саналы басқарылмайтын құбылыстар мен көрініс беретінін дәлелдеді. Мұндай бей санаға тәуелді әрекет қылықтар эксперименталды және клиникалық талдауға алынды. Осының нәтижесінде психология сана жөніндегі ғылым емес деген пікір пайда болды.

Бұл дәуірдегі психологияның қарқынды дамуына Ч. Дарвиннің эволюциялық тағылымыда үлкен ықпал жасады. Бұл ілімге орай барша психологиялық дүние қоршаған ортамен тіршілік иесінің икемдесу әрекетінен ажырауы мүмкін емес деген тұжырым орнықты. Эволюциялық теория ықпалында интроспекция әдісін қолдану мүмкін емес бала мен хайуанат психикасын зерттеу етек алды.

Осылайша әртүрлі ықпалдар мен жағдайлар ғылымда бірнеше жаңа психологиялық теориялардың туындауына себепші болды. Жаңа теория өкілдері сана психологиясын психика жөніндегі жаңа тұжырымдамалармен толықтыру немесе оны ауыстыруды мақсат етіп қойды.

**Генетикалық психология.** Швейцария ғалымы Ж.Пиаженің генетикалық психология теориясы психология ғылымының кең өріс жайған бағыттарынның бірі. өз зерттеулерін негізге ала отырып, Ж.Пиаже генетикалық әдісті психологиялық болмысты тануда жетекші әдіснамалық принцип дәрежесіне көтерді.

Өз зерттеулерінде ғалым бала ақыл-есінің қалыптасуына назар аудара отырып, ғылыми психологиядағы зерттеулер бала интеллектінің дамуын байқаудан басталып, сол арқылы ересектердегі интеллект табиғаты мен қызметін білуге болады деп пайымдады.

Пиаженің негізгі міндеті адам интелектінің құрылымын зерттеу. Осы құрылымды ол қарапайым органикалық тіршіліктің эволюциялық даму барысында жеткен нәтижесі деп білді, яғни интеллекттік күрделі ақыл-естің жай психикалық элементтерден құралатынын дәлелдемекші болды.

Пиаже тұжырымының ең үлкен қатесі-баланың біртұтас дамуын ескерместен, ақыл-естің өрістеу тұғырын интеллекттің өзінен іздеді, ал сананы дамытушы факторлар арасында ол қоғамдық тарихи әрекет болмысына ешқандай орын қалдырмады.

Пиаженің теориялық тұжырымдары жоғары деңгейдегі ойлау қабілетінің көзі өткендегі ой мүмкіндіктерінде болатынын дәлелдеп бақты. Ой қабілеті өзінен-өзі бітпейтінін, ал адам даму қасиеті екенін, сол адамның адамгершілік қасиет қатысымен шыңдалған сайын оның санасының жан-жақты дамып, ойлау дәрежесінің көтерілетінін тіпті көре білмеді.

Генетикалық психология зерттеулеріндегі ең үлкен олқы-кемшілік: интеллект даму деңгейінің бірінен екіншісіне өтуде оқудың маңызы орынды бағаланбай, әлеуметтік-қоғамдық фоктордың жеке адамның қалыптасуындағы мәні жоққа шығарылды.

**3. Батыстық психологияның бүгінгі даму бағыты.**

Ашық дағдарыс кезеңдерінде пайда болып, кейін елеулі µзгерістерге кезіккен айтарлықтай маңызды теориялық бағыттар (необихевиоризм, енофрейдизм, гештальтпсихология) 60 жылдардың басында µздерінің б±рынғы абыройынан айырыла бастады. Єрекет-қылық пен психиканы т‰сіндірудегі теориялық ішкі қайшылықтар олардың негізгі бастау позицияларын қайта қарастыруды талап етті. Б±л дағдарыстардың аса бір мєнді себебі-экспериментальды зерттеулер мен теориялар саласында жаңа µнімді кµзқарас, бағыттардың туындауынан болды: танымдық іс-єрекет зерттеулері аймағында когнитивтік психология , гуманистік психология, ми жµніндегі ғылымдар шеңберінде адам санасын зерттеуге орай - нейрофизиология , нейроморфология, нейропсихология, қанат жайған жєне бір бағыт-б±л адам психологиясы еді.

Осы ғылыми – теориялық бағыттардың қысқаша сипаттамасына тоқталайық.

Қазіргі заман психологиясының аса маңызды артықшылығын танытқан ғылыми ағым когнитивтік психология болды. 60-жылдардың аяғында АҚШ –та б±л бағыт бихевиористердің єрекет-қылып талдауында психологиялық элементтерді елемеуі мен танымдық дамуда ескермеуіне қарсылық білдірумен ғылым сахнасына келген еді. Когнитивтік психология необихевиористер зерттеулерінің нєтижесінде пайда болып., белсенді мағл±мат жинау мен ақпарат µңдеуші адам организмі ж‰йелі қ±рылым деген танымды єрі жалғастырды, яғни адам єрқилы ақпараттарға ықпалды єсер етуге қабілетті: бµтен таңбалар формасына келтіре алады, одан єрі µңдеу ‰шін µз қажетіне керек ақпаратты бµліп алады немесе керексіз мєліметті ж‰йеденб‰тіндей аластайды. Когнитивтік психологияның кµрнекті µкілдері Дж.Брунер, Д.Норман, Л.Фестингер, Ф.Хайдер, У.Найсер, П.Лиднсей, Г.Саймон .

Б±л бағыттың б±л к‰нде бірнеше салалары бар. Солардың ішінде ең танымал болғаны **есептеу варианты**, м±нда танымдық процестер шектен тыс механистік негізде т‰сіндіріледі: психика сигналдарды µзгеріске келтіруші т±рақты қабілетке ие тетік к‰йінде қарастырылады. Єсіресе таным процесіндегі ішкі когнитивтік қ±рылымдар мен ізденуші организм белсенділігіне аса мєн беріледі.

Когнитивтік психологияның негізгі зерттеу аймағы танымдық процестер – ес, тіл мен сµздің психологиялық қырлары, қабылдау, ойлау, зейін, қиял жєне танымдық даму. Б±л таным психологиясының єдістері жеке адамның кµңіл-к‰йі мен себеп-т‰рткілерін, сонымен бірге єлеумет психологиясын зерттеуге де қолданылды. Адам танымының барлық формалары электрондық есептеу машиналарына ±қсастығымен ақпарат жинау жєне µңдеудің бір ізді блоктары ретінде бағаланды. Адамның ақпарат µңдеу, сақтау жєне пайдалануына байланысты танымдық белсенділігінің белгілі деңгей дєрежесінде кµрінетіні жµнінде пікір пайда болды. Ес, қабылдау процестері, зейін, ойлау мен оның сµзбен не сµзден тыс берілетін бірліктері кµптеген қ±рылымдық моделдерге келтіріледі.

Дегенмен, когнитивтік психологияда танымдық процестерді жете т‰сіндіре алған т±тас бір теория қалыптаса қоймады. Субъект проблемасынан алшақ т±румен, когнитивтік психология психикалық єрекеттің иесі деп єсерленген бір дерексіз бастаушыны (гомункулюс) мойындауына мєжб‰р болды. Когнитивтік психологияның б±дан былайғы µміршеңдігі осы єдіснамалық қиыншылықтан қ±тылудың жолын табуға байланысты. Оны уақыт кµрсете жатар.

Бихевиоризм мен психоанализ теорияларына тікелей қарсылығымен танылған ірі бағыттардың жєне бірі б±л гуманистік психология. Гуманистік психологияның негізін қалаушылардың алдына қойған мақсаты-бихевиоризм мен психоанализді дєріптеушілердің адам мєселесіндегі ауытқуларын орнына келтіріп, шындыққа жақындау, µміршең психологияны таңдап алу еді. ¤з зерттеулерінің объекті ретінде гуманис-психологтар салауатты, шығармашыл жеке адам т‰сінігін таңдады. М±ндай міндетті б±л уақытқа дейін ешбір психологиялық ғылыми мектеп µз мойнына артқан емес еді. Б±лар талдауындағы жеке адамның мақсаты-µзін-µзі кемелдендіру жєне м‰мкіндіктерін µз к‰шімен ашып, жая білу.

Гуманистік бағыт кµрнекті µкілдерінің бірі Абрахам Маслоу еді. Ол жеке адам психологиясын есі ауысқандарды зерттеумен білу м‰мкін еместігін қадап айтқан. Маслоу адам іс-єрекетінің, адамның мінезі мен қылығының негізі сол адамның µзін-µзі таныту мен µз м‰мкіншіліктерін ашуға деген қажеттілік бірнеше қызметпен байланысты. Біріншіден, м±ндай гуманистік қажеттілік-адамдарға, қоғамға тек жақсылық келтіруге ±мтылу (адам табиғатынан қайырымды). Ч.Дарвин теориясын µзінше т‰сіндірген Маслоу, тек жыртқыш та к‰шті хайуанаттар ғана µмір с‰руге бейімді деген Ч.Дарвиннің ±йғарымымен келіспей, б±л жануардың негізгі инстинкті еместігін дєлелдеуге тырысты: тоқ арыстан кµрінгенге тап бермейді. Оның жыртқыштығы икемденудің амалсыз қ±ралы. Маслоу жануардағы µз ±рпағын жалғастыруға деген инстинкт адамдағыдан бірде кем еместігін, ал сол инстинкт оларды бір-біріне кµмектесуге мєжб‰рлейтінін талай баса айтқан.

Екіншіден, адам µз болмысына орай кемелденуі тиіс, яғни адам µзінің барша м‰мкіндіктері мен қабілеттерін орнымен пайдаланып, µзіне ж‰ктелген жоғары адамгершілік борыштарды атқаруға міндетті. Ал м±ндай міндетті атқару қажеттілігі, Маслоуше, тек дені сау салауатты адамдарда туындайды. Есі кеткендер мен ж‰йке сырқатына шалдыққандар µз алдының осы µз м‰мкіншіліктерінен д±рыс та толық пайдалана алмай, қанағаттану рахатына бµленбегенінен болып отыр.

Гуманистік психология т±жырымының µзегі: адам µз бойында алғашқыдан қалған, қолынан келетінінің бєрін ж‰зеге шығаруы тиіс. Егер онда қ±рттайынан актерлік байқалса ол актер болуға ±мтылуы тиіс, ойлау қабілеті дамыған болса ғалым болуға тырысуы қажет. Егер адам осыны істемесе, µмір жағдайлары б±ған кедергі жасайтын болса, “болуы тиіс еді, неге болмады?”-деген шешімін таппай, µз бойы мен ойындағы бітпес дау-дамайға тап болып, ж‰йке сырқатына кезігеді.

¤з м‰мкіншілігін ашудың мєні не? Маслоу пікірінше, б±л-тума қ±былыс, адамның табиғи қасиеті. Єрбір адам қайрымдылық, адамгершілік, тілектестікке деген қажетсінумен д‰ниеге келеді. Б±лардың бєрі адам µзегінде, оның міндетті осы гуманистік қажеттерді іске асыруда белсенділік кµрсету. Осы идеясымен Маслоу фрейдистер кµзқарасына тікелей қарсы шықты (Фрейд адамның єлеуметтенуін оның негізгі инстинктеріне шек қою деп білді.)

Маслоу бірінен біріне к‰рделене ауысып отыратын адам қажеттіліктерін жіктеп, кµрсетіп берді.

1) физиологиялық қажеттіліктер
2) қорғаныс қажеттіліктері
3) қорек-тағамдық қажеттіліктер; осылардың бєрінен жоғары адамгершілік (гуманоидтық) қажетсінулер, яғни
4) шындық, қарапайымдылық, єділдікті керек ету.

Міне, осылардың бєрі µз м‰мкіншіліктерін µз белсенділігімен іске асыруына байланысты адамда кµрінетін жалпы қажеттіліктердің мазм±нын қ±райды. Қажеттелектерге орай Маслоудың осы т±жырымның біз ‰шін аса қызықты тарапы: µзіндік кемелдену адамға тума дарығанына қарамастан, алдыңғы ‰ш топ қажеттіліктер орындалған жағдайда ғана шын мєніндегі µз кµрінісін береді. Д±рыс т±жырым, алайда Маслоу тағлиматының кемшілігі де осы пікірде: егер кей адамдардың алғы ‰ш топ қажеттіліктерге орай қанағаттануы болмаса, онда єділдік, µз қадірін білу, сыйластық қ±саған гуманистік қажеттіліктер қалай қалыптасады? Б±л жағы Маслоу теориясында ж±мбақ. Маслоу антропологиялық бағдар шырмауынан шыға алмай, қажеттіктердің єлеуметтік қорына мєн бермеді.

Маслоу теориясының басты кемшілігі-оның биологизаторлық пікірден аса алмағандығында, єлбетте, біздің қайрымды, игілікті болып д‰ниеге келетініміз, жаман болу біздің еркімізде еместігі-єрқайсысымыздың да кµңілімізге қонымды. Бірақ инабаттылық қасиеттері табиғаттан берілмейтіндігін мойындаған жµн: қайрымды болып та туылатын адам жоқ, жатырынан жауыз болатын да пенде єзірге кµргеніміз жоқ.

Б±лардыњ бєрі µмір барысында ќалыптасады. Адамгершілік, этикалыќ ќасиеттерді тума ќ±былыс деп тану-биологиязациялыќ даѓдарысќа тірелудіњ басы.

**Лекция №13**

**1. Лекцияның тақырыбы:**

**Марксизм философиясына негізделген кеңес психологиясының қалыптасуы.**

**2. Қарастырылатын мәселелер.**

1. **Кеңестік психология ғылымының қалыптасуы мен дамуы.**
2. **Қазан төңкерісінен кейін психология ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдар туралы.**

**3. Лекцияның мақсаты:**

Студенттерді психологияның даму тарихында кеңестік психология ғылымының қалыптасуы мен дамуы туралы және қазан төңкерісінен кейін психология ғылымының дамуына үлес қосқан ойшылдармен таныстыру.

**4.Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История психология. М.1994ж.
2. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История и теория психология. М.1996ж.
3. В.А. Якунин. История психология. 1998ж.
4. Қ.Б.Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. А. 1996ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Развитие психологической мысли в Казахстане А. 1998ж.
6. А.Н.Ждан. История психология. 1997ж.
7. В.А. Якунин. История психология. 1996ж. 1-ое изд.
8. М.Г. Ярошевский. История психология. М.1995ж. 3-ое изд.

**5.Лекцияның мәтіні:**

Ресейдегі 1917 ж қазан төнкерісіне дейінгі психологиялық ой-пікірлерді жинақтап топтастыратын болсақ, бұл пәннің дамып өрістеуінің Батыс елдері мен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктерден адамгершілік, тәлім-тәрбиелік, діни көзқарастармен хұқықтық жағдайлардың шиеленісті болғандығын айқын аңғарамыз.

Ресейде психологиялық ой-пікірлер негізінен 2 бағытта өрістейді:

1. Бостандық жолындағы жалпы халықтық қозғалыстағы сана - сезімінің даму
2. Ресми идеология.

И.М.Сеченовтің "Бас миының рефлексі" деген еңбегі Ресейдегі психология ғылымының дамуы үшін жаратылыстық - ғылыми негіз болды, сөйтіп материалистік психологиялық ой-пікірлердің дамуына күшті ықпал етті. Сонымен қатар қазан төңкерісіне дейінгі Ресейде Г.И.Челпановтың, кеңестік кезінде В.М. Бехтеревтің, И.П. Павловтың зерттеулері, Н.Е. Введенский мен А.АУхтомскийдің рефлекске байланысты ашқан жаналықтары психологияның табиғи-ғылыми негізін одан әрі өрістетуге жол ашты. 1930 жылдары әлеуметтік өмір мен тәлім- тәрбие істерін жандандыруда педологиялық бағыттың адам ақыл-ойын зерттеу негізінде жүргізген тәжірибелік істері елеулі нәтижелер берді. Алайда, 1936 жылғы БК(б)П мен Кеңес Үкіметінің өктемдік саясатына орай, бұл бағыт Наркомпрос системасындағы педологиялық бұрмалау және идеалистік ілім деген атпен айыпталып, ғылыми тәжірибеден аластатылады. Дегенмен, өмір тәжірибесі көрсеткендей, кезінде педологияның обьективті тұстары болды.

Кеңестік дәуірде психология ғылымының негізін қалауға П.П. Блонский, К.Н. Корнилов, Б.М. Теплов т.б. айтарлықтай үлес қосты. Психика дамуын әлеуметтік тарихи тұрғысынан зерттеп, көптеген еңбек жазған Л.С. Выготский және іс-әрекет психологиясы мәселелерін зерттеген С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев т.б. еңбектері бұл ғылымның методологиясы мен принциптерін жаңа сипатта дамуға бағдарлады.

Қоғамның тарихи дамуының мұқтаждығының экономика мен идеологиялық мәдениеттің өрістеуіне сәйкес кеңестік дәуірде психологияның көптеген салалары мен тармақтары дамып жетіліп жеке-жеке ғылыми пәнге айналды. Соның нәтижесінде тәлім-тәрбие психологиясының даму қарқыны мен оның қамтыған мәселелері әр алуан және сан қырлы болғанын ерекше атап көрсеткен жөн.

## Лекция №14

**1. Лекцияның тақырыбы:**

**Соғыс жылдары(1941-45) мен 80-жылдардың ортасына дейінгі кеңес психологиясы.**

**2. Қарастырылатын мәселелер.**

**1. С.Л.Рубинштейннің, П.Я.Гальпериннің, А.Р.Лурияның, Е.Н.Соколовтың, А.А.Смирновтың еңбектері туралы.**

**2. Соғыстан кейінгі жылдарда Қазақ психология ғылымының дамуына ерекше үлес қосқан психолог-ғалымдарымыздың еңбектері туралы.**

**3.Лекцияның мақсаты:**

Студенттерді психологияның даму тарихында, соғыс жылдары(1941-45) мен 80-жылдардың ортасына дейінгі кеңес психологиясының жағдайымен таныстыру.

**4.Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История психология. М.1994ж.
2. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История и теория психология. М.1996ж.
3. В.А. Якунин. История психология. 1998ж.
4. Қ.Б.Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. А. 1996ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Развитие психологической мысли в Казахстане А. 1998ж.
6. А.Н.Ждан. История психология. 1997ж.
7. В.А. Якунин. История психология. 1996ж. 1-ое изд.
8. М.Г. Ярошевский. История психология. М.1995ж. 3-ое изд.

**5.Лекцияның мәтіні:**

С.Л.Рубинштейн "Жалпы психология негіздері" атты іргелі еңбекті дайындап, бастырып шығарды (1942, 1946 ж). Еңбекке отандық, сонымен қатар әлемдік психология ғылымының озық жетістіктері кірді.

Педагогикалық психологаяның дамуына елеулі үлес қосқан П.Я.Гальпериннің еңбектерін атауға болады. Оның еңбектерінің ішінде елімізге кеңінен таралған, белгілі ойлау іс-әрекетін кезендер бойынша қалыптастыру теориясы, ол практикалық тұрғыдан ойлауға, көптегенептілік пен дағдыларды меңгерудің тиімді жолы болып табылады.

Нейропсихология саласында А.Р.Лурия жоғары психикалық қызметтің анатомиялық- физиологиялық негіздерін зерттеді. А.Р.Лурияның ес пен ойлаудың нейрофизиологиялық негіздерін зерттеуге арналған еңбектерінің мәні ерекше болды. Оның еңбектері қазіргі кезде диагностикалық және терапевтік мақсатта кеңінен қолданылып отырған қазіргі медициналық психология үшін ғылыми-психологиялық негіз болды.

Еңбектері бүкіл әлемге кеңінен танымал болған көрнекті психофизиолог Е.Н.Соколовтың есімін ерекше атар едік. Ол түс көру теориясын негіздеді, яғни адамдардың

заттардың түсін қабылдаудң түсіндірді- Ол зейіннің нейрофизиологиялық негіздерінің құрылымына кіретін бағдарлы рефлексті ашты және сипаттап берді.

А.А.Смирновтың еңбектерінің арқасында материадды есте сақтау мен қайта жаңғырту іс-әрекетті ұйымдастыру мен жағдайларына тәуелді екендігі анықталды.

70-жылдардан басталған және қазір ғасырлар тоғысында одан әрі жалғасып жатқан психология ғылымы дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Ол әлемдік психологаядағы сияқты, бір жағынан, бұрын өмір сүрген жекелеген ғылыми мектептер мен бағыттардың арасында шекараның жойылуымен, екінші жағынан, сыни тұрғыдан талдаумен және оның жетістіктерін дұрыс пайымдаумен, үшінші жағынан, психология ғылымының жіктелуімен және тәжірибемен байланысты зерттеулердің жаңа бағыттары пайда болуымен сипатталады. Осы жылдардың ішінде психологияның әлеуметтік психология, басқару психологиясы, космос психологиясы, әскери психология, заң психологаясы, спорт психологиясы, саяси психология, экономикалық психология сияқты жаңа бағыттары пайда болды.

Шетел психологтары мен біздің еліміздің психологтарының арасында байланыс жан-жақты кеңейе және тереңдей түсті. Алдыңғы орынға психология ғылымының әртүрлі салаларында әлеуметтік психология және жеке тұлга психологиясы шықты. Психологиялық зерттеулер негізінен практикалық бағытта қалыптаса бастады.

Психология көптеген ғылымдар мен адамның тәжірибелік қызметінің басқару, саясат, экономика, инженерлік, еңбек, спорт, қоғамдық ұйымдардың жұмысы сияқты салаларына ықпал ете бастады.

Соғыстан кейінгі жылдардан 80-жылдарға дейін Ақтөбе, Алматы, Шымкент қалаларындағы оқу орындарында психологиядан дәріс оқыды.

Е.Суфиев көп жылдар бойы қазақ шәкірттерінің орыс тілін меңгеруінің психологиялық негіздерін зерттеді.

Қазақ психология ғылымының дамуына ерекше үлес қосқан психолог-ғалымдарымыздың қатарына Мажит Мұқановты (1920-1985) жатқызуға болады. Ол Ленинградтың Н.И.Герцен атындағы педагогикалық институтын 1949 жылы тамамдағаннан кейін, Қазақ университетінің аспирантурасын бітіреді, 1950 жылы профессор Т.Тәжібаевтың ғылыми жетекшілігімен психологиядан кандидаттық диссертация қорғайды. 1953-1960 жылдардың аралығында Алматының шет тілдер педагогикалық институтының, 1960-1985 жылдары Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының психология кафедрасының меңгерушісі болды.

М.Мұқанов 1980 жылы психологиядан тұңғыш рет Қазақстанда докторлық диссертация қорғап, кейін профессор ғылыми атағын алды.

Ол - жалпы психология, жас және педагогикалық, психалогия, этнопсихологиядан оннан астам еңбектің авторы. Мәселен, «Бақылау және ойлау» Алматы, 1959; "Педагогакалық психология очерктері", Алматы, 1950; "Ми және сана", Алматы, 1956; "Жан дүниесінің сыры", Алматы, 1964; "Ақыл-ой өрісі", Алматы, Қазақстан, 1980; "Жас және педагогикалық психология", Алматы, 1982.

Республикада бұл жылдары психологиядан бірнеше кандидаттық диссертадаялар қорғала бастады. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында психологиядан дәріс оқыған ғалымдардың бірі — Әбдірахман Асылбеков (1907-1970). Ол — бірнеше ғылыми еңбектер мен мақалалардың авторы, әсіресе, оның «Оқушылардың ынтасын тәрбиелеу» (1958), "Қоғамдық пайдалы еңбек арқылы оқушыларға коммунистік тәрбие беру" (1959), "Бала тәрбиесінде семьяның рөлі" (1969). "Мектеп оқушыларында ынтаның қалыптасуы" атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Кәрім Қойбағаров (1928-1985) - Қазақ мемлекеттік университетінің логика және психология бөлімін 1951 жылы алғашқы бітірген түлектерінің бірі. 1951-1954 жылдарға дейін психология кафедрасының аспирантурасын оқып бітіреді. "Сұлтанмахмұт Торайғыровтың психологиялық көзқарастары" деген тақырыпта бірнеше ғылыми мақалалардың авторы, қазақ тіліне аударылған "Жалпы психология" (Алматы, 1980), "Жас педагогикалық психология" (Алматы, 1987), "Семья өміріндегі адеп және психология"

оқулықтарын аударушыларының бірі болды. Ата-аналар мен мұғалімдер үшін жазған оның "Балаларды мектепке әзірлеу" (1961), "Балаларды адамгершілік сезімге тәрбиелеу" сияқты еңбектері дүниеге келді.

60-жылдардың бас кезіне дейін Республикада қазақ тілінде психологиядан оқу құралдары болмады. Қазақ тілінде алғаш "Мектеп" баспасынан Қ.Б.Жарықбаевтың "Психология" оқу құралы 1962 жылы жарық көрді. Бұл оқу құралы кейіннен бірнеше рет өңделіп, қайтадан басылып шықты. Мәселен, профессор Қ.Б.Жарықбаевтың "Психрлогия" оқулығы 1972, 1982, 1993, 2002, 2004, 2005 жылдары жарыққа шықты.

2005 жылы профессор Қ.Б.Жарықбаевтың жоғары оқу орындарына арналған "Психология негіздері" оқулығы қазақ бөлімі студенттерінің қолдан-қолға түспейтін кітабы болды.

Қ.Б.Жарықбаев әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, Т.Тәжібаев атындағы этнопедагогака және этнопсихология орталығының директоры. Ол — психология ғылымының әртүрлі саласынан 50-ден астам жеке кітаптың (оқулықтар мен оқу құралдары, монографиялар, әдістемелік басылымдар, терминологиялық сөздіктер т.б.) және 800-дей мақаланың авторы. Оның ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыты - қазақ халқының психологиялық ой-пікірлерінің тарихы мен этнопсихологиясы мәселелері.

XX ғасырдың 70-80-жылдарында Республикада психология ғылымының әртүрлі салалары бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді, әсіресе, жалпы, педагогикалық, заң, әлеуметтік, спорт және т.б. салалар бойынша зерттеу жұмыстары орындалып, бірнеше еңбектер дүниеге келді. Бұл жерде Қ.Шерниязованың, Ж.Түрікпенұлының, С.Сүлейменованың, Р.Жаңабекованың, Ж.Дүйсенбековтың, Б.Орманбаеваның зерттеулерін атаған жөн.

Психологияның басқа да жекелеген салаларынаң бірнеше сүбелі еңбектер жарық көрді. Атап айтқанда, Ө.Жөкебаев "Қылмыскер мінез-құлқының әлеуметтік-психологиялық аспектілері", Ғ.Досполов "Алдын ала тергеудің психологиясы", С.Жақыпов "Таным әрекетінің психологиясы" Ә.Алдамұратов, Қ.Рахымбеков "Жалпы психология", "Қызықты психология", Ғ.Илешев "Медициналық психология", К.Оразбекова "Иман және инабат" т.б.

Соңғы жылдары жеке тұлғалар М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтың психологиялық көзқарастары туралы диссертациялар қорғала бастады (А.Мералиева, Ж.Сабирова). Сонымен қатар Қазақстанда жүргізілген іргелі зерттеулердің қатарына қорғалған докторлық диссертацияларды жатқызуға болады. В.К.Шабельниковтың "Әрекеттің жоспарлы қалыптасу жағдайындағы функционалдық құрылысы генезисінің психологиялық механизмдері" (1990), Ж.Намазбаеваның "Арнайы мектептердегі шәкірт тұлғасының қалыптасуы" (1986), Б.Хамзиннің "Шәкірттердің конструктивті-техникалық әрекетінің қалыптасуындағы операциялық пен тұлғалардың бір-біріне әсері" (1989), Н.А.Логинованың "Бектерев пен Ананьевтің ленинградтық ғылыми мектебінің сабақтастығы" (1990), В.Е.Клочконың "Ақыл-ой әрекетінің инициациясы" (1983), С.М.Жақыповтың "Оқыту үрдісінің психологиялық құрылымы" (1998), А.М.Кимнің "Қазіргі түсіну психологиясы" (2001), Қ.Б.Жарықбаевтың "Қазақстандагы психология ғылымы (XX ғ. тарихы мен даму кезеңдері)" (2003), С.Бердібаеваның докторлық диссертацияларын ерекше атап өткен жөн.

70-90-жылдарда түрлі баспалардан профессор Н.Жаңділдиннің "Ұлттық психологияның табиғаты" (Алматы, 1971), профессор М.Мұқановтың "Ақыл-ой өрісі" (Алматы, 1980), профессор Н.Елікбаевтың "Қазақ ұлтының психологиясы" (Алматы, 1992), К.Жукештің "Ұлттық психологияның табиғаты" (Алматы, 1993) монографиялары жарық көрді.

Соңғы жылдары этнопсихологияның әртүрлі мәселелері төңірегінде профессор Қ.Жарықбаев, профессор В.К.Шабельников, доценттер С.Бердібаева, Р.Рахымбеков т.б. бірнеше еңбектер жазды.

Мәселен, Қ.Жарықбаевтың "Этнопсихология — тіл тәрбиесінің өзегі" (Алматы, "Білім", 2005), "Ортағасырлық қазақ психологиясының тарихы" (Алматы, "Қазақ университеті", 2004), "Психология негіздері" атты 2005 жылы шыққан оқулығында "Қазақ психологиясының тарихына" арнайы жеке тарау берілген.

2002 жылы "Мектеп" баспасынан психология мен педагогиканың түсіндірме сөздігі жарық көрді. Оның жарыққа шығуына авторлар ұжымына психология және педагогика ғылымдары саласында белгілі ғалым, педагогика және психология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Б.Жарықбаев ғылыми жетекшілік етті.

Қазақ тілінде шығарылып отырған бұл сөздікте психология ғылымының теориясында да, практикасынца да қолданылатын негізгі ұғымдар мен атаулар толық жүйеленген ақпарат берілген. Сөздіктің ұлттық сипатының айқын болуына айырықша мән берілген,

Еліміздегі жоғары оқу орындарының көшбасшысы болып есептелетін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бүгінгі күндері кең-байтақ қазақ жеріндегі психологиялық ой-пікірдің бірден-бір орталығы болып отыр. Кезінде осы кафедраға қазақтың тұңғыш психологі, академик Төлеген Тәжібаев басшылық етті. Этнопсихологая проблемалары төңірегінде бірнеше кандидаттық, докторлық диссертация қорғалды.

Сонымен қатар Республикада этнопсихология мамандығы бойынша психолог кадрлар даярлауда және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университеті мен қазақтың Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті, сондай-ақ облыс орталықтарындағы университеттер мен педагогикалық институттардың психология кафедралары әртүрлі бағыттарда психология ғылымын дамытуда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Қазақстан психологтарының ұлттық ассоциациясы (2003), 1992 ж. этностар психологаясын зерттейтін " Ұлттық тәлім-тәрбие ассоциациясы" ұйымдасты.

Қазақтың мемлекетгік ұлттық университетінде көрнекті психолог-ғалым Қ.Б.Жарықбаевтың ғылыми жетекшілігімен 1998 ж. академик Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығы құрылды.

1988 жылдан бастап, Республикадағы жоғары оқу орындарында психолог мамандар даярлау ісі қолға алынды. қазіргі кезде әл-Фараби атындағы Қазақ университетінде, Қарағанды, Алматы, Шығыс Қазақстан, Атырау, Қостанай, Тараз университеттері мен Петропавл, Ақтөбе педагогакалық институттарында психолог кадрлар даярлануда. Республика мектептеріне "психология" мамандығының штаты енгізілді.

Дейтұрғанмен, Республика мектептерінде психология өз алдына дербес пөн ретінде оқытылмай келеді, оны оқытудың қажеттігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Сонымен, академик Т.Тәжібаев атындағы "Этнопсихология және этнопедагогика орталығы" Қазақстанда психология ғылымын дамытуда біршама іс-тәжірибе жинақтады. Соңғы жылдары орталықтың ұйымдастыруымен бірнеше республикалық және халықаралық ғылыми-теориялық, тәжірибелік конференциялар өткізіліп, этнопсихология және этнопедагогика мәселелері бойынша ғылыми жинақтар мен конференция материалдары жарық көрді.

## Лекция №15

### 1. Лекцияның тақырыбы:

### Шетелдік психологияның жаңа беталыстары мен бағыттары.

### 2. Қарастырылатын мәселелер.

**1. Қазіргі шетел психологиясының негізгі бағыттары.**
**2. Олардың негізгі мақсаттары.**

**3.Лекцияның мақсаты:**
Студенттерді психологияның даму тарихымен, шетелдік психологияның жаңа беталыстары және бағыттарымен таныстыру.

**4.Пайдаланатын әдебиеттер:**
1. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История психология. М.1994ж.
2. А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. История и теория психология. М.1996ж.
3. В.А. Якунин. История психология. 1998ж.
4. Қ.Б.Жарықбаев. Қазақ психологиясының тарихы. А. 1996ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Развитие психологической мысли в Казахстане А. 1998ж.
6. А.Н.Ждан. История психология. 1997ж.
7. В.А. Якунин. История психология. 1996ж. 1-ое изд.
8. М.Г. Ярошевский. История психология. М.1995ж. 3-ое изд.
**5.Лекцияның мәтіні:**

XX ғасырдың бас кезінде ғылыми білімнің ең алдымен дамыған сұраныстарының салдарынан санада интроспективтік психологияның тоқырауы байқалды. Иностроспективік психология тәжірибелік талдауды талап ететін проблемадардың алдында әлсіздік танытты.

Капитализмнің тез қарқынмен дамуы анықталатын тәжірибенің сұрақтарын бұрынғы субъективтік әдістермен қанағаттамдыру мүмкін болмады.
Психология ғылымының тарихын зерттеушілердін бірі профессор М.Г.Ярошевскийдің айтуынша, сана психологиясының тоқырауы, әсіресе Францияда тоқырау басталғанға дейін ерекше кең өріс алған невропатологая және психиатрия саласындағы зерттеулердің нәтижелері дайындалды. Бұл зерттеулер адам психикасына кейде санасыздық көріністер тән екендігін дәлелдеп берді. Санасыздық саласына клиникалық және эксперименталдік талдау жасалынды.

Жан-жақты зерттеу жұмысын Шарко (1825-1893) жүргізді. Оның жетекшілігімен аса дарынды француз психологі Пьер Жане (1859-1937) және психоанализ бағытының негізін салушы Зигмуңд Февд (1859-1939) өз жұмыстарын бастады. Көрнекі француз психологі Альфред Бине объективтік әдістерді зерттеп, талдады. Ол балалардың интелектісінің даму деңгейін анықтау үшін тестілер жасады. Интроспективтік әдіс жаңа объективтік талдау және эксперименттік зерттеу әдістерімен салыстырғанда кейінгі қатарға ығыстырылды. .

Сонымен, XX ғ. бас кезінде психиканы эксперименталдік зерттеулер психологияға сана туралы ғылым деп анықтама берудің дұрыс емес екендігін дәделдеді.

Бұл кезеңде психологияның дамуына Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімі ерекше рөл атқарды. Дарвиннің эволюциялық ілімі бойынша, психикалық құбылыстарды қоршаған ортадан, тірі организмнің бейімделу іс-әрекетінен бөліп алып қарауға болмайтындығын дәлелдеді. Эволюциялық теорияның әсерімен бала психикасы мен жануарлар психикасын зерттеулер жан-жақты қолға алынды. Оңда интроспекция әдістерінің қолдану мумкіншіліктері шектеліп, адам психикасын зерттеуге генетикалық және салыстырмалы түрде қарауға ерекше мән берілді. Осындай қалыптасқан жағдайдан, тоқыраудан шығудың жолдары іздестіріліл, әртүрлі теориялар мен бағыттар қалыптасты. Сондай теорияларға бихевиоризм, гештальпсихология және психоанализді (фрейдизм) жатқызуға болады. Олардың барлығы бір кезеңде жан туралы ғылымның жалпы тоқырауы негізінде дүниеге келді.

**Бихевиоризм** – XX- ғасырдың бас кезінде жоғарыда келтірілген себептерге байланысты қалыптасқан психологиялық бағыттардың бірі. Бихевиоризм теориясының

негізгі зерттеу нысаны сана емес, адам мінез-құлқы болып табылады. Мінез-құлық психологиясы АҚШ-та ерекше дамыды. Бихевиоризм бағытының көрнекті өкілі америка ғалымы, әрі психологі Джон Уотсон (1873-1958) болды. Ол дәстүрлі психологияның пәнін, жан құбылыстарын жаңа мінез-құлық психологиясымен өзгерту қажеттігін ұсынды.

Бихевиоризм Ьеhaviourг- деп аталатын ағылшын сөзінен шыққан, қазақшалағанда мінез-құлық мағынасында қолданылады. 1913 жылы америка психологі Джон Уотсон психологияны мінез-құлық туралы ғылым ретінде қарастырды. Жаңа бағыттың пайда болуы "Психология, оны бихевиорист қалай көреді" атты мақаланың шығуымен ерекшеленеді. Оның авторы Уотсон психология басқа жаратылыстану ғылымдарының арасында өзінің лайықты орнын алуға тиісті деп жазды. Оның айтуынша, қазіргі кезге дейін психологияның пәні және зерттеу әдісі теріс түсіндіріліп келді және психологияның зерттеу нышаны сана емес, мінез-құлық, ал интроспективтік әдістің орнына -субъективтік әдіс деп тұжырымдады. Бұл мақаланы батыс психологтары "бихевиористік төңкерістің" басталуы деп бағалады. Мақаладан кейінгі 10 жылдықта бихевиоризм толқыны барлық америка психологиясын қамтыды.

Бихевиоризм психологиядағы прагматистік бағыт, оның пайда болуы тез қарқынмен дамып отырған капиталистік экономиканың сұраныстарына байланысты. Бихевиористердің мақсаты - психологияны мінез-құлықты басқаруға қабілетті білімнің саласына айналдыру. Д.Уотсонның түсіндіруінше, бихевиоризмнің түпкі мақсаты — адам мінез-құлқын түсіндіру. Бұл үшін 3 жағдай жеткілікті деп есептеді: мінез-құлықтың өзін суреттеу, организмге әсер ететін ішкі, сыртқы дене стимулдарын және оған жауап беретіп мінез-құлық реакциясын байланыстыратын заңдарды тану. Адам жануарлардан тек мінез-құлық реакцияларының күрделілігімен, оларға жауап беретін стимулдардың әртүрлілігімен ерекшеленеді.

Бихевиористердің дәлелдеуінше, негізгі ғылыми ұғымдар болып табылатын стимул - сыртқы ортадан келетін тітіркендіргіш, реакция — тітіркендіргішке ағзаның жауабы және стимул мен реакцияның байланысы — ассоциация. Сонымен, Уотсон санадан ғылыми категория ретінде бас тарта отырып, өзінің еңбегінде И.П.Павловтың шартты рефлекстер туралы әдістемесіне сүйенеді.

Бихевиоризмнің пайда болуына америка зерттеуші-ғалымы Э.Торндайктің (1874-1949) еңбектерінің үлкен әсері тиді. Э.Торндайктің негізгі зерттеулері жануарларға жүргізілді, олар "проблемалық жәшік" деп аталатынға орналастырылды. Э.Торндайк "проблемалық жәшіктегі" жануарларлардың мінез-құлқын бақылап, байқау және қателесу әдісімен әрекет ете отырып, жануарлар кездейсоқ нәтижеге жетеді деген қорытындыға келеді. Үйрету, бейімделу реакциясын қалыптастыру бірнеше рет қайталаудың нәтижесінде іске асады (жаттығу заңы). Егер реакциядан кейін ағза үшін жағдай ойдағыдай іске асатын болса, реакция бекітіледі, стимул мен реакцияның арасында берік байланыс қалыптасады (тиімділік заңы).

Ашылған заңдылықтарды бихевиористер механикалық түрде адамға пайдаланды. Адамдардың жануарлардан айырмашьшығын олар реакдиясының өте күрделі сипатынан көреді.

Бихевиористер мінез-құлықтың ортаның әсеріне байланыстылығын дұрыс анықтап берді. Бірақ олардың тұжырымдамасы механикалық сипатта болды. Олар кері реакцияның тек стимулмен емес, сонымен қатар ішкі жағдайлармен байланыстылығын ескермеген.

Жануарлар психикасын зерттеуге адам мінез-құлқы моделі тұрғысынан қарау дұрыс, бірақ жануарлар мен адам психикасыньщ сапалық ерекшелігі бұрмаланды. Джон Уотсон адамның мінез-құлқы тітіркендіргіштерге бағыныштылығы туралы ғылымды байыта түсті. Бұл байланыстьыықты S->R (стимул - реакция) формуласы түрінде бейнеледі.

Бихевиоризмнің негізіне психологиялық зерттеулердің пәні ретінде психиканы, сананы жоққа шығару жатады. Зерттеу нышаны ретінде мінез-құлықты мойындайды.

Психология ғылымына мінез-құлық пен ортаның арақатынасының заңдылықтарын зерттеу ұсынылды. Бихевиористер жануарлар сияқты адам да жай тетік, машина тәріздес сыртқы ортаның әсеріне жауап береді дегенді айтады.

1925 ж. Джон Уотсонның кезекті еңбегі "Бихевиоризм" атты кітабы жарық көрді. Бұл еңбекте негізгі идея сыртқы тітіркендіргіштердің нәтижесінде кез-келген келбеттегі, мінез-құлықтағы адамды «жасауға» болатындығы айтылды. Бұл еңбекте тек туа біткен қасиеттердің мәні жоққа шығарылған жок, сонымен қатар жеке тұлғаның өзінің сенімі, ұстанымы және қатынастары жоққа шығарылды.

30-жылдардың өзінде бихевиоризм идеясының өміршеңдігі, оның мәнділігі бірте-бірте шайқала бастады. Америкада кезекті экономикалық тоқырау басталды, жаппай жұмыссыздық, халықтың жағдайы одан әрі нашарлай түсті.

Көрнекті америка психологі Роберт Вудвортс функционалдық психологияның негізін салушылардың бірі (1869-1962) болды. Ол бихевиористердің ұсынған "стимул - реакция" үлгісін жоққа шығарып, оның құрамына аралық буын - ағза мен ұстанымды енгізді, түрткі туралы ілімді талдады. Сонымен, бихевиоризм қатты сынға алынып, мінез-құлық психологиясының реформасы басталды. Ол реформаны Эвард Толмен және Кларк Халл сияқты ғалымдар басқарды, ал жаңа бағыт "необихевиоризм" деп аталды. Олардың айтуынша, психологиядан дәстүрлі ұғымдарды: образ, түрткі және т.б. шығарып тастау мүмкін емес, олар реакция мен стимулдың арасында тұрады деді.

Сонымен бихевиоризм барлық өз тарихының барсында психологияны мінез-құлык ағзасы туралы жаратылыстану ғылымына айналдыру ұранымен шұғылданды. Бихевиоризмнің және необихевиоризмнің барлық нұсқаларының негізгі кемшілігі — олардың әдіснамалық негізі позитивизм және адам механикалық философиясы. Бірақ, нәтиже көрсеткендей, осы екі әдіснамалық ұстаным негізсіз болды.

**Психоталдау (фрейдизм).** Тоқырау кезінде пайда болған екінші бағыттардың бірі психоталдау (фрейдизм) болып табылады. Оның негізін қалаған австриялық психиатр және психолог Зигмунд Фрейд. Психоталдау бағыты өкіддерінің бахевиористерден, гешталыпсихологтардан айырмашылығы психологияда ғылыми білімді құрудың үлгісі ретінде дәл және жаратылыстану ғылымдарына бағдарланған жоқ, ал олар тоқыраудан шығудың жолын медицина және психологаяның өз шеңберінде табуға ұмтылды.

Фрейдизм, оның негізі мынада — адам туралы психологиялық білімді жаңа өмір шындығымен толтыруға, практикалық психологиялық, ең алдымен психотерапевтік міндеттерді шешу үшін пайдалы теорияны құруға және ақпаратты қабылдауға ұмтылды.

Фрейд өзінің ғылыми ізденістерін психотерапевтік тәжірибені талдаудан және жинақтаудан бастауы кездейсоқ емес, содан кейін жинақтаған тәжірибені психологиялық теорияға айналдырды.

Фрейдизм үшін негізгі ұғымдарға "сана" және "санасыздық" жатады. Психотаддау ілімінің болашақ тағдыры және оған көзқарас әртүрлі елдерде түрліше қалыптасты. Алғашында Фрейдтің ең жақын шәкірттері мен ізбасарлары және психиатор-дәрігерлердің кейбіреулерінен басқалары оған өте салқын қатынаста бодды. Кейіннен психоталдау бағытыш жақтаушылар Германия мен Австрияда, Еуропа мен АҚШ-та күні бүгінге дейін кеңінен таралды.

Кеңес өкіметінің алғашқы жыддарында кеңес психолог-ғалымдары оған қызығушылық танытты. Сол кезде үстемдік еткен субъективтік идеалистік психология бүл ілімнен материалистік балалықтың бірден бір мүмкіншілігін көре білді. Кейін, 30-жылдары, психологиялық зерттеулерді шектеумен бірге ("Халық ағарту комиссариаты жүйесінде педологиялық бұрмалаушылықтар туралы" белгілі қаулыда) З.Фрейдтің ілімі қатты сынға алынды. Осы қаулыдан кейін біздің елімізде Фрейдтің еңбектерін аударуға және баспа бетінде жариялауға тиым салынды. Соңғы жылдары әлемде кеңінен таралған Фрейдтің психологиялық іліміне қызығушылық қайтадан өсіп отыр.

XX ғасырда психологтардың ішінде австрия дәрігері Зигмунд Фрейдке ерекше орын берілді. Оның негізгі еңбегі «Түс көруді талқылау» 1900 жылы жарық көрді. Сол кезден

бастап, психологияда бір-бірін әртүрлі ғылыми беделді тұлғалар ауыстырды. Олардың ішінде бірде-бірі бүгінге дейін Фрейд және оның ілімі сияқты ынта туғызған емес.

Адам мінез-құлқының басты реттеушісі сана екендігі белгілі. Зигмунд Фрейд (1856-1939) - австрия невропатологі, психиатры және психологі, психоталдау бағытының негізін салушы. Фрейдизмнің концепция ретінде қалыптасуы XX ғасырдың бас кезіне жатады. Психоталдау бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, 20-жылдары кең өріс алды. Жеке тұлғаның құрылымында Фрейд санасыздыққа ерекше көңіл бөлді және зерттеу нысанына айналдырды. Оның айтуынша, ауру адамдар өз іс-әрекетінің түрткілерін түсіндіре алмайды: Фрейд негізін салған психоталдау әдісі санасыздықты зерттеу үшін психикалық ауру адамдарды емдеу мақсатында қолданылады.

Фрейд тек ауру адамдардың ғана емес, дені сау адамдардың көңіл-күйі мен мінез-құлқын түсіндіретін теорияны негіздеді. Бұл теория Батыс елдерінде кеңінен тарады, үлкен беделге ие болды. Фрейд теориясы көптеген шет елдерде психология, психотерапия, психиатрия оқулықтарына берік енген. Фрейдизм бағыты адам туралы басқа ғылымдарға -социологияға, педагогикаға, антропологияға, этнографияға, сонымен қатар өнер мен әдебиетке ерекше ықпал етті.

Фрейдтің еңбектерінде күрделі психологиялық проблема ретінде адамның сексуалдық өмірі туралы мәселе қойылды. Фрейдтің түсіндіруінше, жас жеткіншек балалардың әртүрлі жағымсыз іс-әрекеттерге бейімділігі оларды жыныстық инстинктердің билеуінен деп түсіндіреді.

**Гештальтпсихология** (немістің Се"іа1і деген сөзінен шыққан, қазақшалағанда бейне, құрылым, түр деген мағынаны білдіреді). Егер бихевиоризм психологияның тоқырау жағдайынан шығудың жолдарының бірі ретінде АҚШ-та (пайда болды және өз дамуында бұл елден тысқары таралған жоқ. Ал гештальтпсихология - психологиялық бағыт ретінде Германияда пайда болды және XX ғасырдың бірінші жартысында көптеген Еуропа елдерінде жүргізіліп жатқан психологиялық зерттеулерге ерекше әсер етті, оның ішінде біздің елімізде (соғысқа дейінгі жылдарда) кеңінен тарады. Егер де бихевиоризм өз дамуында физиология және биология ғылымдарына жан-жақты негізделсе, ал гештальтпсихология физика мен математиканың ерекше ықпалында болды.

Бұл бағыттың көрнекті өкілдерінің ішінде М.Вертгеймердің, В.Келердің, К.Левиннің және т,б- есімдерін атауға болады. Гештальтпсихология өкілдерін интроспективтік психологияға тән психикалық құбылыстарды талдауға және зерттеуге жеңілдетілген атомистік тұрғыдан қарау негізінен қанағаттандырмады. Бұл интроспективтік психология барлық күрделі құбылыстарды қарапайым құбылыстарға бөлді, олардың тіркесінен күрделі тұтастық заңын қалыптастыруға ұмтылды.

Гештальтпсихологтер психикалық құбылыстардың қиын да тұтас жүйесін қалыптастырудың өзіндік заңының өмір сүруі және жұмыс істеуі туралы айтқан болатын. Гештальтпсихологтардың зерттеулерінде күрделі құбылыстардың элементтері және оның байланыстары бойынша зерттеу осы байланыстардың құрылымын анықтаумен ауыстырылды. Осы себептерден ғылымдағы бұл бағытты кейде "құрылымдық психология" деп атайды (гештальт деген сөздің қазақша мағыналарының бірі "құрылым" деген мағананы береді)

Гештальтпсихологияның көптеген өкілдері психологиялық білімнен, басқа жаратылыстану ғылымдарының салаларының бірінен базалық білім алды, бұл олардың психологиялық көзқарасына ерекше ықпал етті. В.Келер, мәселен, физиканы оқып, үйренді және қабылдау мен ойлау үрдістерін түсіндіруде қажетті білімді пайдаланды. Кез-келген құбылыс пайда болады және белгілі бір жүйенің бөлігі ретінде өзіндік ерекшелік сипаттамасын алады деп жазды В.Келер.

Гештальтпсихологияның ұстанымдары мен қағидалары жеке тұлға мен тұлға аралық мінез-құлыққа қолдануды өзінің теориялық және эксперименталдік зерттеулерінде К.Левин іске асырды. Орта, Левиннің айтуынша, физикалық бірлікте емес,

психологиялық тұрғыдан анықталуы қажет, демек, адамдардың оған әсер ететін субъективтік қабылдауы арқылы беріледі. -

Гештальтпсихологияның идеялары психологиянын көптеген негізгі проблемаларын талдауда жағымды роль атқарды. Көп жағдайда гештальтпсихология бихевиоризмге және өмір сүріп отырған психологиялық бағыттарға қарсы. Жас эксперименталдық психологияның ұзақ уақыт бойы зерттеу нысаны түйсіктер болды. Психикалық өмірдің бейнелік аспектісі психологиялық зертханаларда қаншама күш салынса да тек ашылмай ғана қалған жоқ, керісінше, жоқ болып кетті. Бірақ бейне категориясын ұсынып отырған сол аспект әлеуметтік теориялық талдаудың және эмпирикалық зерттеудің пәні ретінде міндетті түрде карастырылуы қажет еді. Идеалистік философияның үстемдік ету жағдайында қалыптасқан оны іске асыруға гештальтпсихология талпынған еді, оның бағыттары мен нәтижелеріне әсері тиді.

Гештальтизмнің қалыптасу кезінде тұтастық және бөліктері проблемасына ерекше мән берілді. Барлық уақытта да психикалық өмірді оны тұтастықта, ішкі байланыста қарастыру негізгі мәселе болып көтерілді.

Болашақ гештальтистер екі зертханада тәрбиеленді: Ф.Брентанонның шәкірті - К.Штумпфа (Берлин) және Геттинген университетінде Г.Мюллерде тәрбиеленді. Олар өздерінің мақсаты — психологияны емес, логиканы реформалау мәселесін қойды. Олардың айтуынша, логика феноменологияға айналуы тиіс. Осы мақсатты орындау үшін бұрынғы интроспективтік әдіс жарамсыз деп табылды. Оны жетілдіру негізінде феноменологиялық әдіс қалыптасты, Бұл бағыттың түсіндіруінше, бейненің негізгі қасиеті константтылық немесе қабылдаудың өзгерген жағдайдағы тұрақтылығы, сонымен қатар егер қабылданатын зат тұтас түрінде қабылданбайтын болса, қабылдаудың тұрақтылығы бұзылады. Гештальт психология өкілдері фигура және фон, екі жақты бейнелеу, қабылдау туралы зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Қазіргі шетел психологиясына талдау жасағанда психиология ғылымында генетикалық бағыттың ең көрнекті өкілдерінің бірі, швейцария ғалымы, психологі Жан Пиаженің генетикалық психологиясына сипаттама беруден бастағанды жөн көрдік. Әлемдік психологияда баланың интеллектісін дамыту саласында өлшеусіз еңбек сіңірген ғалы мд ы кездестіру қиын.

**Құрылымдық** — жүйелік талдауды пайдалана отырып, психологиялық зерттеулердің басшылыққа алатын әдіснамалық қағидасы ретінде Пиаже генетикалык әдіс туралы ілімді ұсынады.

Баланың интелдектісін қалыптастыруға негізгі көңіл бөле отырып, Пиаже ғылыми психологияда кез-келген дамуды зерттеуден бастау керектігін атап көрсетті. Пиаженің пікірі бойынша, тек жекелеген ғылымдар емес, сонымен қатар таным теориясы да генетикалық негізде құрылуы қажет деп көрсетті. Бұл идея Ж.Пиаженің генетикалық эпистемология ғылымын жасаудың негізіне жатты, демек, адамда әртүрлі білімнің, ұғымның, таным операцияларының түрлері мен типтерін қалыптастыру тетіктері мен жағдайлары туралы ғылым.

Пиаженің негізгі міңдеті адам интелектісінің құрылымын зерттеу болып табылады. Пиаженің алғашқы кітаптары 20-жылдары жарық көрді: "Баланың сөйлеуі мен ойлауы" (1923), "Түсінуі және ой қорытындысы" (1924), "Баланың дүние туралы түсінігі"(1926).

30-жылдары Пиаженің психикалық даму проблемаларына көзқарасы түбірлі өзгерістерге ұшырады. Пиаже интеллектінің даму кезеңін, оның мазмұны мен мәнін басқаша анықтады. Оның айтуынша, басқа адамдармен қарым - қатынас емес, ал операция (логикалық-математикалық құрылым) баланың танымдық дамуын себепке байланыстырды.

Пиаже интеллектіні зерттеуде кескіндеу әдісін қолданды. Әртүрлі жастағы балаларға бірдей тапсырма беріп, оның нәтижелерін салыстырып көрді. Бірақ бұл әдіс балада жаңа

интеллектуалдық тәсілдерді, ұғымдарды, білімдерді психологиялық қалыптастыруды қамтамасыз ете алмады. Жан Пиаженің концепциясының негізгі кемшілігі баланың жеке басын тұтас дамытуды жоққа шығарды, интеллекті дамуының ең басты қозғаушы күші сол интеллектінің өзі деп білді. Пиаженің зерттеулерінде интеллектіні дамытудың жағдайлары ішінде іс-әрекет жағдайының болмауы — негізгі кемшіліктерінің бірі.

Пиаже интеллектінің дамуының бір деңгейінен екінші деңгейіне өтуде негізгі жағдай ретінде оқытудың рөлін жеткіліксіз бағалады. Отандық психологтардың орындаған көптеген зерттеулері балалардың ойлауын дамыту дұрыс ұйымдасқан оқыту жүйесіне байланысты екендігін дәлелдеді.

50-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың бас кезінде ашық тоқырау жылдарында қалыптасқан (бихевиоризм, фрейдизм, гештальтпсихология), кейіннен өзгерістерге ұшыраған бағыттар өзінің маңызын бірте-бірте жоя бастады. Эксперименталдық зерттеулер мен теория саласында жаңа бағыттар пайда бола бастады.

Моделдеу құралдары арқылы танымдық іс-әрекетті зерттеу саласында — когнитивтік психология, гуманистік психология, ми туралы ғылымдардың шеңберінде адам санасын зерттеу — нейрофизиология, нейроморфология және нейропсихология ғылымдары қалыптасты. Адам туралы психогенетика ғылымы кеңінен тарай бастады.

Қазіргі кезде кең таралған ғылыми бағыт — когнитивтік психология. Бұл бағыт 60-жылдары АҚШ-та пайда болды. Ол негізінен бихевиоризмге, танымдық үрдістер мен танымдық дамуды жоққа шығаруға қарсы бағытталды. Когнитивтік психологияның белгілі өкілдеріне Дж.Брунер, Д.Норман, Л.Фестингер, Ф.Хайдер, У.Найсер, П.Лиднсей, Г. Саймон жатады.

Қазіргі кезде бұл бағыттың бірнеше нұсқалары қалыптасты. Кеңінен тараған бағыттарының бірі - есептеу нұсқасы. Онда ішкі когнитивтік үлгі мен тану үрдісінің белсенділігінің рөлі ерекше атап өтіледі. Бұл бағыттың шығуы ақпараттық қатынастардың ықпалымен байланысты.

**Когнитивтік** психологияның негізгі зерттеу саласы таным үрдістері ~ ес, тіл мен сөйлеудің психологиялық негіздері, қабылдау, есептерді шешу, ойлау, зейін, қиял және когнитивтік даму.

Когнитивтік психология сияқты келесі ірі бағыттардың бірі — гуманистік психология. Ол бихевиоризмге және психоталдау теорияларына қарсы бағытталған еді. Гуманистік психологияның негізін салушылардың басты мақсаты адам проблемасын түсіндіруде бихевиоризм мен фрейдизмнің кемшіліктерін түзеу және бірден-бір дұрыс, өмірлік психологияны таңдау болып табылады. Гуманистік бағыттың белгілі өкілдерінің бірі Абрахим Маслоу болды.

А.Маслоу адам іс-әрекетінің, мінез-құлқының қайнар көзі адамның үздіксіз өзін-өзі танытуға, өзін-өзі анықтауға ұмтылуы деп түсіндірді, өзін-өзі айқындауға қажеттілік әртүрлі қызметті қамтиды: бұл гуманистік қажеттілік, демек, адамға жақсылық істеуге ұмтылу (адам өз мәні жағынан жақсылық істеуге жаны құмар).

Маслоу Ч.Дарвин теориясын өзінше түсіндірді. Ол Дарвиннің агрессивті және күшті жануарлар өмір сүре алады, өмірге бейімделеді, икемделеді деген көзқарасымен келіспейтіндігін дәлелдейді. Маслоу антропологиялық көзқараста бола тұрып, қажеттіліктің әлеуметтік жағын аша алмады.

XX ғ. екінші жартысында психологияға бірден-бір күшті әсер еткен ғылыми-техникалық революция. Қазір психологияда жан-жақты математикалық, ақпарат теориясының әдістері қолданыла бастады, сонымен қатар электрондық есептеу техникасы, компьютерлендіру жүйесі кең өріс алды. Психология биология және медицина салаларынан соңғы жаңалықтарды белсеңді қабылдап отырды. Қазір психологияның практикаға бағытталған салалары алдыңғы шепке шыға бастады. Психолог ғальмдармен бірге практикалық психологтар пайда болды. Олар білім беру, өндіріс пен мекемелер, армия мен медицина салаларында жұмыс істейді. Онда өздерінің психологиялық қызметін керсетуде.

**Тақырып 1. Психология ғылымының даму тарихы.**

**Жоспар:**
1. Психология ғылымының дамуы және оның кезеңдері.
2. Ресейде психологияның дамуы.
3. Қазақстандағы психологияның дамуы.
4. Қазіргі кездегі жалпы ғылымнның дамуы.

**Негізгі әдебиеттер**:
1. Қ.Жарықбаев «Психология» А., 1992
2. Н.М.Итбаев «Жалпы психология »1992
3. Т.Тәжібаев «Жалпы психология»1993
4. Сәбет Бап-Баба Жалпы психология (Жантану негіздері). Алматы.,2004ж

**Қосымша әдебиеттер:**
1.Атлас по психологии. / Под ред. М.В. Гамезо, И.А. Домашенко. – М., 1986
2.Немов Р.С. Психология. СС в 3-х томах. Т. 1. - М., 1995
3.Жарықбаев Қ. Жантану негіздері Алматы.,2002ж.
4.Жалпы психология. А.Г. Богословскийдің, В.Г. Ковалевтің редакциясымен. А., 1990.
5.Алдамұратов Ә. Жалпы психология Алматы., 1996
6.Сәбет Бап-Баба Жалпы психология., Алматы .,2003

**Психология ғылымының дамуы және оның кезеңдері.** ХХ. Ғаырдың 20-30жылдарындағы психология ғылымының дағдарсына тоқталсақ: ХХ ғ. Басында өркендей бастаған ғылым мен өндіріс- экономикалық талаптарына орай сана (интроспекттік) псиъхологиясының дағдарысы қылаң берді. Интроспекттік психология практикалық қолданба енгізулерді қажет еткен капиталистік өндіріс проблемалары алдында өз дәрменсіздігін байқатты. Оның субъектив әдістері қоғамның объектив қажеттіліктеріне сай келетін ұсыныстарға шамасы жетпеді. Осыдан психология зерттеулерін жаңа объектив әдістер тұрғырына орнықтыру жолдары іздестіріле бастады.

Сана психологиясының дағдарысы , сонымен бірге, ғесыр аяғында Францияда кең өріс алған невропатология және психиатрия саласындағы зерттеулердің нәтижесімен де байланысты еді. Бұл зерттеулер адам психикасының кейде саналы басқарылмайтын құбылыстармен көрініс беретінін дәлелдеді. Мұндай бейсанаға тәуелді әрекет –қылықтар экспериментальды және клиникалық талдауға алынды. Осының нәтижесінде психология сана жөніндегі ғылым емес деген пікір пайда болды.

Бұл дәуірдегі психологияның қарқынды дамуына Ч.Дарвиннің эволюциялық тағылымы да үлкен ықпал жасады. Бұл ілімгеорай барша психологиялық дүние қоршаған орта мен тіршілік иесінің икемдесу әрекетінен ажырауы мүмкін емес деген тұжырым орнықты. Эволюциялық теория ықпалында интроспекция әдісін қолдану мүмкін емес бала мен хайуанат психикасын зертеу етек алды.

Осылайша әртүрлі ықпалдар мен жағдайлар ғылымда бірнеше жаңа психологиялық теориялардың туындауына себепші болды. Жаңа теория өкілдері сана психологиясын психика жөніндегі жаңа тұжырымдамалармен толықтыру немесе оны ауыстыруды мақсат етті.

Бұл ғылым өз даму, жетілу барысында бірнеше мектептерді басынан кешірді. Алғашқы жалпы басталуы *бихевиоризм* болады. Оның алғы шарттары-физиологияда шартты әдісін жасау, зоопсихологияның, психологияның бір тармағы реттінде дамуға көмек береді. Бұлардың пікірінше жалпы сананы оның мазмұнымен қызметін зерттеуден бас тартып,тек мінез-құлықты зерттеуі қажет. Бихевиоризм теориясы негізіндк адам мен хайуанаттардың әрекет-қылығы сыртқы орта әсеріне ( стимул) болған организмнің кері ( сөзі, эмоция арқылы) жауаптарының жиынтығы деген түсінік жатыр. XIX-XX ғғ. тоғысында бихевиоризм психологиясы жануарлар психикасын эксперименттік талдауға салу нәтижесінде пайда болды. Мұнда адам психикасын зерттеуде қолданылатын өзін өзі бақылау тәсілін пайдалану мүмкін болмағандықтан, эксперимент жасау әдісі іске қосылды. Бихевиоризмнің жалпы әдіснамалық алғы шарты позитивизимнің философиялық принциптерінен шығады. Осы прициптерге сәйкес ғылым тек бақылау жүргізіп отырған затын баяндауы тиі, ал бақылауға тікелей берілмеген мәліметтермен ішкі механизмдерді талдау алдамшы болады. Осыдан барып, бихевиоризм психологиясы сананы емес. әрекет-қылықты зертеуі керек деген негізгі тезис тұжырымдады. Бихевиористер сана деп адамның тек басынан кешкен субъективті мағұлматтар жиынтығын айтты. Сана сыртқы дүниені бейнелейтін мидың нақты қызметі екенін олар мойындамайды, сөйтеді де психиканың материалдық субстратын құрайтын ми физиологиясына қарсы шығады. Оның негізін қалаушы Э.Торндайк. ал оның бағдарламасын жасап, «бихевиоризм» терминін енгізген Дж.Уотсон. Бихевиоризм тағлиматының кризистік халге жетуі – сана, ойлау,ерік сияқты негізгі ұғымдарды психологиядан шығарып тастап, психиканың әлеуметтік жағын ескермеуінде.

Сонымен бірге, *Гештальтизм қалыптасты*. Бұл бейне, кескін үйлесімі деген сөз. Негізін салғандар В.Келлер (1887-1969), К.Коффка (1896-1941), К.Левин, М.Вертхаймер. Бұнда, қабылдауға, интеллектігі үлкен мән береді.Гештальт – психология механикалық жаратылыстану ғылымның жалпы дағдарысқа ұшырауна байланысты ассоциативті психологияға қарсылық білдіру рухында туды гештальттылар «элементтер психологиясына» қарсы әрбір психологиялық процестің біртұтастығы мен өзіндік сапасын жақтады. Олар тұтастық (гештальт) элементтерден тіпті өзгеше жаңа, өзінің ішкі заңдылығынан туып, өзгеріп отыратын, түсіндіріп болмайтын, тек баяндауға ғана келетін құбылыс деп пайымдайды. Гештальтпсихологиясының тұтастық идеясы динамикалық ситуация мен оның формальды құрылымының бір бүтіндігі негізінде жүзіне асырылды. «Гештальт» ұғымын алғашқы ендірген Эренфельд. Оның айтуынша, бұл ұғым мынандай мазмұнды қамтиды.айталық, бірнеше дыбыс тітіркендіргіштері іркес-тіркес берілдідейік. Сонда, бұл дыбыстар бірі

бірімен байланыссыз әсерлер реттінде қабылдабай, белгілі құрылымы бар, сол дыбыстардың «гештальты» болып табылатын »әуен» ретінде қабылданды.

Гештальтпсихология бағытынығ осал тарапы психологиялық құбылыс бейне мен оны туындататын нақты әрекет арасындағы байланысты жоққа шығарғандығы. Гештальттылар ұғымы бойынша бейне тек өз заңдылықтарына бағынатын ерекше мәнді құбылыс деп саналды, оның нақты заттық дүниемен байланысы сыр күйінде қала берді. Осы екі маңызды категориялардың ( бейне мен нақты дүние) басын қосып, психологиялық болмысты талдаудың ортақ жүйсеін бере алмағандықтан, гештальтпсихология ғылыми мектебі соғыс алды жылдарында тарады.

**Генетикалық психология**. Швейцария ғалымы. Ж.Пиаженнің генетикалық психология теориясы психология ғылымының кеңінен өріс жайған бағыттарының бірі. Өз зерттеулерін негіге ала отырып, Ж.Пиаже генетикалық әдісті психологиялық болмысты тануда жетекші әдіснамалық принцип дәрежесіне көтерді.

Өз зерттеулерінде ғалым бала ақыл-есінің қалыптасуына назар аудара отырып, ғылыми психологиядағы зертеулер бала интеллекттсінің дамуын байқаудан басталып, сол арқылы ересектердегі интеллект табиғаты мен қызметін білуге боладыдеп пайымдады. Пиаженнің негізгі міндеті адам интеллектінің құрылымын зерттеу. Осы құрылымды ол қарапайым органикалық тіршіліктің эволюциялық даму барсында жеткен нәтижесі деп білді, яғни интеллекттік күрделі ақыл-естің жай психикалық элементтерден құралатынын дәлелдемекші болды.

Пиаже тұжырымының ең үлкен қатесі- баланың біртұтас дамуын ескерместен, ақыл-естің өрістеу тұғырын интеллектің өзінен іздеді, ал сананы дамытушы факторлар арасында ол қоғамдық-тарихи әрекет болмысна ешқандай орын қалдырмады.

Пиаженің теориялық тұжырымдары жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттерінің көзі өткендегі ой мүмкіндіктерінде болатының дәлелдеп бақты. Ой қабілеті өзінен -өзі бітбейтінін, ал даму адам қасиеті екенін, сол адамның адамгершілік қасиет қатысымен шындалған сайын лның санасының жан-жақты дамып, ойлау дәрежесін көтерілетінін тіпті көре білмеді.

Генетикалық психология зерттеулеріндегі ең үлкен олқыкемшілік: интеллект даму деңгейінің бірінен екіншісіне өтуде оқудың маңызы орынды бағаланбай, әлеуметтік-қоғамдық фактордың жеке адам қалыптасуындағы мәні жоққа шығарылды.

Мұнан кейін *Фрейдизм* пайда болды. Бұл австриялық психологтар атымен аталады. З.Фрейд (1886-1939) Ол, жеке адам құрылымындағы санасыз әрекеттерге назар аударды. Санадан тыс әрекетті зерттеу үшін - психиканы талдау әдісін әкелді. Сонымен, жеке адамның жан төркінің, дамуын иррационализм ( саналы дәлел жоқ) мен мистика ( тылсым құпия) сияқты психикалық факторларды саналы әрекетке тікелей қврсы қоюмен дәлелдеуге тырысқан психологиялық бағыт. Алғашқыда есі ауысу сырқатына тап болғанды емдеу мен олардың сырқатының табиғатын түсіндіруге

бағышталған бұл ілім кейін адам жөніндегі жалпы тағлимат дәрежесінде ұсынылды. Фрейдизм ілімінің негізгі сарыны: адам табиғат астар санадағы психикалық күштер ( олардың ішіндегі ең бастысы – либидо ( жыныстық құмарлық) мен сол адамға жау әлеуметтік ортада тіршілік сақтау қажеттігі арасындағы мәңгі өшпес келіспестік пен арпалысты дамиды, қалыптасады.

Қоғам өзінің шектеулерімен адамды күйеліске түсіреді, оның санаға бағынбайтын құмарлықтарын басуға тырысады. Сондықтан бұл көңіл шарпулары және сезім көрінстері айналма жолдармен невротикалық белгілер түрінде жарыққа шығады ( түс көру, қате жаңсақ сөйлеу, жазу, қажет, бірақ ұнамсыз болғанды ұмыта қалу, ойланбай айтып салған оспақ әзіл,т.б.). осыдан З.Фрейд адам іс-әрекетінің бәрі объектив болмыс туындатқан сана басқарымында болмай, адамның өзі сезе бермейтін бейсанадағы ықпалдар жетегінде жүреді деген тұжырымды бетке ұстайды. Санада ешқандай күш жоқ,яғни организм мен қоғам адамның саналы күтілмеген көңіл шарпуларының илеміндегі қамыр. Фрейдизм, ақырында адам қылығы қоғамдық даму заңдарына бағынбай, иррационал психикалық күштер ықпалында болуын дәріптеуінен, адам әрекетінің бәрі агрессив, оны тәрбиемен өзгерту мүмкін емес деген реакцион идеяның арқауына айналды.

« Психология»туралы алғашқы трактат 1590ж шықты.

Психология ғылымының дамуына 20-шы ғасырды француз ғалымы Рене Декарт (1596-1650) рационалистік жалпылау негізін салды. (рацио-латын сөзі-ақыл). Дүниетану мен ақиқат білім алудың жалғыз ғана дұрыс жолы ақыл-ой деп есептеледі. Оның психология ғылымына сіңірген еңбегі-*жануар психикасының рефлекстік сипатта болатындығын оның тәнмен байланысты жақтарын* көрсеткені болады. Бірақ адамның жандүниесі туыстас пайда болды дейтін қате пікірді уағыздады. Ол, Аристотельдің «*жан өмірдің принципі»* деген қағидасын бұрмалап жан сананың принципі деген ұғымды таратты.

Сондай-ақ психология ғалым ретінде дамуына эмперикалық психология дамыды. Бұл психология *Бэконның* эмпериялық философиясына негізделді. Ағылшын ғалымы *Джон Локк* (1632-1704) дамыта түсті. Адам өмірге ешбір идеясыз келеді. Ол оның жалпы тәні қалпымен жазатын «таза»тақтай дейді. Бірақ ол тәжірибені 2-ге бөліп (сырттан және іштен алатын) *дуалистік көзқараста* болады. Бұдан кейін жалпы негіз заңы *ассоциялық идеялар заңдылығы* деген пікір күшейе түсті. Яғни жеке идеялар бірі мен бірі байлаулы, күрделі психикалық әрекетті пайда қылады. Ассоциативтік жалпы адамдардың нерв жүйесіне әсер ету арқылы оларда керекті қасиеттерді қарастыруға перспективасы бар теория болып саналады.

Бұл көзқарасқа 19-шы ғ. психолог басқа бағытта-қабілеттер жалпы қарама-қарсы болады. (Германияда, Христиан Вольф, Англияда-Томас Рид) Бұлардың пікірінше жанда әуелі бастан ішкі күштер пайда болады. Ең алдымен танып білуге талаптану қабілеттері дейді.

**Жалпы ғылымның даму кезеңдері:**

1. 2500 жылға созылған көш басы Аристотельден басталған жандүниесі жайлы түрлі ой-пікірлердің тууы.

2. 1879 ж неміс ғалымы В.Вундт Лейпципте тұңғыш лабараторияның ашылуы.

3. 30-35 ж советтік жалпы өрбуі болды.

Психологияның ғылым ретінде пайда болуына физиологиялық зерттеулер тәжірибесінің маңызы зор. Яғни 19-шы ғ. басында сезуші және қозғаушы нервтерді ашуға әкелді. Жаратылыс танудың ғылымының, 19 ғ. одан әрі дамуында Ч.Дарвиннің жасаған эвалюциялық ілімі үлес қосты. Г.Спенсер (1820-1903)бұл ойды дамытты.1834 ж Э.Вебердің «сипап сезу туралы» еңбегі шықты.Онда,тері сезгіштігіне зерттеу жүргізіп,түйсіктің заңдылықтарының бірі-ажырату табалдырығын ашты.

Ал, Г.Гельмгольцтің зертеулері бойынша нервтік импульстерді өткізудің жылдамдығы психикалық процестердің кеңістікте өтетінін көрсетеді. Жалпы даму тарихы Герофия, Гипократ, Голлен, Гобсс, Сипнозе, Дидро, Вольф т.б. оқымыстылардың есімімен тығыз байланысты.

**2.Ресейде психологияның дамуы**. Ресейде отандық жалпы ғылыми негіздері 19ғ. ортасында ғана қолдана бастады. Яғни 19-шы ғ. 60-70-ші ж.материалистік философия мен идеялистік философияның арасында болған күрес жалпы белгілі әсер етті. И.М.Сеченов материалистік ағымды, ал К.Д.Кавелин идеалистік ағымды жақтады. И.М.Сеченовтың «бас миының рефлекстері»деген еңбегінде 1863 ж «өмірдің сапасы және сапасыз актілерінің барлығы шығу тегі жағынан рефлекстер»деген қорытынды берді.

Ұлы орыс педагогі К.Д.Ушинский «Адам-тәрбие пәні»1867ж. атты еңбегі шықты. Жалпы оқу тәрбие жұмысына мейлінше мол қолданып, педагогикалық психологияның негіз салды. Социалистік қазан төңкерісіне дейін Ресейде психологиялық ағымдардың ішінде көрнекі орын алған метофизикалық психология Франк, Лосский болғанымен,тәжірибелік психология дамуы өрлей түсті. (Челпанов, Ланге, Лазурский т.б.). Сонымен қатар И.П.Павловтың *шартты рефлекстер* туралы еңбегінің мәні зор. Сондай-ақ, А.И. Герцен, К.Г. Белинский, А.Н.Радищев т.б. орыс ойшылдары болды.

**3) Қазақстандағы психологияның дамуы.** Жан дүниесінің сыры жайлы дәйекті пікірлерді қазақ ойшылдары да айтқан. Яғни мақал-мәтелдер, фольклорда жиі кездеседі. Мәселен, жан «бар жерде қаза бар», «Тәні саудың жаны сау» осындай мақалдарда жан мен тәннің ара қатынасын байқау қиын емес. Көшпелі ата-бабаларымыздың жан дүниесінің сырларын Асанқайғы, Шалкиіз, Жиембет, Ақтамберді, Бұхар т.б. жырауларынан көреміз.

*С.Торайғыров*: «Жан мен тән ылғи да бірлікте байланысты болады»деді. Яғни материалистік қорытынды берді. Қазақстанда жалпы ой-пікірлер Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев есімдерімен тығыз байланысты.

*Ш.Уалиханов*: қазақ жұртының сана-сезімімен дүние танымдық көзқарасты зерделей отырып, осы халықтың рухани дүниесі жайында бағалы еңбектер жазды.

Ал, *Ы.Алтынсарин*: халықтың тіршілігі мен әралуан әдет-ғұрпы және салт-санасы жайлы этнографиялық еңбектер жазды.

*Ш.Құдайбердиев* те 1858-1931 ж «жан тәнге, ақыл жанға маталып тұр» деп айтқан.

*М.Жұмабаевтың* «Педагогтка» еңбегіндегі 2-ші тараудың өзекті мәселесі болып жан тәрбиесі атты еңбегі болды. Онда жан көріністерін топ-топқа бөлу, ішкі сезім яки көңіл көріністерін қарастырды.

Сондай-ақ *А.Құнанбаевтың* қара сөздерінен, өлеңдерінен адамның мінез-құлықтарын, іс-әрекетін,адамгершілік қасиетін және сана-сезімінің қалыптасуын бейнелеген.

Ал, Ж.Аймауытов 1924-1929ж психолог ғалым болып шашылды. Оның «Тәрбие жетекші», «психология», «жан жүйесі және өнер таңдау» т.б.еңбектері болды. «психология» атты кітабы 12 тарау,102 параграфтан тұрды. Оның психология ғылымында сөз еткен тақырыбы негізінен жеке адамның даралығы, мінезі, темпераменті.

*Қазақстанда жалпы дамудың кезеңдері:*

1. Ауыз әдебиеті
2. Жазба әдебиеті
3. Қазіргі кездегі кезеңі болып табылады.

**4. Қазіргі кездегі жалпы ғылымның дамуы.**

Батыстық психологияның бүгінгі дамуындағы бағыттарына сүйенсек: ашық дағдарыс кезеңдерінде пайда болып, кейін елеулді өзгерістері ұшырады. (необихевиоризм,нефрейдизм,гештальпихология) яғни, 60 жылдардың басында. Әрекет – қылық пен психиканы түсіндірудегі теориялық ішкі қайшылықтар олардың негізгі бастау позицияларын қайта қарастыруды ьалап етті. Бұл дағдарстың аса мәнді бір себебі – *экспериментальды зерттеулер мен теориялар* саласында жаңа өнімді көзқараас, бағыттардың туындауынан болды: танымдық іс-әрекет зерттеулері аймағында – *когнитивтік психология, гуманистік психология*, ми жөніндегі ғылымдар шеңберінде адам санасын зерттеуге орай-*нейрофизиология, нейроморфология, нейропсихология,* сонымен тағы бір бағыт- *адам психологиясы* еді. Мәселен: *Когнитивтік психология* – 60жылдардығ аяғында АҚШ-та бұл бағыт бихевиористердің әрекет-қылық талдауында психологиялық элементтерді елемеуі мен танымдық дамуды ескермеуіне қарсылық білдірумен ғылым саласына келген еді. Когнитивтік психология не бихевиористер зерттеулерінің нәтижесінде пайда болып, белсенді мағлұмат жинау мен ақпарат өңдеуші адам оргазимі жүйелі құрылым деген танымды әрі жалғасытырады, яғни адам әрқилы ақпараттарға ықпалды әсер етуге қабілетті: бөтен таңбалар формасына келтіре алады, одан әрі өңдеу үшін өз қажетіне керек ақпаратты бөліп алады немее керексіз мәліметті жүйеден бүтіндей аластайды. Когнитивтік психологияның көрнекті өкілдері Дж.Брунер, Д.Норман, Л.Фестингер, Ф.Хайдер, У.Найсер, П.Лиднсей,

Г.Саймон. Бұл бағытың бұл күнде бірнеше салалары бар. Солардың ең таңымалы –есептеу варианты, мұнда танымдық процестер шектен тыс механистік неізде түсіндіріледі: психика сигналдарды өзгеріске келтіруші тұрақты қабілетке ие тетік күйінде қарастырылады. Әсіресе таным процесіндегі ішкі  когнитивтік құрылымдар мен ізденуші организм белсенділігіне аса мән беріледі. Когнитивтік психологияның негізгі зерттеу аймағы танымдық процестер –ес, тіл мен сөздің психологиялық қырлары, қабылдау, ойлау, зейін,қиял және танымдық даму. Бұл таным психологиясының әдістері жеке адамның көңіл - күйі мен себеп – түрткілері, сонымен әлеумет психологиясын зерттеуге де қолданылды.

Дегенмен, когнитивтік психологияда танымдық процестерді жете түсіндіре алған тұтас бір теория қалыптаса қоймады. Субъект проблемасынан алшақ тұрумен, когнитивтік психология психикалық әрекеттің иесі деп әсерленген бір дерексіз бастаушыны (гомункулюс) мойындауына мәжбүр болды.

Бихевиоризм мен психоанализ теорияларына тікелеі қарсылығымен танылған ірі бағыттардың бірі – *гуманистік психология.* Гуманистік психологияның негізін қалаушылардың алдына қойған мақсаты-бихевиоризм мен психоанализді дәріптеушілердің адам мәселесіндегі ауытқуларын орнына келтіріп, шындыққа жақындау, өміршен психологияны таңдап алу еді. Олардың тадауындағы жеке адам мақсаты- өзін-өзі кемелдендіру және мүмкіндіктерін өз күшімен ашып, жая білу. Көрнекі өкілінің бірі Абрахам Маслоу. Ол жеке адам психологиясын есі ауысқандарды зерттеумен білу мүмкін еместігін айтты. Маслоу адам іс-әрекетінің, адамның мінезі мен қылығының негізі  сол адамның өзін-өзі таныту мен өз мүмкіншіліктерін ашуға деген ынта-ықласында деп есептеген. өз мүмкіншіліктерін ашуға қажеттілік бірнеше қызметпен байланысты. Біріншіден, мұндай гуманистік қажеттілік адамдарға, қоғамға тек жақсылық келтіруге ұмтылу ( адам табиғатынан қайырымды ).  Екіншіден, адам өз болмысына орай кемелденуі тиіс, яғни адам өзінің барша мүмкіндіктері мен қабілеттерін орнымен пайдаланып, өзіне жүктелген жоғары адамгершілік борыштарды атқаруға міндетті. Ал мұндай міндетті атқару қажеттілігі, Маслоуше, тек дені сау, салауатты адамдарға тән. Есі кеткендер мен жүйе сырқатына шалдық-қандар өз алдына мұндай талап қоя алмайды.

Маслоу бірінен біріне күрделене ауысып отыратын адам қажеттіліктерін жіктеп көрсеті:  физиологиялық қажеттіліктері, қорғаныс қажеттіліктері,коректағамдық қажеттіліктері, адамгершіл қажетсінулер, шындық, қарапайымдылык,әділдікті керек ету. Әрине, ол қажеттіктердің әлеуметтік қорына мән бермеді.

Маслоу теориясының кемшілігі: оның биологизаторлық пікірден аса алмағандығында. Адамгершілік, этикалық қасиеттерді тума құбылыс деп тану – биологизациялық дағдарысқа тірелудің басы.

Психология ғыдымының дамуына орыс психологтарының еңбектерінің тоқталсақ:  А.Г.Коволевтің «жеке адамның кісілік ұғымы» 1970 ж А.А.Смирновтың «ес психологиясы» 1966 ж. Б.Г.Ананьев,Л.С.Выготский,

Л.И.Гальперин, А.К.Запарожец, А.Р.Лурия т.б.үлес қосты. Психологияның проблемалары Мәскеуде, Киев, Тибилисидегі ғылыми зерттеу институттарында, университеттеріндегі арнаулы кафедраларында зерттелінуде.1957 ж бастап психологтардың Бүкілодақтық қорлары жұмыс істей бастады. 1946 ж Логика және психология пәндерін оқыту мәселесі қаралды. Яғни орта мектептерде.

Қазақстан жерінде 1986 ж С.Мұқановтың «ақыл-ой өріс Т.Тәжібаевтың субъектеріндегі» республикамыздағы кадрлар, психологтар дайындау жөнінде мәселе көтерілді. Осы салада, еңбек сіңірген ғалымдарымыз аз емес. Ә.Темірбеков; С.Балаубаев; Ә.Сыдықовтың; Ш.Әлжановтың педагогикамен араластыра жазған еңбектері болды. Сондай-ақ, Қ.Жарықбаев; Н.М.Итбаевтың т.б. еңбектерінің мәні зор.

Соңғы уақытта «Этнопсихология» мәселесін алға қойылуда.

Соңғы жылдары спорт, заң, әлеуметтік, медициналық жалпы салаларында да түрлі мәселелер зерттелуде. Мәселен, спорттағы сәтсіздіктің психологиялық себептертері т.б.

## Практикалық сабақтарының жоспарлары

**Тақырып 1 Психология тарихының пәні, мақсаттары мен міндеттері .**
**Мақсат:** тақырып бойынша мәліметтерді меңнеру.

1. Психология тарихының пәні, міндеттері және әдістері.
2. Психология тарихының қайранкөздері.
3. Психология тарихының периодизациясі.

**Әдебиеттер:** 2,3,4

**Тақырып 2 Психологиялық ойларының туындауы.**
**Мақсат:** тақырып бойынша мәліметтерді меңнеру.

1. Психикалық құбылыстарға алғашқы қауымдық қоғамының көзқарастары.
2. Ежелгі Қытайда психологиялық ойларының ерекшеліктері.
3. Ежелгі Үндістандағы психологиялық ойларының ерекшеліктері.

**Әдебиеттер:** 3,4,5

**Тақырып 3 Антикалық психология**
**Мақсат:** тақырып бойынша мәліметтерді меңнеру.

1. Антикалық қоғамдағы психикалық табиғатына көзқарастар.
2. Ежелгі Римдегі жан туралы ілім.
3. Антикалық дәрігерлердің психологияның дамуына қосқан үлестері.
4. Антикалық қоғамда психологияның қайран көздері.
5. Психологиялық ойының дамуына антикалық ойшылардың қосқан үлестері.

**Әдебиеттер:** 2,3,5

**Тақырып 4 Шығыс елдерде психологиялық ойлардын пайда болуы**

**Мақсат:** тақырып бойынша мәліметтерді меңнеру.

1. Араб тілдік ойшылардың адам ағзасының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне көзқарастар (9-13 в.в.).
2. Ибн Сина және медициналық психология
3. Психикалық функциялардың физиологиялық механизмдері

**Әдебиеттер:** 2,3,5

**Тақырып 5 Орта ғасырлар дәуірдегі психологиялық көзқарастар**

**Мақсат:** тақырып бойынша мәліметтерді меңнеру.

1. Фома Аквинскийдің ақыл және сана туралы ұғымдары
2. Д. Скоттың дүние және сана туралы көзқарастары
3. Ф. Бэконның психологиясы және жан туралы ілімнің төңірегіндегі психология дамуының  кезенінің аяқталуы

**Әдебиеттер:** 6,5,3.

**Тақырып 6 Өркендеу кезеніндегі психологияның мәселелері.**

**Мақсат:** тақырып бойынша мәліметтерді меңнеру.

1. Адамға деген қызығушлықтын тууы
2. Италияда өркендеу идеяларының шығуы
3. Испанияда адам жаны және психикасы туралы ілімдердің пайда болуы

**Әдебиеттер:** 6,5,3.

**Тақырып 7 Сана туралы философиялық ілімдерінің шеңберінде психологияның дамуы.**

**Мақсат:** тақырып бойынша мәліметтерді меңнеру.

1. Сана туралы ілім (Р. Декарт, Дж. Локк, Б. Спиноза).
2. Ассоциативтік психологияның қалыптасуы (Д. Юм, Д. Гартли, Дж. Беркли).
3. 18 ғ. француздық психологияның эмпирикалық бағыты  (Ж. Ламетри, К. Гельвеций, Д. Дидро, П. Гольбах, Ф. Вольтер, Э. Кондильяк, Ш. Монтескье, Ж.Ж. Руссо).
4. 18 ғ. Рәсейдегі психологиялық ойлары  (А.Н. Радищев, М.В. Ломоносов).
5. 18ғ. Аяғындағы 19 ғ-ң бірінші жартысында неміс классикалық философияның психологиялық ойлары (Х. Вольф, И. Кант, И. Фихте, Г. Гегель, Л. Фейербах).

**Әдебиеттер:** 3,4,5

**Тақырып 8 Ғылыми психологияның туындауы.**

**Мақсат:** тақырып бойынша мәліметтерді меңнеру.

1. Психология дербес ғылым ретінде тұңғышқы бағдарламалыр (В. Вундт, И.М. Сеченов).

2. Жүйке жүйесінің физиологиясының, сезім мүшелерінің және психофизиканың дамуы.
3. Биологиядағы эволюциялық ойларының дамуы және олардың психология үшін маңыздығы.

**Әдебиеттер:** 1,2,3

**Тақырып 9 Эксперименталдық психологияның шығуы**

**Мақсат:** тақырып бойынша мәліметтерді меңнеру.

1. Экпериментaлдық психологиясының қалыптасуы (Америка, Германия, Франция, Англия, Ресей).
2. Психологиядағы әдістемелік дағдарыстың себептері.
3. Эмпирикалық негізінің психологияға енуі
4. Психологиядағы психофизиологиялық мәселелер

**Әдебиеттер:** 6,5,3.

5. Бихевиоризмнің шығуы 20ғ. Қалыптасуы мен дамуы.
6. Гештальпсихологияның қалыптасуы мен дамуы.

7. Психоанализ және 20 ғ.оның дамуы.
8. Гуманисттік психология, когнитивтік психология.
9. Кеңес психологияның дамуы.
10. Бүгінгі замандағы психологиялық ғылым.

**Әдебиеттер:** 6,5,3.

**Тақырып 10 Дифференциалдық психологияның қалыптасуы**

**Мақсат:** тақырып бойынша мәліметтерді меңнеру.

1. Бас мидің физиологиясы мен анатомия жетістіктері
2. Ч. Дарвиннің теориясы және оның психологияның дамуына әсері
3. Ф. Гальтонның жеке айырмашлықтары туралы генетикасы
4. Психология қалыптасуындағы психиатрияның ролі

**Әдебиеттер:** 6,5,3.

**Тақырып 11 XIX ғ. аяғы – XX ғ. бас. психологияның дамуы**

**Мақсат:** тақырып бойынша мәліметтерді меңнеру.

1. Психофизиканың шығуы
2. Сезім органдарының эксперименталдық психофизиологиясы
3. Психодиагностиканың шығуы және дамуы
4. Бихевиоризмнің шығуы мен дамуы
5. Гештальпсихологияның қалыптасуы мен дамуы
6. Психоанализ және 20 ғ.оның дамуы

**Әдебиеттер:** 6,5,3.

**Тақырып 12 Кеңес уақытында психологияның дамуы**
**Мақсат:** тақырып бойынша мәліметтерді меңнеру.

1. П. Блонский және және бала дамуының психологиясы
2. И. Павловтың жоғарғы жүке қызметі туралы ұғымы
3. Л. Выготскийдің жогарғы психикалық функциялар туралы теориясы
4. Психологияның іс-әрекет принциптері

**Әдебиеттер:** 1,2,3

**Тақырып 13 XX ғ. екінші жартысында батыста психологияның дамуы**
**Мақсат:** тақырып бойынша мәліметтерді меңнеру.

1. Негізгі психологиялық бағыттардың дамуы
2. Неофрейдизм
3. Когнитивтік психология
4. Гуманистік психология
5. Генетикалық психология

**Әдебиеттер:** 1,2,3

**Тақырып 14 XX –XXI ғ. психологияның дамуы**
**Мақсат:** тақырып бойынша мәліметтерді меңнеру.

1. XX ғ. аяғ. психология дамуының негізгі бағыттары
2. Ресей психологияның дамуы
3. Элеуметтік және этникалық психологияның дамуы
4. Практикалық психологияның ролі

**Әдебиеттер:** 6,5,3.

**Тақырып 15 Қазақстандық психологиянындамуы**
**Мақсат:** тақырып бойынша мәліметтерді меңнеру.

1. Қазақстандағы этнопсихологияның дамуы.
2. Тәжірибелік психологияның дамуы.
3. Білім жүйесіндегі психология.

**Әдебиеттер:** 1,2

**Емтихан сұрақтары**

4. Психология тарихының пәні, міндеттері және әдістері.
5. Психология тарихының қайранкөздері.
6. Психология тарихының периодизациясі.
7. Психикалық құбылыстарға алғашқы қауымдық қоғамының көзқарастары.
8. Ежелгі Қытайда психологиялық ойларының ерекшеліктері.
9. Ежелгі Үндістандағы психологиялық ойларының ерекшеліктері.
10. Антикалық қоғамдағы психикалық табиғатына көзқарастар.
11. Ежелгі Римдегі жан туралы ілім.
12. Антикалық дәрігерлердің психологияның дамуына қосқан үлестері.
13. Антикалық қоғамда психологияның қайран көздері.
14. Психологиялық ойының дамуына антикалық ойшылардың қосқан үлестері.

15. Араб тілдік ойшылардың адам ағзасының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне көзқарастар (9-13 в.в.).
16. Орта ғасырларда және Өркендеу кезеніндегі психологияның мәселелері.
17. .Бэконның психологиясы және жан туралы ілімнің төңірегіндегі психология дамуының кезенінің аяқталуы.
18. Сана туралы ілім (Р. Декарт, Дж. Локк, Б. Спиноза).
19. Ассоциативтік психологияның қалыптасуы (Д. Юм, Д. Гартли, Дж. Беркли).
20. 18 ғ. француздық психологияның эмпирикалық бағыты (Ж. Ламетри, К. Гельвеций, Д. Дидро, П. Гольбах, Ф. Вольтер, Э. Кондильяк, Ш. Монтескье, Ж.Ж. Руссо).
21. 18 ғ. Рәсейдегі психологиялық ойлары (А.Н. Радищев, М.В. Ломоносов).
22. 18ғ. Аяғындағы 19 ғ-ң бірінші жартысында неміс классикалық философияның психологиялық ойлары (Х. Вольф, И. Кант, И. Фихте, Г. Гегель, Л. Фейербах).
23. Психология дербес ғылым ретінде тұңғышқы бағдарламалыр (В. Вундт, И.М. Сеченов).
24. Жүйке жүйесінің физиологиясының, сезім мүшелерінің және психофизиканың дамуы.
25. Биологиядағы эволюциялық ойларының дамуы және олардың психология үшін маңыздығы. 19ғ.
26. Аяғындағы экперименталдық психологиясының қалыптасуы (Америка, Германия, Франция, Англия, Ресей).
27. Психологиядағы әдістемелік дағдарыстың себептері.
28. Бихевиоризм: 20ғ. Қалыптасуы мен дамуы.
29. Гештальпсихологияның қалыптасуы мен дамуы.
30. Психоанализ және 20 ғ.оның дамуы.
31. Гуманисттік психология, когнитивтік психология.
32. Кеңес психологияның дамуы.
33. Бүгінгі замандағы психологиялық ғылым.
34. Қазақстандағы этнопсихологияның дамуы.
35. Тәжірибелік психологияның дамуы.
36. Білім жүйесіндегі психология.

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

**Емтихан билеті № 1**
**Экзаменационный билет № 1**

Пән психология тарихы

*Дисциплина История психологии*

**Сұрақтар:**
**Вопросы:**

1. Психология тарихының пәні, міндеттері және әдістері.
2. Психологиялық ойының дамуына антикалық ойшылдардың қосқан үлестері.

3. Жүйке жүйесінің физиологиясының, сезім мүшелерінің және психофизиканың дамуы.

Оқытушы
Преподаватель С. Айткужина

кафедра отырысында қаралды және бекітілді 18.10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова
Психология және педагогика кафедрасы

**Емтихан билеті № 2**
**Экзаменационный билет № 2**

Пән психология тарихы
Дисциплина История психологии

**Сұрақтар:**
**Вопросы:**

1. Психология тарихының қайранкұөздері.
2. Араб тілдік ойшылдардың адам ағзасының анатомиялыұқ – физиологиялық ерекшеліктеріне көзқарастар (9-13 ғ)
3. Нейронның құрылымы.

Оқытушы
Преподаватель С. Айткужина

кафедра отырысында қаралды және бекітілді 18.10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

**Емтихан билеті №3**
**Экзаменационный билет № 3**
Пән  психология тарихы
Дисциплина История психологии
**Сұрақтар:**
**Вопросы:**

1. Психология тарихыніің периодизациясы.
2. Орта ғасырларда және Өркендеу кезіндегі психологияның мәселелері.
3. 19ғ. Аяғындағы эксперименталдық психологияның қалыптасуы (Америка, Германия, Франция, Англия, Ресей).

Оқытушы
Преподаватель С. Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді   18.10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

**Емтихан билеті №4**
**Экзаменационный билет № 4**
Пән  психология тарихы
Дисциплина История психологии
**Сұрақтар:**
**Вопросы:**

1. Психикалық құбылыстарға алғашқы қауымдық қогамның көзқарастары.
2. Бэконның психологиясы және жан туралы ілімнің төңірегіндегі психология дамуының кезеңінің аяқталуы.
3. Психологиядағы әдістемелік дағдарыстың себептері.

Оқытушы
Преподаватель С. Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді   18.10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены

на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

**Емтихан билеті №5**
**Экзаменационный билет № 5**
Пән психология тарихы
Дисциплина История психологии
**Сұрақтар:**
**Вопросы:**

1. Ежелгі Қытайда психологиялық ойларының ерекшеліктері.
2. Сана туралы ілім (Р.Декарт, Дж. Лок, Б.Спиноза).
3. Бихевиоризм:қалыптасуы мен дамуы.

Оқытушы
Преподаватель С. Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді 18.10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

**Емтихан билеті № 6**
**Экзаменационный билет № 6**
Пән психология тарихы
Дисциплина История психологии
**Сұрақтар:**
**Вопросы:**

1. Ежелгіт Үндістандағы психологиялық ерекшеліктері.
2. Ассоциативтік психологияның қалыптасуы(Д.Юм, Д. Гартли, Дж.Беркли).
3. Гешталь психологиясының қалыптасуымен дамуы.

Оқытушы
Преподаватель С. Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді 18.10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой К. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

**Емтихан билеті №7**
**Экзаменационный билет № 7**
Пән психология тарихы
Дисциплина История психологии
**Сұрақтар:**
**Вопросы:**

1. Антикалық қоғамдағы психикалық табиғатына көзқарастары.
2. 18ғ. Француздық психологияның эмперикалық бағыты (Ж. Ламетри, К. Гельвеций, Д. Д.Дидро).
3. З. Фрейд және психоанализ

Оқытушы
Преподаватель С. Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді 18.10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л.Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

**Емтихан билеті № 8**
**Экзаменационный билет № 8**

Пән  психология тарихы
Дисциплина История психологии
**Сұрақтар:**
**Вопросы:**

1. Ежелгі Римдегі жан туралы ілім.
2. 18ғ.Француздық психологияның эмперикалық бағыты (П. Гольбах, Ф. Вольтер, Э. Кондильяк).
3. Гуманисттік психология (К. Роджерс, А. Маслоу).

Оқытушы
Преподаватель С. Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді 18.10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

**Емтихан билеті № 9**
**Экзаменационный билет № 9**
Пән  психология тарихы
Дисциплина История психологии
**Сұрақтар:**
**Вопросы:**

1. Антикалық дәрігерлердің психологияның дамуына қосқан үлестері.
2. 18ғ. Француздық психологияның эмперикалық бағыты (Ш. Монтескье, Ж.Ж. Руссо).
3. Когнитивтік психология.

Оқытушы
Преподаватель С.Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді 18.10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

Емтихан билеті № 10
Экзаменационный билет № 10

Пән Психология тарихы
Дисциплина История психологии
Сұрақтар:
Вопросы:

1. Антикалық қоғамда психологияның қайран көздері.
2. 18 ғ. Ресейдегі психологиялық ойлары (А. Н. Радищев, М. В. Ломоносов).
3. Кеңес психологияның дамуы.

Оқытушы
Преподаватель С. Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді 18. 10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова
Психология және педагогика кафедрасы

Емтихан билеті № 11
Экзаменационный билет № 11

Пән Психология тарихы
Дисциплина История психологии
Сұрақтар:
Вопросы:

1. Психологиялық ойының дамуына антикалық ойшылдардың қосқан үлестері.
2. 18ғ. 19ғ. бірінші жартысында неміс классикалық философияның психикалық ойлары (Х. Вольф, И. Кант, И. Фихте) .
3. Кеңес психологияның дамуы.

Оқытушы

Преподаватель С. Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді 18. 10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

Емтихан билеті №11
Экзаменационный билет № 11

Пән Психология тарихы
Дисциплина История психологии
Сұрақтар:
Вопросы:

1. Психологиялық ойының дамуына антикалық ойшылдардың қосқан үлестері
2. 18ғ. 19ғ. бірінші жартысында неміс классикалық философияның психикалық ойлары (Х. Вольф, И. Кант, И. Фихте)
3. Кеңес писхологиясының дамуы

Оқытушы
Преподаватель С. Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді 18. 10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

Емтихан билеті №12
Экзаменационный билет № 12

Пән   Психология тарихы
Дисциплина История психологии
Сұрақтар:
Вопросы:

1. Психология тарихының пәні, міндеттері мен әдістері
2. 18ғ. 19ғ. бірінші жартысында неміс классикалық философияның психикалық ойлары (Г. Гегель, Л. Фейербах)
3. Қазақстандағы психологияның дамуы.

Оқытушы
Преподаватель                                        С. Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді   18. 10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой                                        Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

Емтихан билеті №13
Экзаменационный билет № 13

Пән   Психология тарихы
Дисциплина  История психологии
Сұрақтар:
Вопросы:

1. Психология тарихының периодизациясы
2. Психология дербес ғылым ретінде қалыптасуы (В. Вундт, И. М. Сеченов)
3. Бүгінгі заманғы психологиялық ғылым

Оқытушы
Преподаватель                                        С. Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді   18. 10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой                                        Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

Емтихан билеті № 14
Экзаменационный билет № 14

Пән Психология тарихы
Дисциплина История психологии
Сұрақтар:
Вопросы:

1. Антикалық дәрігерлердің психологияның дамуына қосқан үлестері
2. Трансперсоналдық психология
3. Тәжірибелік психологияның дамуы

Оқытушы
Преподаватель С. Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді 18. 10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

Емтихан билеті №15
Экзаменационный билет № 15

Пән Психология тарихы
Дисциплина История психологии
Сұрақтар:
Вопросы:

1. Психология тарихының қайран көздері
2. Араб тілдік ойшылдардың адам ағзасының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне көзқарастар
3. Биологиядағы эволюциялық ойларының дамуы және олардың психология үшін маңыздылығы

Оқытушы

Преподаватель С. Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді 18. 10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

Емтихан билеті № 16
Экзаменационный билет № 16

Пән Психология тарихы
Дисциплина История психологии
Сұрақтар:
Вопросы:

1. Орта ғасырларда және өркендеу кезіндегі психологиялық мәселелер
2. Талдау психология. К. Юнг.
3. Білім беру жүйесіндегі психология

Оқытушы
Преподаватель С.Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді 18. 10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

**Емтихан билеті № 17**

**Экзаменационный билет № 17**
Пән психология тарихы
Дисциплина История психологии
**Сұрақтар:**
**Вопросы:**

1. Психология тарихының периодизациясы.
2. Орта ғасырларда және Өркендеу кезіндегі психологияның мәселелері.
3. 19ғ. Аяғындағы эмперикалық психологиясының қалыптасуы (Америка, Германия, Франция, Англия, Ресей).

Оқытушы
Преподаватель С. Айткужинова
кафедра отырысында қаралды және бекітілді 18.10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л. Урдабаева

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Психология және педагогика кафедрасы

**Емтихан билеті № 18**
**Экзаменационный билет № 18**
Пән психология тарихы
Дисциплина История психологии
**Сұрақтар:**
**Вопросы:**

1. Шығыс философия және оның психологияға әсері.
2. Отбасылық психологияның тарихы.
3. Практикалық психологияның бағыттары.

Оқытушы
Преподаватель С. Айткужинова

кафедра отырысында қаралды және бекітілді 18.10. 2012ж., хаттама № 10
Рассмотрены и утверждены
на заседании кафедры психологии и педагогики
Кафедра меңгерушісі
Зав. кафедрой Л. Урдабаева

**Шектік бақылау**

**1-ші шектік бақылау**

1. Психология тарихының пәні, міндеттері және әдістері.
2. Психология тарихының қайранкөздері.
3. Психология тарихының периодизациясі.
4. Психикалық құбылыстарға алғашқы қауымдық қоғамының көзқарастары.
5. Ежелгі Қытайда психологиялық ойларының ерекшеліктері.
6. Ежелгі Үндістандағы психологиялық ойларының ерекшеліктері.
7. Антикалық қоғамдағы психикалық табиғатына көзқарастар.
8. Ежелгі Римдегі жан туралы ілім.
9. Антикалық дәрігерлердің психологияның дамуына қосқан үлестері.
10. Антикалық қоғамда психологияның қайран көздері.
11. Психологиялық ойының дамуына антикалық ойшылардың қосқан үлестері.
12. Араб тілдік ойшылардың адам ағзасының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне көзқарастар (9-13 в.в.).
13. Орта ғасырларда және Өркендеу кезеніндегі психологияның мәселелері.
14. .Бэконның психологиясы және жан туралы ілімнің төңірегіндегі психология дамуының кезенінің аяқталуы.
15. Сана туралы ілім (Р. Декарт, Дж. Локк, Б. Спиноза).

**2-ші шектік бақылау**

16. Ассоциативтік психологияның қалыптасуы (Д. Юм, Д. Гартли, Дж. Беркли).
17. 18 ғ. француздық психологияның эмпирикалық бағыты (Ж. Ламетри, К. Гельвеций, Д. Дидро, П. Гольбах, Ф. Вольтер, Э. Кондильяк, Ш. Монтескье, Ж.Ж. Руссо).
18. 18 ғ. Рәсейдегі психологиялық ойлары (А.Н. Радищев, М.В. Ломоносов).
19. 18ғ. Аяғындағы 19 ғ-ң бірінші жартысында неміс классикалық философияның психологиялық ойлары (Х. Вольф, И. Кант, И. Фихте, Г. Гегель, Л. Фейербах).
20. Психология дербес ғылым ретінде тұңғышқы бағдарламалыр (В. Вундт, И.М. Сеченов).
21. Жүйке жүйесінің физиологиясының, сезім мүшелерінің және психофизиканың дамуы.
22. Биологиядағы эволюциялық ойларының дамуы және олардың психология үшін маңыздығы. 19ғ.
23. Аяғындағы экперименталдық психологиясының қалыптасуы (Америка, Германия, Франция, Англия, Ресей).
24. Психологиядағы әдістемелік дағдарыстың себептері.
25. Бихевиоризм: 20ғ. Қалыптасуы мен дамуы.
26. Гештальпсихологияның қалыптасуы мен дамуы.
27. Психоанализ және 20 ғ.оның дамуы.
28. Гуманисттік психология, когнитивтік психология.
29. Кеңес психологияның дамуы.
30. Бүгінгі замандағы психологиялық ғылым.
31. Қазақстандағы этнопсихологияның дамуы.
32. Тәжірибелік психологияның дамуы.
33. Білім жүйесіндегі психология.